

Доктырхан ГҮРЛЫБЕК

# Бекет Ата ЖОЛЫМЕН



«Нұрлы әлем» баспасы.  
Алматы. 2010 ж.

**УДК 821.514.101**

**ББК 88 (Қаз 7)**

**Т 77**

**Т 77 ТҰРЛЫБЕК Д.**  
**БЕКЕТ АТА ЖОЛЫМЕН.** – Алматы: “Нұрлы  
Әлем”, 2010. – 160 б. + 24 б. жапсырма.

**ISBN 9965-814-21-7**

Доқтырхан Тұрлыбектің есімі көпшілікке жазушы және кинодокументалист ретінде жақсы таныс. Қаламгер осыдан біраз жыл бұрын жарық көрген «Бекет Ата жолымен» атты кітабын толықтырып жазып, оқырман қауымға қайта ұсынып отыр.

Жаңа жинақ үш бөлімнен тұрады. Бірінші бөлімге автордың Пір Бекет туралы мақалалары топтастырылып, көптеген тарихи-танымдық деректер береді. Кітаптың екінші бөлімі «Аңыз желісімен жазылған жеті әңгіме» деп аталады. Қаламгер Бекет Атаның өмірінің жеті сәтін алып, Пірдің сан қилы қасиеттері мен асқан әулиелік құдіретін аша түседі.

Жинаққа енген «Әңгіме арқауы – Бекет Ата» бөлімінде Пірдің өміріне байланысты қызғылықты тағдырлар әңгімеге кеңінен өзек болады.

Деректі туынды қалың оқырманға арналған. Кітап Бекет Атаның 260 жылдығына арналып шығарылып отыр.

*Осы кітаптың жарық көруіне демеушілік жасаған – Атырау облысында құрылған “Киелі ата – Пір Бекет” қайырымдылық қоры.*

**УДК 821.514.101**

**ББК 88 (Қаз 7)**

**ISBN 9965-814-21-7**

© Тұрлыбек Д., 2010

# ӘУЛИЕЛЕР АЯЛАҒАН ЕЛ

## Бірінші бөлім

Батысында — Каспий, шығысында — Арал, терістігі — Жем, ал солтүстігінде — Қарабұлақ жатқан аты аңызға айналған бір қасиетті жер бар. Ол — сандаған ғасырлардың куәсі мен шежіресі болған, қазақтың қилы-қилы тарихынан алуан-алуан сыр шерткен, елі мен жұртын 362 әулие аялаған, мол байлығы мен қазынасы халық ырысы мен берекесіне, ризығына айналған Маңғыстау!

Маңғыстауды ұйқыдан оянған аруға теңеп:

Төңірегін тұнып тұрған түгел керемет!

Төңірегін түгел тұнып тұрған хикая!

Төңірегін тола ғажап дастан! — деп көрнекті мемлекет қайраткері, заңғар жазушы Әбіш Кекілбаев мақтан ететін киелі жер осы!

Тәуелсіздігін алған Қазақстанның дәулетті де, сәулетті іргелі ел болуына үлкен үлес қосып жатқан Маңғыстаудың байлығы туралы аз айтылып, аз көрсетіліп жүрген жоқ. Бүгін сан мыңдаған жылдық тарихы бар рухани байлықты қастерлеудегі игі істерді әңгіме еткенді жөн көріп отырмыз.

Маңғыстауда сонау көне заманнан бері сақталып келе жатқан скульптура, архитектура өнерлерінің туындылары болып табылатын зират ескерткіштері көптеп табылады. Егер, біз оған тек зират ескерткіштері деп қарасак, үлкен қателік жіберген болар едік. Егер зер салып қарасак, айтулы дүниелер бабаларымыздың рухани дүниесін, философиялық-эстетикалық көзқарастарын түсінуге көмектеседі. Сөз орайы келгенде айта кететін бір жай — Маңғыстау ескерткіштеріне архитектура ғана емес, этнографиялық, тарихи тұрғыдағы сипатта қарағанымыз жөн. Бұл ескерткіштердің Балқан түбіндегі ескерткіштерден гөрі бұрынырақ пайда болғандығын, сан жағынан көп, архитектуралық, этнографиялық әр алуандығы жағынан аса бай екендігін бүгінде ғалымдар нақтырақ дәлелдеп отыр. Яғни, бұл аймақта болған демографиялық-әлеуметтік, саяси-экономикалық өзгерістерден барынша мол, тұжырымды хабар береді.

Маңғыстауға ат басын бұрып келген ағайындар қолдан келсе, Бекет Атаның күмбезіне міндетті түрде соғып, тағзым етеді. Ақтау қаласы мен Оғланды тауындағы Бекет Ата ғимаратының екі арасы 300 шақырымдай жер. Ол үшін Жетібайды, Жаңа-Өзенді басып өтуің керек. Жаңа-Өзенге дейінгі жолға асфальт төселген де, ары қарай баратан 150 шақырым жол шөлейтті дала, күмды, таулы-тасты болып келеді.

Бекет Ата зиратына баратын жолаушы міндетті түрде Шопан Атаның зиратына соғады. Шамамен X ғасырда өмір сүрген Шопан Ата Маңғыстау түбегіндегі ислам дінін уағыздаушы ғана емес, өз заманының үлкен қайраткері болған адам.

Бүгінде бұрынғы зират Шопан Ата атындағы мемлекеттік қорық болып саналады. Оның

күмбірлеген күмбездері, төртқұдықты сағана тамдары, құлыптастары өзіндік мүсінділігімен, сұлу өрнектерімен, бояуларының анықтылығымен ғана емес, бүкіл біртұтас архитектуралық ансамбль ретіндегі тұтастығымен таңқалдырады.

Жартастан үнгіп жасалған ғимаратта Шопан Атаның зираты жатыр. Өткен заман адамдарының қолынан шыққан тосын құбылыстарға толы құрылыс кімді болсын қайран қалдырады. Қазіргі таңда жергілікті халықтар Әулие тұтқан адамдардың мөззелейлері бұрынырақ салынған деген болжам бар. Дегенмен, бұл әлі де болса байыпты зерттеуді қажет ететін мәселе. Шопан Атадан ертерек өмір сүрген Баян Әулиенің ғимараты көпшілік назарын өзіне ерекше аударады. Жергілікті халықтың айтуы бойынша, Баян Әулие V-VI ғасырларда өмір сүрген адам. Әулие зиратының жанынан табылған астық сақтайтын қойма, суландыру жүйесі сол заманғы отырықшылықтың іздерін аңғартады. Табылған диірмен тастары, күйдірген қыштан, қарапайым тастан өріліп жасалған құрылыс, құмыралар, шынырау құдықтар ежелгі дәуірдің өзі мен көзі болып алуан-алуан сыр шертеді.

Орыстың офицер-саяхатшысы Иванин «Орыс география қоғамы жазбаларының» екінші кітабында Маңғыстау туралы жол жазбаларын жариялап, бұл өлкенің тарихи ескерткіштеріне үлкен баға бере келіп, ерте заманда мата бояйтын кәсіпорындар, жібек құртын өсіретін тұт ағаштары мол болғандығын жазады. Шопан Ата ғимаратының алдында осы күнге дейін өсіп тұрған үлкен тұт ағашы соның айқын айғағы болса керек.

Қара теңіз бойындағы қада құлыптастар да мінежат орны болып саналған. XIX ғасырда көшпелі

қыпшақтардан қалған тас мүсіндерге украин шаруалары тәуәп етіп, басына дәм әкеліп тастайды екен. Ал, Шопан Ата мемлекеттік қорығында крест белгісі бар ежелгі зиратты көргенімізде таңқалғанымызды жасыра алмадық. Бұл негізінен, мұсылман қауымы жатқан зиратқа қалайша тап болған? Зиратта алты жұлдызды болып келетін күмбездер де кездеседі. Осыдан үш жыл бұрын Шопан Ата зиратының жанынан көне кітап табылды. Сөз жоқ, ол өткен ғасырлардан үлкен дерек беретін құнды еңбек. Бүгінде бұл кітапқа көптеген шетелдің ғалымдары үлкен назар аударып отыр.

Шопан Ата мемлекеттік қорығы — ғасырлар қойнауынан күмбір-күмбір сыр шертетін қасиетті де, киелі орын. Оны көздің қарашығындай сақтауда облыс әкімшілігі мен Маңғыстау өңірінің зиялы қауымы аз жұмыс атқарып отырған жоқ. Жергілікті халық еліміздің рухани байлығына қамқор болып жүрген қазақтың белгілі кәсіпкер-азаматтары Тимур Құлыбаев пен Нұрлан Қапаровтарға дән риза. Олардың көмегімен Шопан Ата мемлекеттік қорығына электр желісі тартылып, мешіт пен қонақ үй пайдалануға берілді.

Біз көп жағдайда ежелгі тарихымызды алыстан іздейміз. Ал, ол болса іргемізден табылып, ғасырлар қойнауынан күмбір-күмбір сыр шертеді. Ал, археолог-ғалымдарымыз болса, осы күнге дейін селкостық, бейжайлық танытып келеді. Маңғыстау ескерткіштерінің өз дәрежесінде зерттелмеуі соның айғағы болса керек.

Оғланды тауындағы Бекет Ата жерасты ғимараты — Маңғыстаудағы қасиетті орындардың бірі. Қолдағы бар деректерге сүйенсек, ол XVII ғасырдың соңы мен XVIII ғасырдың басында өмір сүрген тұлға Бекет Ата ел басына қатерлі күн туғанда қол бастаған, ақыл-

кеңесімен дем берген батыр. Ғылым-білім жолын қуып, Маңғыстау, Атырау, Үстірт аймағында шәкірттерге дәріс берген ұстаз. Болашақты болжап, айтқаны келетін абыз сондай-ақ, жер асты ғимараттарын қашап жасаған суретші-сәулетші болыпты. Зер салып қараған адам Ахмет Иассауи мен Бекет Атаның өткен ғұмырынан үлкен ұқсастық тапқан болар еді. Ол өзінен бірнеше ғасыр өмір сүрген Ахмет Иассауи сияқты ислам діні мен сопылыққа кіршіксіз таза болумен бірге әлсізге медет, күштіге айбар, зарыққанға жебеу, тарыққанға демеу, асқанға тосқан, сасқанға сая, ұрпаққа ұстаз, ұлысқа ұран болды. Міне, сондықтан да, үлкен де, кіші де оны пір тұтып, тағзым етеді. «Өлмей тұрып өлу» арқылы мәңгілік өмірге ұласқан ұлы әулиелердің рухына, зираттарына зиярат ету арқылы ол жерді «Нұр дарияларына» айналдыру суфизмнің ең негізгі принциптерінің бірі. Яғни, ондай әулиелердің мазары жан-жағына сәуле шашып, нұрландырады. Сондықтан да, Түркістандағы Ахмет Иассауидің, Маңғыстаудағы Бекет Атаның зираттары киелі, қасиетті саналады.

Осы сапардың жол бастаушысы болған полковник Жұмақожа Қартбаев әскери адам болса да, сан ғасырлардың куәсі болған Маңғыстаудың тарихы мен шежіресін кез келген тарихшыдан кем білмейтін болып шықты. Бүкіл қазақ пір тұтқан Бекет Ата туралы аңыз бен ақиқат туралы тебірене әңгімеледі.

**Әуелі Алла,**

**Сонан сон Бекет әулием!**

**Әруағыңа бас идім!**

**Сыйынарым өзің болғанда**

**Мен неге жасимын, — деп Фариза Оңғарсынова  
жырлағандай Бекет Ата құдай берген аруақтың**

аркасында көзді ашып-жұмғанша аққуға айналып, ұшып жүре береді екен. Азды-көп, жансызды-жандыға айналдырып жіберу сияқты қабілеті болған. Түс жорып, алдағы уақытта не болатындығын алдын ала болжай білген. Жазатайым бір жері шыққан, сынған науқасты Бекет Ата көрмей-ақ сыртынан емдей береді екен. Пір Бекет бастаған аз ғана жауынгерлердің өзі дұшпанға қисапсыз қолдай көрініп, жаудың үрейі мен құты қашып, осынау қасиеттерімен елін, жерін қорғай білген. Бекет Атаның тағы бір ерекше қасиеті — қолға түскен тұтқындарды ешкімге жәбірлетпей, келісім бойынша еліне қайтарып отырыпты.

Жұмақожа осы сапарымызда біз естімеген тағы бір танымдылығы мол аңызды әңгімеледі. Бекет Ата мен Жетіру — Табын Барақ әулие жастары шамалас, дос жандар екен.

— Жылдар зымырап өтіп, біраз жасқа келдім, мен қырда жүрмін, Бекет болса Маңғыстаудың бір түкпірінде. Қой, мына қу тіршілік бітпейді, көптен бері көрмеген досымды іздеп, амандасып қайтайын, — деп Барақ ұзақ сапарға шығады. Ал, сол күні Бекет те ескі үзенгілес досы Барақты ойлап, өткен күндерді еске алып, сағынады. Ол көп ойланбастан барлық шаруаны жинастырып қойып, жолға жинала бастайды. Екі жолаушы Тұрыш деген жерде қарсы жолығады. Барақ дөңнің басында, ал Бекет Ата болса ойпақтау сайда тұрады. Мұндайда аруағы басым адамға екінші жолаушы міндетті түрде бірінші болып амандасуы тиіс. Бекет Ата да, Барақ та тегін адам емес, екеуі бір-біріне сынай қарайды.

— Сен жоғары тұрсың, жол сенікі, қасиетінді көрсет, — дейді Бекет Ата Бараққа. Сол мезгілде



ылдида үш дүркін су тасып, Бекет Атаны күшті екпіні ағызып кете жаздайды.

— Енді сен қасиетінді көрсет, — дейді Барак.

Бекет Ата көкке қарайды. Барак та аспанға көз жүгіртеді. Сол сәтте ол төбесінен жеті акку ұшып бара жатқандығын көреді.

— Сенің қасиетің күшті. Барак, су перісімен байланысты екенсің, — дейді Бекет Ата.

— Ал, сенің қасиетің аспанда жеті акку болып ұшып, әруағың биік тұр, жеті ұрпағыңа дариды екен, сәлемді мен берейін, Ассалаумағалайкүм!, — депті Барак әулие. Сөйтіп, бір-бірін көптен бері көрмеген екі дос төс түйістіріп, құшақтасып, көріскен екен.

Иә, Бекет Атаның руханиятка толы ізгі жолдары мәңгі жасап, бүгінгі таңымызды, болашағымызды нұрландырып, сәулелендіріп тұрғандай. Біз Оғландыда болғанымызда Бекет Атаның жетінші ұрпағы Дәуіт Аяуұлын кездестіріп, әңгіме-дүкен құрдық.

Өз тарихына терең үніліп, аруағын ардақтап өскен халықтың бақыты мол, еңсесі биік. Оларды ата-бабалар рухы қолдап, әрдайым ырыс пен берекеге бөлейді. Ал, үш жүз алпыс екі әулие аялаған Маңғыстау жері көненің көзі, тарихтың өзі.

— Биыл казак елі өз тәуелсіздігінің он жылдығын тойлағалы отыр. Мың өліп, мың тірілген халықтың сан ғасырлар бойғы арманы орындалып, егеменді ел болып, көк байрағымыз Біріккен Ұлттар Ұйымында желбіреді. Өшкеніміз жанып, өлгеніміз тіріліп, небір ұлы тұлғалар халқымен қайта қауышты. Біз өткен тарихымызды білмесек, келешегімізге батыл қарай алмаймыз. Ал, Маңғыстау жері тұнған тарих, тұнған шежіре. Осыдан екі жыл бұрын Қазақстанның

түкпір-түкпіріне тарап кеткен Бекет Атаның ұрпақтары ұлы бабаларының 250 жылдығын атап өтті. Облыстық әкімшіліктің бастамасымен Ақтау қаласынан үш жүз шақырым қашықтықта жатқан Оғланды тауының басына үлкен мешіт салғызды. Оғландыдағы Бекет Ата мешіті күрделі жөндеуден өткізілді. Бекет Атаға тағзым етіп келіп жатқан жолаушыларға тегін қызмет ететін үлкен қонақ үй есігін айқара ашты. Дәл осы күні Маңғыстаудағы бүкіл әулие атаулының әруағы бір аунап түскендей болды. Облыста кездесетін көне ескерткіштер бір қазақ халқы ғана емес, бүкіл түркі тілдес халықтардың ортақ байлығы, ортақ қазынасы. Олай болса, сол рухани байлыққа қамқор болу, оны қорғау, оны бүкіл әлемге таныту біздің ең басты міндетіміз. Өйткені, Шакпак Ата, Шопан Ата, Масат Ата, Қараман Ата, Бекет Ата кесенелері — қай дәуірлерде жасалса да үлкен шеберліктің, зор мәдениеттің, биік талғамның куәлары. Осы орайда көптеген жұмыстар атқарылды, әлі де атқарыла бермек. Алдағы уақытта Маңғыстаудағы көптеген көне ескерткіштерді қалпына келтіру үшін үлкен жұмыстар қолға алынбақ. Бекет Атаның зиратына баратын тас жол салу ісін жоспарлап отырмыз. Халық «Өлі разы болмай, тірі байымайды» деп тегін айтпаған. Дүниеден өткен небір ғұламаларға бас ие отырып, тарихымызды біліп, рухани байлығымызды игеріп жатсақ нұр үстіне нұр емес пе?!, — дейді өз әңгімесінде Маңғыстау облысының әкімі Ләззат Қиынов.

«Жақсы сөз — жарым ырыс» демекші, әкімнің жүрек жарды сөздерін ести отырып, оның халқына жақын екендігін, туған жерінің тарихын терең біліп, ата-бабалар аруағын сыйлап өскен азамат екендігін

аңғардык. Ләззаттың бойындағы бұл қасиеттер азаматтығы мен парасаттылығын кеңінен аша түскендей.

Ал, Маңғыстау жерінде Ләззат сияқты іскерлік пен ізгіліктің қос тізгінін қатар ұстап жүрген азаматтар көп. Біз соған қуандық. Мұндай елдің бақыты мен ырысы таусылмайды, бірлігі мен татулығы, ауыз бірлігі мәңгі жасайды.

Өйткені, оларды 362 әулие аялап, қорғап, жебеп жүр.

**2002 ж.**

## **БЕКЕТ АТА ЖОЛЫМЕН**

Ортаазиялық мұсылман қауымында «Мединеде — Мұхаммед, Түркістанда — Қожа Ахмет, Маңғыстауда — Пір Бекет» деген қасиетті сөз бар. Бекет Ата жұмыр басты пенде болып жаратылып, Пір дәрежесіне жеткен тарихи тұлға. Өз ортасынан биікке самғап, қалың жұртшылық сыйынатын кие иесіне айналуы үшін қаншалықты кәдір-қасиет, ақыл мен айбар, зерделік пен парасат керек десенізші! Небір айбынды жандардың Бекет аты аталғанда жалы жығылып, жуасып сала береді. Қалың ел қуанса да, қорықса да әуелі Аллаға, содан соң Бекет Атаға сиынған.

Арада үш жүз жылға жуық уақыт өтсе де, Алтайдан Атырауға дейін созылып жатқан қазақ елінің халқы есімін неге ұмытпай қастерлейді?! Осындайда Бекет Атаның күдіреттілігі неде деген сауал туындайды.

Бекет Атаның өмір деректеріне үнілетін болсақ,

көптеген құнды құжаттарды кездестіруге болады. 1820-1821 жылы Үстіртте болған ғалым Эверсман Бекеттің елдегі көші-қонына қарап, төрт жерден таудан қашап, төрт мешіт салдырған, оны араб, парсы, татар жазуларымен безендірген оқымысты адам екенін айтады. 1853 жылы саяхат жасаған топограф Алексеев:

«...оны көрген ел «сақтаушы күдірет күші бар» деп сенген, нағыз әулиенің өзі деп түсінген, сол себепті де бұл ғажайып адамға байланысты талай аңыздар айтылып, кереметтер тағыла берген. Ол бұдан қырық жыл бұрын — 1813 жылы дүние салған, — деп жазады. Бұдан он төрт жыл кейін, 1867 жылы Үстіртті аралаған шығыстанушы Дюгамель де Бекет салдырған Жемдегі Ақмешітті көргенін, оның Оғландыдағы мешітінде жерленгенін мәлімдеді. Осы ғасырдың елуінші жылдары, аталмыш орындар кейінгі жөндеу-өңдеуге ұшырамай, өз қалпында тұрғанда көрген сәулет тарихшысы Мендікұлов та Бекетті 1813 жылдар шамасында қайтыс болған деп мөлшерлейді. Қазіргі зерттеушілердің көпшілігі осы деректерге және ел арасындағы «ол пайғамбар жасына жетіп дүние салды» — деген әңгімеге сүйеніп, Бекет 1750 жылы туып, 1813 жылы қайтыс болған деп есептейді. Белгілі ғалым Қабибола Сыдықов құрастырып шығарған кітап та жоғарыда келтірілген деректі дәлелдей түседі.

Оғыландыдағы мешітте Бекет Ата жатқан құжыраға орнатылған тақтайшаға 1650-1773 ж.ж. деген сан белгісі жазылған. Аталған деректерді немен түсіндіруге болады? Бұл жөнінде Бекет Ата туралы құнды зерттеулер жазған көрнекті мемлекет қайраткері, жазушы Әбіш Кекілбаев былай деп жазады:

«Иә, бұл тақтайша кейінгі кезеңде қойылған.

Оның қандай дерекке сүйенгендігі айтылмаған. Шамасы тарихшылардың өткен оқиғалардың мерзімін одан бері өмір сүрген әр ұрпаққа 25-30 жыл беріп, мөлшерлейтін дағдысының орнына, 35-40 жылдан беріп есептегендіктен орын алса керек. Егер Бекет 1650 жылы дүниеге келген болса, Еділ, Жайық, Жем, Маңғыстауды торғауыл қалмақтар иемденіп, Орманбет тұсында жайлаған алшын-ноғайлардың бір бөлігі Қап тауына, бір бөлігі Орал тауына, бір бөлігі Сыр бойындағы қазақ хандығына барып қосылып, бытырап кеткен заманына тап келер еді. Ондай аласапыран заман әулие баба жайындағы аңыздардың өз көрінісін табар еді. Ал, біз білетін Бекет жайлы аңыздардағы оқиғалар ноғайлының ыдырап, қазақ хандығының орнығу тұсынан гөрі, одан берідегі жоңғар шапқыншылығына ұшыраған тайпалардың Сыр, Қаратауды тастап, байырғы этникалық қоныстарына қайтып оралуға мәжбүр болған кезеңіне келіңкірейді. Әулиенің замандастары ретінде сөз болатын тама Есет, табын Барак, адай Өмір батырлар, кей деректердегі Әбілқайыр, Бопайлар XVII ғасырдың емес, XVIII ғасырдың тарихи тұлғалары екендігі белгілі. Мәселен, Сырым Датов бастаған ұлт-азаттық қозғалысының белгілі басшыларының бірі — Атакозы батыр досы Бекетке келіп, медет сұрап жүретіні әңгіме болады. Яғни, Бекет солармен тұстас болып, олардың қозғалысын қолдаған болып шығады. Оның үстіне, жергілікті өлке зерттеушісі Әбілқайыр Спанов дұрыс көрсеткендей, 1856 жылғы Хиуа шапқыншылығына тойтарыс берген қазақ жасағының ту көтеруші пірі Бекеттің өзі емес, бел немересі Асар сұпы болғаны мәлім. Ендеше, Бекет XVII ғасырда туып, XVIII

ғасырда дүние салды деген тұжырым қисынға келінкірейді.

Бекет Атаның арғы бабасы Жаулы ержүрек батыр болыпты. Одан тараған Ескелді тұқымы асқан дәулетімен, Қасқұлақ тұқымы таңғаларлық аруақтарымен аттары шығыпты. Бекет сол Қасқұлақтың шөбересі. Бекеттің әкесі Мырзағұл да елінің елеулісі, халқының қалаулысы болған жан. Ал, Бекеттің анасы Жәния — атақты Назар қожаның қызы болған деген дерек те бар. Жем өзенінің бойындағы Ақмешітте Бекет Атаның әкесі мен шешесі жерленген. Көненің көзі, тарихтың өзі болып саналатын зираттарда небір жақсылар мен жайсандардың бейіттері жатыр. Кім біледі, Бекет Атаның арғы бабалары Жаулы мен Қасқұлақтың зираты осында жатқан болар.

Бекет Атаның тұрғызған төрт мешітінің бірі Ақмешіт Жем өзенінің жағасында бой көтеріпті. Ізгілік пен жақсылықты өмірінің ең басты мақсаты санаған пір кезінде осында жас ұрпаққа дәріс беріп, білім берген, ізгілікке тәрбиелеген. Қай заманнан бері жақсылық пен жамандықтың, ізгілік пен зұлымдықтың, тектілік пен тексіздіктің қатар жүретіні өмір ақиқаты емес пе, сонау шаш ал десе, бас алатын Кеңес дәуірінің алғашқы жылдарында қызыл белсенділер Бекет Ата тұрғызған мешітті тас-талқан етіп бұзып, жермен-жексен еткені ащы болса да рас. Қандай қиын-қыстау заман болса да халық құдіретті бабаның еліне, халқына жасаған жақсылығын ұмытқан жоқ. Ол ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып, бойларына рух күшін берді. Тәуелсіздік алған алғашқы жылдарда бұрынғы мешіттің орнынан жаңа да, еңселі имандық шаңырағы бой көтерді. Бүгінде Бекет

Атамыздың ұрпақтарының бірі — Өзбекстанның Гагарин қаласынан оралған Ислам Мырзабекұлы осы мешітте бас имам.

«Жақсының жақсылығын айт нұры тасысын» демекші, Бекет Атаның жана мешітінің бой көтеруіне бүкіл Жылой ауданының үлкені мен кішісі үлкен үлес қоса білді. Имандық орынның өз уақытында бой көтеруіне сол кездегі аудан әкімі Төкен Жұмағұлов сынды азамат нағыз іскерлік пен ізеттік танытты.

Бекет Атадай тұлғаны дүниеге алып келген Мырзағұл ата мен Жәния анаға тәуәп ету үшін адамдар Қазақстанның түкпір-түкпірінен үздіксіз ағылып келіп жатады. Белгілі сазгер-әнші Гүлмайдан Сүндетқызын да осы қасиетті жерден жолықтырдық. Ол кәрі нағашысы болып келетін Бекет Атаны сонау алыстағы Алматыдан арнайы іздеп келіпті.

Бір ғажабы, Бекет Ата салдырған төрт мешіттің орналасу тәртібі ұлы бабаның геосаяси көрегендігінен хабар бергендей. Ол өліспей беріспейтіндей төрт стратегиялық нүктеге жұрт жаппай бас иетін төрт тауапхана салдырған. Төртеуін де ескі тарихнамалық деректерге қарағанда, қазіргі қазақ этносын құрайтын баяғы сақ, сармат, массагет, ғұн, кешегі қанлы, қыпшақ, оғыз замандарынан қалған ежелгі тайпалардың байырғы қоныстарының шешуші шептері болған тарихи жерлерге жайғастырған. Соған байланысты артағы ұрпағына: «Аруағым риза болсын десендер, құтханаларыма жау тұяғын жолатпандар!» — деп өсиет қалдырған. Онысы: «Мен бардағы Алла бұйыртқан атамекеннен айрылып қалмандар!» — дегені секілді. Ол мешіттерінің бәрін де ежелгі керуен жолдарының ең түйінді бунақтарына, біреуін өзен жағасына, біреуін жол айырығына, екеуін ел шебіне

салдырған. Мұнысы — бұдан былай өзін иемденіп отырған ата қонысты ойдағыдай ұқсатып игере алса ғана ие бола алатынынды меңзегені сияқты. Жаугершілікті қойып, малшылықпен қанағаттанбай, сауда жасап, егін егіп, тас қашап, баспана тұрғызып, отырықшылыққа бейімделіп, білім қууға, ерлікке емес, еңбекке құлшынуға өзі бас болып өнеге көрсеткендігі тәрізді. Замандастары Барақ пен Өмір батырларға: «Біреуіңнің қасиетің өзінмен бірге өтеді, біреуіңнің қасиетің үш ұрпағыңмен кетеді, ал менің қасиетім жеті ұрпағыма жетеді», — деуінде де үлкен мән бар сынайлы. «Жаугершілік жауластықты көбейтпесе, азайтпайды. Ал, өшпенділік не өзіннің көзінді жояды, не тұқым-тұқияныңның көзін құртады. Тек ешкімге қиянаты тимейтін еңбек пен білім ғана өзіннің де, ұрпағыңның да мандайын ашып, көсегесін көгертеді», — дегені болса керек.

Маңғыстау облысының орталығы Ақтау қаласы мен ең шалғай Бейнеу ауданының аралығы 500 шақырым қашықтықты алып жатыр. Үлкен ізгіліктің ізін қалдырған Бекет Ата бұл өңірге қайта оралса мүлдем танымаған болар еді. Қазіргі таңда бұл қасиетті мекенде бір кездерде өзі армандағандай ынтымағы жарасқан, елді, жерді сүйетін, еңбекті жоғары бағалайтын, ізгілік пен жақсылықты дәріптейтін ұрпақтары өмір сүреді. Жоғарыда әңгіме еткен төрт мешіттің бірі — осы қасиетті Бейнеу жерінде.

Бекет Атадан қалған асыл мұраны жергілікті халық бағалайды, қасиет тұтады. Суфизимді ұстанғандардың ғимрат ететін орны Зәбия деп аталған. Зәбияның мешіттен бір ерекшелігі онда сол өңірдің халық сүйіспеншілігіне бөленген, құрметіне бөленген



адамдар жерленіп отырған. Қазіргі таңда Орталық Азия ғана емес, бүкіл дүние жүзінде осындай қасиетті орындар саусақпен санарлықтай. Небір зәулім-зәулім мешіттер салуға болады, ал Зәбияны енді ешқашанда сала алмаймыз. Ол сондықтан да баға жетпес асыл мұра болып қала бермек. Мұны аудан халқы да, аудан басшылары да жақсы түсінеді. Сондықтан да олар Бекет Атадан қалған мешітті көздерінің қарашығындай сақтап, үлкен қамқорлық жасауда. Осы игі істерге Бекет Атаның алтыншы ұрпағы, Бейнеу мешітінің шырақшысы Қалыбегі Ташаев әрқашанда дән риза.

Қолдағы бар деректерге терең үңілетін болсақ, Бекет Атаның сопылықты, ғылыми тілмен айтқанда, суфизмді дамытқанын айқын аңғарамыз. Көне деректер Қожа Ахмет Иассауидің де осы бағытты ұстанғанын айғақтайды. Басшы Айжанақұлы Әзірханов осы өңірде туып, ержетіп, ат жалынан ұстаған азамат. Ол Бейнеу ауданында он жылдан астам әкім болып еңбек етіп, елдің, жердің гүлденуіне үлкен үлес қосып келеді. Ел басқарған әкімнің тұлабойы толып тұрған шежіре, ол тарихтың, әдебиеттің үлкен жанашыры.

Ислам білімінің, оның ішінде суфизм ғылымының үлкен білгірі.

— Ислам діні ішінде суфизм деген ағым бар. Суфизм адамзатты әрдайым жақсылыққа, адалдыққа, ақиқатқа, ізгілік пен парасаттылыққа, білім мен еңбекке шақырған. Пір Бекет суфизмнің аса көрнекті өкілі. Сан ғасырлардың куәсі болған қазақ жерінде үш-ақ пір болыпты. Оның біріншісі — Қожа Ахмет Иассауи, екіншісі — Тәуке хан заманында өмір сүрген Сыр бойындағы Мүсірәлі пір, ал үшіншісі — пір Бекет

Ата. Сопылық дәрежесі жеті сатыдан тұрса оның ең мәртебелі дәрежесі — Гаус деп аталған. Сол Гаус дәрежесіне Ахмет Иассауи мен пір Бекет Ата ие болыпты.

Аңыздарда Бекет пірдің аққу болып ұшатындығы, астындағы тұлпармен самғай жөнелетіндігі айтылады. Бұл аңыздардың негізі бар. Бұл ғылыми тілмен айтқанда таңғажайып сайыстардың иесі болып саналады. Таңғажайып сайыстар сонау төртінші ғасырда Иран жерінде бастау алған. Адамды хайуанға, хайуанды адамға айландырып жіберетін ғажайыптар болғандығын, көнеден келе жатқан деректер растап отыр. Адамзат бойында сирек кездесетін осындай тылсым күш қасиет пір Бекет Атада да болған. Ол оны ізгілікке, парасаттылыққа елін дұшпандардан қорғауға пайдалана білген, — дейді Басшы Өзірханов толғана әңгімелеп.

Қазақтардың Маңғыстауға қайта оралуына байланысты Бекет Ата талай рет «таңғажайып сайысқа» түсуге мәжбүр болыпты. Қожаназар байдың Қошан деген кенже ұлы антқа ұсталатын атакты сайыста Бекет тәңірге жалбарынып: «Уа, Құдайым, біз айыпты десен — бізді ат, қара айыпты десен — қара атты ат!» — дегенде, қара ат антқа керілген ала арқаннан аттай бере құлапты да, Қошанның астындағы ерінің алдыңғы қасына шаншылған біз анадай жерге ұшып кетіпті. Аттан құлаған сәби Қошан бір аунап барып, түрегеліпті. Бұған көнбей дау салған түркімендер: «Басына келіп ант ұстасып тұрған Қараман әулие қазақтарға жақтасып кетті. Көне Үргеніштегі Шикабір әулиеге барып, қайта анттасамыз!» — деп кікулапты. Бекет: «Айтқандарың болсын, ертең таң намазда сонда кездесейік», — деп Қошанды алдына алып, қара сәйгүлікпен ұша

жөнелгенде, дауласқандар: «Бүйтіп құдіретін көрер көзге асырып тұрған жұртпен тайталасып болмас!» — деп, мәмлеге келіпті. Жауласып жүрген екі ел солай татуласыпты. Бекет Ата көз түрткі көрсеткісі келгендермен талай жерде «таңғажайып сайысқа» түсіп, өз жұртын зорлық-зомбылық, шапқыншылықтан сақтап қалыпты. Бойындағы айырықша қасиетті тек күнкөріс айырып, мал табуға жұмсайтындар, әрине, бақсы-құшынаштықтан әрі аса алмайды. Ал ондайлардың көптің басын айналдырып, көзін байлауға, нақты айтқанда көзбояушы сиқыршылыққа ұрынары аян. Тек өзін кемелденген үстіне кемелдендіріп, адалдық пен әділеттің ала жібін аттамай, халықты жақсылыққа бастай алғандар ғана пір атына лайық...

Міне, Бекет Атаның құдіреттілігі осында. Ол суфизмді ізгілік үшін дамытқан Шопан Ата, Темір Ата, Баян Ата және Ахмет Иассауидің ұстанымына адал әрі әділ болды.

Біздің ендігі бағытымыз, сан ғасырдың айқын куәсі, рухани ізденістеріміздің түп бастау көзі болып табылатын Маңғыстау өлкесінің орталығы — Ақтау қаласы. Теңіз түбінде жатқан бұл қасиетті мекен бүгінде экономикасы мен мәдениеті өркендеген қала ғана емес, өткен тарихымыздың, өркениетіміздің алтын қазығы болып қала бермек. Облыс орталығындағы жергілікті өлке тану мұражайында болғанымызда біз көптеген игілікті істердің куәсі болдық. Мұражайда Бекет Атаға арналып, арнайы бөлім ашылыпты. Онда небір құнды құжаттар мен пір Бекетке байланысты жәдігерлік дүниелер көптеп кездеседі.

— Мұражай қызметкері болғандықтан, мені өрқашанда Бекет Атаның жәдігерлік дүниелері қатты

қызықтырады. Қазір бізде пірдің тұрмысқа қолданған шоттары бар. Осы құнды дүниені пір Бекеттің 250 жылдық қарсаңында көнекөз қариялар әкеліп тапсырды. Ақтөбе облысында Бекет Атаның аса таяғы бар деп естиміз. Сондай-ақ Оңтүстік Қазақстан облысындағы Мақтарал ауданында тұратын пір Бекеттің ұрпақтары ұлы аталарының үйге арналған қасиетті босағасын қастерлеп ұстап келеді екен. Шіркін, осы дүниелер бізден орын тауып жатса, мұражайымызды байыта, құндандыра түсер еді. Осы жәдігерлік дүниелер Бекет Атаның асқақ рухы және тарих үшін қажет, — дейді Маңғыстау облыстық өлкетану мұражайының бөлім меңгерушісі Отыншы Көшбайұлы.

Маңғыстау жеріне келген қонақтар Қошқар Ата әулиенің зиратына міндетті түрде ат басын бұрып, тағзым жасайды. Қолдағы бар деректерге сүйенсек, Бекет Ата қасиетті зират басына талай рет арнайы бұрылып, Қошқар Атаның рухына бас иген, құран оқытқан. Мемлекеттің қарауындағы бұл зират шын мәнінде ашық мұражайға айналған. Көненің көзі болған құлыптастар өткен ғасырдан күмбір-күмбір сыр шертеді.

Облыс орталығы — Ақтау қаласында Бекет Ата есіміндегі еңселі сәулетті мешіт бой көтерген. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың өзі мұрындық болып салдырған бұл имандылық шаңырағы көздің қуанышына айналды. Бүкіл елдің, халықтың пір Бекетке деген риясыз көңілі, үлкен құрметі бұл!

Түркі туысқан халықтардың бас иіп, тағзым ететін қасиетті орны Ақтау мен Оғландының арасы үш жүз шақырымдай болып қалады. Жолдың көбісі таулы, тасты, құмды болып келеді. Бекет Атаның

басына жиналған жолаушы Шопан Атаның зиратына көлік басын бұрып, тәуәп етеді. Көне көзді қариялардың айтуы бойынша, Шопан Ата оныншы ғасырларға дейін өмір сүрген белгілі әулиелердің бірі болған. Суфизмді ұстанған Шопан Ата атақты Темір Ата әулиемен замандас болыпты. Бірде Темір Ата Шопан Атаның құдіретін сынамақ болып, арнайы келеді.

— Шопан Ата, — дейді Темір әулие — сіздің кереметтеріңіз ғажайып деп естідім, көне, соны дәлелдеп беріңізші.

Шопан Ата Каспий теңізінің жағасына үй тігіп, бір қой сойып, Темір Атаны қонақ етеді. Ас ішіліп, бата берілген соң Шопан Ата дұға оқып, «Шу, жануар», — дейді. Сонда еті желінген сүйектерге жан бітіп, жаңа ғана сойылған қой қалпына келіп, маңырап қоя беріпті.

— Менің кереметтеріме көзің анық жетті ме? — дейді Шопан Ата, — енді өзінді сынап көрейін. Сол сәтте Темір Ата орнынан тұрып, теңізге қарсы жүргенде қара су қақ айрылып, жол пайда болыпты.

Бізге жеткен аңыздарға қарағанда атақты екі әулие бір-бірін осылайша сынаған екен. Кейбір аңыздар мен деректерге сүйенсек, Бекет Ата Шопан Атаны пір санаған. Бірде зиратының басына түнеп, тағзым жасағанда Шопан Ата Бекетке: «Өлі адам тірі адамға пір бола алмайды. Сенің пірің Хиуадағы Пақыржан болып табылады. Өз пірінді тап, Бекет! Ал мен саған разымын!» — деп аян беріпті.

Ал, Бекет Атаның жас кезінде Өзбекстандағы Хиуа қаласындағы Пақыржанды пір тұтқаны, одан дәріс алғаны, ең үздік шәкірттерінің бірі болғандығы

ақиқат. Пақыржан пірдің ұрпағы бүгінге дейін Пір Бекеттің ұрпағымен араласып тұрады.

«Жол мұраты — жету» демекші, атакты Оғландыға да жеттік. Маңғыстау ескерткіштерінің ерекшелігі — көз арбайтын сұлулығында емес, тарихи тұрғыдан тылсым тереңдігі мен өміршеңдігінде, рухани тұрғыдан дүния өлшемдерден биіктігі мен тұнықтығында, жаратылысы жөнінен табиғатпен етене жақын үндестігінде. Оғландыдағы Бекет Атаның мешіті әлемдегі құнды тарихи мұралардың бірі. Осы таңғажайып көріністерге карап тұрып, халық аузындағы мына бір аңыз есіне еріксіз түседі.

Қарт ұстаз Пақыржан қажының қасиетті аса таяғы бар екен. Өзі қартайған соң оған ие болуға шәкірттерінің қайсысы лайықты дегенді ойлап, мынадай тоқтамға келіпті. «Мына аса таяқты мешіттің төбесіндегі тесіктен аспанға лақтырам, соны кім бұрын тауып алса, аса таяқ соныкі болады», — дейді ол. Ұстаз таяқты лақтырып жіберіп, басқа шәкірттер таласатармаса есікке ұмтылғанда, Бекет орнынан қозғалмай, отыра беріпті. Мұның жөнін сұраған ұстазына Бекет: «Сіздің рұқсатыңызды күтіп отырмын. Асыққанмен, жақын жерден таяқ таптыра қоймас. Алла жолымды оңғаруы үшін өзіңізден бата сұраймын» — дейді.

Көп ұзамай Бекет алыс сапарға шығады. Арып-аршып Оғландыға да табан тіреп, жан-жағына қарағанда жартасқа шаншылып тұрған аса таяқты көреді.

Бекет Атаға тәуәп етуге Қазақстаннан ғана емес, дүниежүзінің түкпір-түкпірінен адамдар келіп жатады. 1994 жылы осы қасиетті жерге Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев та келіп, Бекет Атаға тағзым жасады.

Шынырау төменде жатқан пірдің зиратына жету үшін тар тау жолымен екі шақырымдай жүріп өту қажет. Бекет Атаның мешітіне жақын жерде қасиетті бұлақ бар. Анандай жерлерде қаннен-қаперсіз арқарлар жайылып жүр. Осы көріністердің бәрі тұла бойына ерекше бір рух береді, жаныңа қанат бітіреді. Қасиетті жерде тұрып, Бекет Атаның, пір Бекеттің құдіреттілігін ерекше сезінесің. Халқымызда «Өлі риза болмай, тірі байымайды» деген қасиетті сөз бар. Осыдан біраз жыл бұрын, нақты айтқанда 2000 жылы бүкіл қазақ халқы ұлысқа ұран, ұлтына мақтаныш болған, қайталанбас қасиет иесі — пір Бекет Атаның 250 жылдығын атап өтті. Қазақстанда, Өзбекстанда, Түркіменстанда, Ресейде тұратын пірдің ұрпақтары Бекет Атаның асында бас қосты, ұлы аталарына бас иіп, тағзым етті. Алыс, жақын жерлерден келіп жатқан ақ ниетті жандардың саны шексіз еді. Олар мұнда шын ниетпен, ақ көңілмен келіп жатты. Жолдың алыстығына, күннің ыстығына караған жоқ, ағылып Бекет Атаның зиратына тәуәп етті. Ас соңғы ұланғайыр тойға айналды. Міне, осының бәрі Бекет Атаға деген үлкен сүйіспеншіліктің, шынайы құрметтің бір белгісі болса керек. Бекет Атаның 250 жылдығына орай Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев арнайы құттықтау жолдап, шапағат нұрын шашып өткен шамшырақтардың қатарына ұлыс ұраны — Бекет Атаны да жатқызды.

«Әкім бол, халқыңа жақын бол» демекші, жоғарыда аталған игі істердің өркендеуіне Маңғыстау облысының әкімі Қырымбек Көшербаев мұрындық болуда.

— Кең байтақ қазақ жерінде 22 мыңнан астам тарихи құндылық маңызға ие ескерткіштер бар екен.

Солардың 8 мыңнан астамы киелі Маңғыстау жерінде жатыр. Өткен жылы елімізде мәдени мұра бағдарламасы жасалып, тарихи ескерткіштердің құндылықтарын қалпына келтіруде елеулі жұмыстар қолға алынууда. Жоғарғыда атап өткендей облыста асыл мұралар көп. Солардың ішінде Оғландыдағы Бекет Ата мешітінің алатын орны орасан зор. Бұл бір Қазақстан ғана емес, бүкіл түркі тілдес халықтардың ортақ асыл қазынасы. Оны сақтау, қастерлеу біздің басты мақсатымыз. Мешітті қалпына келтіруге 41 миллион теңгеден астам қаржы бөлінді. Сондай-ақ Оғландыда үлкен мешіт, Бекет Атаға келіп жатқан ізгі тілекті жандарға арналып қонақ үй салынды, сонымен қатар, мешіттің басына электр қуатын беретін желі іске қосылды, — дейді облыс әкімі игі істерді әңгімеге арқау етіп.

Бекет Атаның данышпандылығы мен әулиелілігін нағыз пірге ылайық құдіреттілігін асыл қасиетін танытуда көрнекті жазушы және қоғам қайраткері Әбіш Кекілбаев елеулі жұмыстар атқаруда.

— Адамзаттың руханияттық құрамды бөліктері болып табылатын ұлы құбылыстарды бір-бірімен атыстырып-шабыстыратын сорақылықтың адамға да, қоғамға да құт емес, жұт әкелетіндігіне бүгін көзіміз әбден жеткендей. Бүгінде сол кесапатты имансыздық күйрей жеңіліп, имандылыққа қызмет еткен ғазиз тұлғалар тарихи тұғырларына қайтадан орныға бастады. Басқасын былай қойғанда, қазіргі орыс руханиятында Аввакумнан бастап, кешегі Меньге дейінгі барлық пірөдарлардың төрдегі орындарын қайта иемденгендерін кім жоққа шығара алады? Орталық Азия елдері руханиятының Қорқыт, Қожа



Ахмет Иассауи, Сүлеймен Бақырғани сынды ұлы тұлғаларына байланысты тарихи әділет те қайтадан қалпына келтіріле бастады. Ендеше, сол ұлы мектептің талантты түлегі және ең соңғы ірі өкілдерінің бірі — Бекет Мырзағұлұлының тарихи орны мен рухани мұрасына осы тұрғыдан келіп, сараптауға міндеттіміз.

Өткендегі жайсандарымызды сөз еткенде, олардың заманы мен өз заманымызды салыстырасалғастыра отырып, олардың бірін-бірі жоққа шығаратын емес, бірін-бірі толықтыратын, бір-бірімен іштей жалғасып, іштей үндесетін арналарын аса жіті анықтай білуіміз шарт.

Өйткені, баланың ғұмыры әкенің ғұмырынан бастау алатыны қандай рас болса, біздің бүгінгі ізденістеріміздің де бабаларымыздың бағзыдағы ізденістерінен өрбіп жатқандығы сондай даусыз.

Ендеше, ардақты бабаларымызға көрсеткен ең асқақ құрметіміз — олардың әділдік пен ізгілік, жасампаздық пен жарастық жолындағы рухани ізеністерін одан әрі тереңдетіп, одан әрі жемісті өрістете білу болса керек.

Пір Бекет те арттағы ұрпақтың сондай өрелі құрметіне лайық, — деп тебіренеді қаламгер ағамыз.

Иә, Пір Бекеттің біздің рухани дүниемізге қайта оралуы бәрімізді ізгілік пен жақсылыққа, тазалық пен парасаттылыққа, бірлік пен ынтымаққа бастайды. Бір мақалада Бекет Атаның данышпандығы мен әулиелігін, нағыз пірге лайық құдыреттілігі мен асыл қасиетін толық айтып шығу мүмкін емес.

Бекет Атаның екінші өмірі, оны тану енді басталды. Амандық болса пір Бекет туралы талай-талай зерттеуге толы құнды кітаптар, деректі фильмдер түсіріледі. Бұл біздің Бекет Атаны ғылыми-

танымдылық тұғырдан тануға, білуге деген алғашқы талпынысымыз, алғашқы қадамымыз!

## БЕКЕТ АТАНЫҢ ЖӘДІГЕРЛЕРІ

Қазақтың Пірі атанған Бекет Ата туралы көптеген кітаптар жазылды, бірнеше деректі фильмдер түсірілді. Әрбір туындыда Бекетті тануға, білуге деген құштарлық басым, Пірдің өмірін, суфизмде алатын орнын ғылыми-танымдылық тұғырда зерттеу елеулі сипат ала бастады.

Осының бәрі жүрекке қуаныш сезімін әкеледі. Бекет Атаның әдемілік пен ізгілік, жасампаздық-жарастық жолындағы рухани ізденістерін одан әрі терендетіп, одан әрі жемісті өрістететі білу — бәріміздің ортақ міндетіміз.

«Алтынның қолда барда қадірі жоқ» демекші, кезінде Пір Бекеттің жәдігерлік дүниелеріне онша мән бермей небір баға жетпес асыл заттарды жоғалтып алғанмыз өкінішті-ақ.

Егеменді ел болып, өз тәуелсіздігімізді алған соң есімізді жинап, көненің көзі, тарихтың өзі болған, халық бойтұмардай сақтаған сол жәдігерлерді іздей бастадық. Оның біразы болса да табылып, көңілімізге медеу сыйлады. Бекет Атаның қасиетті Аса таяғы туралы халық арасында аңыз көп. Қандай қиын күндер, қилы-қилы заман болса да Пір атаның ұрпақтары оны көздің қарашығындай сақтап келеді.

Ұрпақтан-ұрпаққа баға жетпес жәдігерлік дүние ретінде ауысып келе жатқан Бекет Атаның қасиетті көк Асасы бұл күнде Пірдің жетінші ұрпағы, Түркіменстанның Байралы қаласында тұратын

Бердіхан Аяпбергенұлының үйінде сақтаулы тұр. Ал, Бекет Атаның екінші қасиетті көк Асасының бүгінгі мұрагері Ақтөбе облысының Қобда ауданындағы Жиренкопа ауылының тұрғыны Тұрсынғали Накешев деген бауырымыз.

Кеңес өкіметінің алғашқы жылдарында шолақ белсенділердің көрсетуімен бір топ большевик өкілі Атаның аса таяғы сақтаулы тұрған қара шаныраққа бірнеше рет тінту жүргізіпті. Өкімет адамдары өңмендеп үйге ене берген сәтте киелі Аса таяқ өзінен-өзі жоғалып кетіп, әлгі дінсіздерді әбден әуреге салып, таптырмай қояды екен. Қайта-қайта тінтіп, күдерлерін үзген әлгілер табандарын жалтыратқан соң, қасиетті мүлік қайтадан төртегі орнынан табылып отырыпты. Бұл оқиғаны ауылдың көне көз қариялары осы күнге дейін тамсана айтып отырады.

Пір Бекеттің аса таяғын көру үшін адамдар жан-жақтан арнайы келіп жатады. Көрнекті мемлекет қайраткері, заманымыздың заңғар жазушысы Әбіш Кекілбаев, ұлтымыздың мәдени-тарихи мұраларын зерттеуге үлкен мұрындық болып жүрген Қазақстанның белгілі азаматы Иманғали Тасмағамбетов және басқа да танымал тарихшылар, жазушылар Бекет Атаның қасиетті Аса таяғы сақталған киелі шаныраққа арнайы ат басын бұрып, үлкен қызығушылық танытыпты.

Бекет Ата жасы ұлғайған шағында мешіт салуға пайдаланған шоты мен айбалтасын әкеден қалған мұра ретінде сақтау үшін ұлы Байниязға берсе керек. Бәлкім жастықтан болар, оның қадір-қасиетін түсінбеген Байнияз баға жетпес дүниелерді сұрап келген біреулерге үлестіріп жібереді. Баласының бұл ағаттық ісіне Пір қатты ренжіген екен. Арада үш жүз жыл уақыт өткен соң Бекет Атаның күнделікті қолданған

заты — бірнеше шот табылып, бұл жәдігерлік дүниелерді Маңғыстау облысында тұратын бір топ көне көз қариялар обдыстық өлкетану мұражайына әкеліп тапсырды.

Сөз орайы келгенде айта кететін бір жай — Маңғыстау облыстық өлкетану мұражайының ұжымы Бекет Атаның құны баға жетпес жәдігерлік заттарын жинауда және ел ішінен іздестіруде көптеген игілікті істерді жүзеге асыруда. Мұражайда Бекет Атаға арналған бөлім ашылып, келушілерді танымдық-тарихи деректермен жан-жақты таныстыра алады.

Бөлімде Бекет Атаның замандастары Барак әулие, Өмір батыр және басқалар туралы да танымдылығы мол деректер кездеседі.

Бүгінде Оңтүстік Қазақстан облысына қарасты Мақтаарал ауданында Бекет Атаның бір топ ұрпақтары тұрып жатыр. Біз алғашқы болып, Жетісай қаласында тұратын Көбен Аралбайұлы Сарымолаевтың қасиетті қара шаңырағына бұрылдык.

Ежелден қазақ халықының ырысы мен берекесіне айналған Оңтүстік Қазақстан облысындағы Мақтаарал, Шардара аудандарында Адай руынан тарайтын қырық мыңға жуық шаңырақ бар. Ел басына килы-килы заман туғанда Маңғыстаудан үдіре көшкен адай ағайындар бұл өлкеден ізгі болашағы мен бақыттарын тауып, ата дәстүрін жалғастырды, еңбек етті, ұрпақ өсірді. Ынтымағы жарасқан жерден ұлтымыздың ертеңі мен бүгінін ойлайтын небір жаны жайсаң азаматтар өсіп шықты.

Көбен Аралбайұлы Сарымолаев ақсақал осы өңірдегі елінің елеулісі, халқының қалаулысы атанған, ұлын — ұяға, қызын — қияға ұшырған қарияның бірі.

Көбен ақсақал Бекет Атаның кенже ұлы Тоғайдың алтыншы ұрпағы. Жылдың қай мезгілі болсын, осы бір қасиетті босағаға Қазақстанның түкпір-түкпірінен халық ағылып, тағзым етіп жатады.

— Бекет Атаның киіз үйінің мандайшасы қастерлі шаңырақта атадан балаға мирас болып, сақталып келеді. Қарапайым ағаштан жасалған заттың жәдігерлік құнына баға жетпейді. Ол үш жүз жылға жуық сақталуда, — дейді Көбен ақсақал өз әңгімесінде.

«Құтты қонақ келсе — кой егіз табады» демекші, Көбен қарияның үйіне келгенмізде үлкен қуаныштың үстінен шықтық. Бүкіл Мырзашөлге есімі белгілі азаматтың кенже ұлы Пернебай үйленіп, Салтанат атты ару қасиетті шаңырақтың ақ босағасын аттапты. Жас келіннің беташарына Мақтарал, Шардара, Шымкент, Тараз қалаларында тұратын Бекет Атаның ұрпақтары Көбен қария мен Мандайлы анаға құтты болсын айтып, қуаныштарына ортақтасып жатты. Мырзахан ақын жас келіннің беташарын бастап, жыр жолдарын тербей жөнелді.

Бекет Атаның киіз үй мандайшасы сақталған қасиетті қара шаңыраққа келін болып түскен арудың беті ашылып, шашу шашылды. Ауылдың ардақты қариясы ақ батасын берді.

Осы бір қуанышты да салтанатты сәтте ұлтымыздың ата-дәстүрі бойынша ауыл ақсақалдарына шапан жабылып, құрмет көрсетілді. Бақыт пен қуаныш қонған күні келген қонақтар жас келін — Салтанаттың қолынан шай ішіп, көрімдіктерін беріп жатты. Осы бір есте қалатын сәттерді көріп, жүрегінді ерекше бір қуаныш сезімі бөлейді. Бәрі де жарасымды: атадан-балаға жалғасып

келе жатқан салт-дәстүр, әдет-ғұрып айналасын нұрландырып жібергендей. Қара шаңырақта Бекет Атаның, Пір Бекеттің рухы асқақтап тұрды.

Иә, Бекет Ата, Пір Бекет қазақ халқы ғана емес, бүкіл түркі тілді халықтардың ішінде, жалпы мұсылман әлемінде ерекше орны бар үлкен тұлға. Сондықтан да, Ата соңында қалған тарихи деректер, әрбір жәдігерлік зат — біз үшін аса бағалы, аса қымбат. Сөз жоқ, Бекет Атаның біраз жәдігерлік заттары қолымызға тиді, бірақ, таптырмай жоғалып кеткен құндылығы өте жоғары мүліктер де жетерлік. Пір Бекеттің айбалтасы, таспасы, кітаптары, ер-тұрман әбзелдері, қару-жарақтары Қазақстанның түкпір-түкпіріне тарап кеткен әулие ұрпақтарында болуы әбден мүмкін. Сол баға жетпес асыл жәдігерлер ел ішінен табылып, өзінің лайықты орнын тауып жатса нұр үстіне нұр болар еді деп ойлаймыз. Ол біздің тарихымыз үшін, бүгініміз бен ертеңіміз үшін, Бекет Атаның асқақ рухы үшін қажет.

## БЕКЕТ АТАНЫҢ АРҚАРЫ

Бекет Ата туралы деректі бейнефильм түсіріп жүріп, Оғландыға ат басын бұрғанымызда кинооператор Серік Бейсенбинов екеуміз таң-тамаша қалдық. Адам баласын көрісімен-ақ тастан-тасқа секіріп, шатқалдан асып, жоқ болып кететін арқарлар таяқ тастам жерде жайбарақат жайылып жүр. Осындайда әрбір аңыздың түбінде ақиқат пен шындықтың бар екендігін еріксіз мойындайсың. Көне қариялардың айтуы бойынша Бекет Ата Оғландыға қоныс теуіп, мешіт салдыра бастаған кезден бастап,

Алла-тағала өз ризығын беріп тұрыпты. Арқар, киік секілді текті жануарларды Бекет Пірдің өзі бағып, өзі өсіреді екен. Олардың еті мен сүтін өмір бойы азық етіп, жүні мен терісі киім болыпты. Бекет Атаға қонақ келсе, таудан семіз бір арқар өздігімен түсіп, мешіттің алдына келіп тұратын болса керек. Бекет Атаны қастерлеп өскен жергілікті халық «Арқарлар мен киіктер Пірдің малы, оларға тиісуге болмайды», — деп Оғландының манайындағы аң-құстарды атып алуға, асып жеуге қатаң тиым салады.

Әрине, көптің бәрі бірдей емес, адам болған соң оның аласы да құласы да кездеседі. Сол маңайда табиғаттың байлығын құртып-жоюды мақсат етіп, әбден құнығып алған қара ниетті бір аңшы Бекет Ата зираты маңындағы мүйізі қарағайдай арқарды атпақ бола бергенде мылтығы өзін «теуіп» жіберіп, мүлт кетеді. Аңшы өзіне-өзі ашуланып, екінші рет атпақ болғанда біреу қаруын әдейі бұрып жібергендей болып, оқ далаға қаңғып босқа кетеді. Долданып, ыза кернеген мерген мылтығын кезене бергенде қарудың дүмбесін тағы да «теуіп» жіберіп, оң көзі ағып түсіп, ойбайын салып, етбетінен құлап түседі. Өзінің күнәһарлығын түсінбеген аңшы Бекет Атаның атына тіл тигізіп, орнынан тұрып, жүре бергенде таудың үшкір тасына сүрініп, аяғын сындырып алады. Бір ғажабы, ел ішіне есімі кеңінен тараған небір атақты сынықшылар қанша тырысса да құдайын білмеген ақымақ аңшының аяғын жаза алмай, кезінде құралайды көздеп атқан мерген мәңгілік мүгедек болып қалыпты.

Оғланды тауына қарап тұрып, маңғыстаулық ағайын айтқан әңгіме есіме түсті. 1970 жылдардың басында Жаңаөзен қаласына бір топ мәскеулік

шенеуніктер келсе керек. Олардың арасында СССР Мұнай өнеркәсібі министрі мен Орта машина жасау министрінің екі орынбасары болыпты.

Жоғары жақтан іссапармен келгендерді Қазақ ССР Министрлер Кеңесі төрағасының бірінші орынбасары Вартанян деген қарсы алып, шашбауын көтеріп жүреді. Бір демалыс күні олар аң аулауға шықпақ болып, тік ұшаққа отырады. Қолдарында кәдімгі жауынгерлік екі винтовка. Оғланды тауынан қырық шақырымдай қашықтықтағы жерде олардың тіміскі көздері қаннен-қаперсіз жайылып жүрген жеті-сегіздей киікке түседі. Әбден еліріп алған мәскеулік шенеуніктер ұшқышқа тікұшақты төмендетуге бұйрық беріп, бейбіт жайылып жүрген жануарларды қырып салуға дайындала бастайды. Тікұшақ бір айналып өтіп, киіктердің дәл үстінен шүйіле дарылдап өте шыкса да, қашпастан жайылып жүре береді. Екі мәскеулік дөкей есікті ашып, қолдарындағы қарумен оқ жаудыра бастайды, бірақ, олар қанша тырысқанмен бірде-бір киікті сұлата алмайды. Ауыздарынан ақ ит кіріп, қара ит шыққан олар, кезекті Вартанян мен оның көмекшісіне береді. Үшінші, не төртінші атқанда алматылық шенеунік бір киікке оқ дарытады. Оны көрген мәскеуліктер екілене қайтадан қаруға жармасып, жануарларды атқылай бастайды. Алайда, олардың атқан оқтары киіктерге тимей, әлгілердің ызасы келіп, тікұшақты төмендетіп ұшуға бұйрық береді.

Жер бетінен небәрі 10-15 метр биіктікте жанталаса ұшып келе жатқанда оқыс оқиға болып, мәскеулік Мұнай министрінің орынбасары өзін орнықты ұстай алмай, вертолет ішінен жерге қарай құлап, биіктігі 50-60 метрдей жарқабақтың шетіне



ұшып түседі. Абырой болғанда, табанын жыңғыл тәрізді өсімдікке тіреп, аман қалады. Ұшқыштың үлкен тәжірибесінің арқасында арқан тастап, есі шығып кеткен шенеунікті әрең дегенде құтқарып алады.

Өз-өздеріне әрең келіп, естерін жинаған дөкейлер атып түсірген жалғыз киікті алып кетпек болып, сол маңды қанша сүзіп шықса да, оның не өлі денесін, не жаралы күйде кетіп бара жатқандығын көре алмай таңқалысады.

Ақтау қаласына барып қонған түні Вартанянның түсіне өзі атқан киік енеді. Арада бір жыл өткенде Оғландының жанындағы оққа ұшқан киік тағы да түсіне кіріп, өзі тұратын үйге кіріп келе жатқандай елес береді. Осы көрініс бірнеше жыл қайталанып, есі шығып қорыққан Вартанян бір балгерге құмалақ аштырса керек. Ол денсаулығына байланысты зейнеткерлікке шығуға мәжбүр болған дөкейге: «Бір аруакты адамның малына оқ атқан екенсіз, сізді емдеу қиын», — деп алдында шашылып жатқан құмалақтарды жинастырып, басын шайқайды. Айықпайтын жүйке ауруына шалдыққан мырза көп ұзамай дүние салыпты.

Осы сапарымызда біздің жол бастаушымыз полковник Жұмақожа Қартаев кімді болсын елен еткізетін қызықты бір жайды айтты.

— Кеңес өкіметі орнап, шолақ белсенділер әулиелер мен молдаларға қырғидай тиіп, имандылық орындары — мешіт-медреселерді қирата бастағанда Оғланды маңайындағы аң мен күс біткен басқа жаққа ауып кетіпті. Қырық жыл бойы қаңқылдап ұшып келіп жүрген қос аққу да көзден ғайып болған. Тәуелсіздігімізді алып, қазақтың кең байтақ жерінде

имандылық орнап, мешіт-медреселер есігін айқара аша бастағанда Оғландыға баяғы жоқ болып кеткен арқарлар мен киіктер келе бастапты, — деді полковник тебірене әңгімелеп. Кинооператорекеуміз бұл әңгімеге қайран қалдық. Осындайда бір тылсым күшті, құдіреттілікті ішіннен мойындай түсесін. Әне, пыр етіп, қырғауыл ұшты. «Біле-білгенге тегін арқар емеспін, мені түсіріңдер» дегендей мүйізді арқар бізге маңғаздана қарайды.

Маңғыстаулық ағайындар сол баяғы дәстүрді осы күнге дейін қатаң сақтап, Бекет Атаның мешіті маңайындағы жайылып жүрген аң-құс атаулыға мылтық кезенбейді, оқ атпайды. Бүгінде өзін еркін сезінетін киелі жануарларды «Пір Бекеттің» малы деп қастерлейді, қорғайды.

Кім біледі, бір кездердегі ғайып болған қос аққу да осы қасиетті жерге оралар. Амандық болса оған да куә болып, қуанармыз.

Иә, Оғландыда мылтық атылмайды, Әулиелер аялаған жерде мамыражай тыныштық. Шіркін-ай, барлық жерде осындай болсайшы!..

# АҢЫЗ ЖЕЛІСІМЕН ЖАЗЫЛҒАН ЖЕТІ ӘҢГІМЕ

## Екінші бөлім

### ТОҒЫЗ ЖАСАР КӨРІПКЕЛ

Түбі бір, тегі бір туысқан халық болса да XVII ғасырдың басында түркімендер бейбіт жатқан Адай ауылдарына жиі-жиі шабуылдап, талай шанырақты ортасына түсіріп, адам қанын төгіп жүрді.

Бірде тоғыз жасар Бекет өзінің бір топ құрдастарымен Жем өзенінің жағасында асық ойнап жүрген болатын. Жана ғана құлыншақтай жүгіріп жүрген ақсары бала қарапан-қарап тұрып, өзін нашар сезінді. Көзі қарауытып, басы айналғандай болды. Кішкентай жүрегі тайша тулап, жүрегі бір жамандықты сезінгендей. Көз алдына мұздай қаруланып, тас-түйін болып келе жатқан түсі суық түркімендер елестеді. Ол асығын тастай беріп, ауыл ақсақалдары отырған үйге тұра жүгірді.

— Жаманат болғалы тұр, жау жақындап келеді. Абай болындар, ағайындар, «Сақтансаң — сақтаймын»

деген Алланың сөзін ұмыта көрмендер! Тағы да кайталап айтамын, жау жақындап калды, қапы қалып жүрмендер! – деді Бекет үйге ентіге кіріп.

Өкінішке орай, үлкендер бұған мән бере қойған жоқ. Бекеттің сөзін жаман ырымға балаған олар жас балаға жан-жақтан анталап, ұрсып-сөгіп тастады.

– Тәйт әрі, жамандық шақырмай!

– Кіп-кішкентай болып, сөзінің жаманын қарашы!

– Бесіктен шықпай жатып тыныш жатқан елді бүлдірмей жайыңа жүр! – деп кейісті олар.

Орталарында отырған қария ғана замандастарын ақылға шақырды.

– Сендерге не болды шеттеріңнен? Жас баланы жүнше түтетін түрлерің бар ғой. «Бөрі жоқ деме – бөрік астында, бөле жоқ деме – бөле астында». Бұл қанышер түркімендерге сенуге болмайды.

– Қара аспанды төндірмей, тиыш отырыңызшы, қария. Әлгі асық ойнап жүрген мұрынбоқ баланың сөзін әліде қандай қылың..., – деп шалдар енді ақсақалдың сөзіне шүйлікті.

Арада бір апта өтпей жатып, мұздай қаруланған түркімендер Адайдың бірнеше ауылын ойламаған жерден шауып, ойранын шығарды. Көптеген адамдарды тұтқын етіп, малын олжалап, тыныш жатқан елге үлкен қайғы-қасірет әкеледі.

Өкініштен қандары қарайып, бойларын өшпенділік пен кек билеген қазақтар тез жасақ жинап, жорыққа аттанбақшы болады.

Бұл жолы да Бекет шырылдап: «Дәл қазір жорыққа аттана көрмендер. Алла-тағала қолдап тұрған жоқ, аруақтар да қарсы. Жолдарың болмайды, босқа қырылып қаласындар», – деп үлкендерге

жалбарына сөйлейді. Мұрнының астындағыны көре білмейтін кейбір таяз ақылсымақ жандар:

– Сен бала, аяғымызға оралыңқы болып, бәле болдың ғой. Үлкендердің шаруасына араласпа, жолдан былай тұр, – деп дүрсе қоя берді.

– Осы бала жау елді шапқалы келе жатыр деп шырылдағанда, сөзіне құлақ аспадыңдар, өркөкіректік пен өзім білем деу бізді үлкен бақытсыздыққа ұшыратып отыр. Сүйегімізге таңба түсті, небір тепсе темір үзетін жігіттеріміз құл болды, небір ақмандайлы ару қыздарымыз күн болды. Қазақ атамыз: «Ақыл – жастан, асыл – тастан» деп бекерден-бекер айтпаған. Ау, ағайын, кішкентай болса да, бұл баланың айтқанына құлақ асайық, – деп өткен жолғы ақсақал үлкендік сөзін айтты.

Ашу-кек қысып, бар қаруын кезеніп, түркімен қарақшыларына тас-түйін болып аттанғалы тұрған сарбаздар бір сәт ашуларын ақылға жендіріп, жорықты кейінге қалдырды.

Арада бірнеше күн өте шықты. Жаздың қысқа түнінде дөңбекшіп, дұрыс ұйықтай алмаған Бекеттің көзі таң алдында ғана ілініп кетіп, іле-шала жатқан орнынан ұшып тұрып: «Жаратқан Иемнен жақсы хабар келді. Тез атқа қонып, кара ниетті жауға аттаныңдар! Жауды быт-шыт қылып жеңіп, кек алатын кез келді», – деп таңғы тыныштықты бұзып, бар дауысымен айкай салады.

Күн көзі көтерілмей суыт аттанып кеткен адай жасағы түркімен ауылына жетіп келгенде, бұл елдің бір шетіне жау шауып, берекелері қашып жатса керек. «Жығылған үстіне жұдырық», – демекші, қазақ сарбаздары да кек қылышын суырып, жауларын қырып салады. Екі көздері төрт болып отырған

бауырларын тұтқыннан құтқарып, адайлар елдеріне үлкен олжамен оралады.

Жастайынан ерекше қасиет, көріпкелдік, әулиелік дарыған Бекеттің атағы мен данқы бүкіл Үстіртке осылайша жайылады. Ол сол кезде тоғыз жастағы ойын баласы екен.

Данышпандық жасқа карамайды деген осы.

## АЯН ЖӘНЕ БАТА

Бүгін де күн өте ыстық болып, айналаны қуырып барады. Кішкентай ауылдағы бала біткен таяқ тастам жердегі Жем өзеніне шомылуға кетіп, іргесі түрілген киіз үйдің ішінде Бекет жалғыз қалды. Ол күндегі әдетінше араб тіліндегі қалын діни кітапты парактап біраз отырды. Жеті жасынан бастап, білім ала бастаған зерек бала бұл кітаптарды жатқа біледі десе де болады. Өткен аптада көрші ауылдан келген ишан он төрт жастағы жасөспірімнің зейінділігіне, алғырлығына таң-тамаша қалды.

— Мырзағұл, — деді шаңырақ отағасына қарап, — Алла-тағала мына балаңды тіл мен көзден сақтасын, — Құдай қаласа, үлкен білімдар болғалы тұр. Мені тыңдасан, Бекетті оқыт, бағын байлама.

Мырзағұл үнсіз қалды. Шынында да, өмірден көргені мен түйгені көп ишан дұрыс аңғарыпты. Бекет осы кара шаңырақта дүниеге келген төртінші ұл. Үлкен ұлдары Алдаберген, Алдаоңғар, Мендіғұлға карағанда Бекеттің шоктығы биік, зейінді, батыл, әрі мейрімді болып өсті. Нағыз құйма құлақтың өзі, айтқанынды қағып алады. Оқуға өте зерек. Үйдің ұсақ малдарын

өзеннің жағасындағы тұт ағаштардың көлеңкесіне үйіріп, Мырзағұл ішке кіргенде Бекет шұқшиып кітап оқып отыр еді.

— Құлыным-ау, мына шыжып тұрған ыстық аптапта үйде жалғыз отырғаның қалай? — деді әкесі кебісін шешіп жатып, — балалармен бірге Жемнің суына шомылмайсың ба?

— Шомылуға зауқым болмай отыр, әке, — деді Бекет салмақты үн қатып, — одан да онаша отырып кітап оқығанды жөн көрдім. Жасы он төртке енді ғана келсе де, үлкен адамша байыппен сөйлейтін баласына Мырзағұл сүйсіне қарады. Қалай байқамаған, бойы кәдімгідей өсіп қалыпты, үлкен көздерінен сабырлылық пен зейінділіктің белгісі айқын аңғарылады. Сәл орнай қалған үнсіздікті Бекет бұзды.

— Әке, көптен бері көкейімде жүрген бір ойымды айтсам деп едім.

— Айт, балам, Алланың шарапаты тисін.

— Менің көңілім білімге шындап ауды, әке. Атағы бүкіл мұсылман қауымына мәшһүр Пірлердің алдына барып, дәрісін тындасам, үлгісін тұтынсам, Құдайға құлшылық етсем деген ниетім бар, әке!

— Талабына нұр жаусын, балам, жолың болсын! — деді Мырзағұл баласына ақ батасын беріп, — Үстіртте Шопан Атаның бейіті жатыр. Үлкен сапардың алдында әулиенің басына тағзым етіп, түнегенің дұрыс болады, осыны ұмытпа, ұлым!

Ертесіне Бекет туған-туысқандарымен қоштасып, ұзақ жолға аттанды. Бірнеше күн жүріп, атакты әулиенің басына жетіп, түнеп шықты. Таң ата Шопан Ата Бекеттің түсіне кіріп, аян берді.

— Шырағым, маған деген ізгі ақ ниетіне рахмет, ризамын! Бірақ, өлі жан тірі адамға пір бола алмайды,

— деді Шопан Ата аппақ сакалын сипап, — көп аялдамай Хиуаға тартып кет. Сондағы бүкіл мұсылман әулиелеріне белгілі медреседе сені Пақыржан қажы күтіп отыр. Сенің Пірің сол болады, әлі ашылмай жатқан бұлақтың көзін Пақыржан ашады. Жорытқанда жолың болсын, балам! Көлігің дайын тұр.

Бекет таңғы тәтті ұйқысынан оянып кетті. Ен далада ағарып таң атып келеді екен. Шопан Ата бейітінің дәл басына өскен екі үлкен тұт ағашының жапырақтары таңғы самал желмен сыбырласып-сырласады. Қасиетті жердің маңайында жирен жалы желмен желбіреген, ер-тоқымы ерттелген тұлпар жайылып жүр.

— Иә, Алла, жолымды оңғара гөр!

Бекет үзенгіге аяқ салысымен жер тарпыған пырақ ала жөнелді. Құстай ұшқан тұлпар бір қалаға жетіп, балаң жігіт жерге түскенде әлгі пырақ көзден ғайып болды.

— Мынау кай жер? — деді Бекет жанынан өтіп бара жатқан жүргіншіден жөн сұрап.

— Бұл Хиуа шаһары болады.

— Пақыржан қажыны білесіз бе?

— Неге білмейміз, білеміз. Жүр, балам, ертіп алып барайын, — деді әлгі жүргінші Бекетті соңынан ертіп.

Пақыржан Бекеттің сәлемін жылы қабылдап, жанына отырғызды.

— Ат-көлігің аман ба, Бекет! — деді Пір Пақыржан ыстық пейіл білдіріп, — мен сені күтіп отырмын. Ұзақ жолдан шаршап келдің, жуынып-шайынып, тамақтанып ал. Ертең шәкірттермен бірге дәріс алуға кірісесің.

Бекеттің шәкірттік жолы осылайша басталды. Ұстамды, зейінді, адал Бекетке Пір Пақыржанның



пейілі өзгелерден айрықша ауып, жақсы көрді. Болашақ Пір Бекеттің жан-жақты терең білім алуына, еркін жүріп-тұруына барлық мүмкіндік жасады. Қызғаныш деген қызыл көз әрқашанда өз дегенін істейді ғой. Бірге жүрген шәкірттердің кейбіреулері іштарлық жасап, кейде кикілжің шығаруға дейін барып жүрді. Пақыржан тәлім алатын барлық шәкірттерді жинап алып: «Оқу жылы аяқталуға жақын. Келесі жаңа оқу жылына жеткілікті отын дайындап алуға қазірден бастап қамданғанымыз жөн», — деп оларды тоғайға жұмсайды.

Шәкірт біткен қолдарына балта, ара алып, күні бойы отын дайындаумен шұғылданды. Әрбір бала қолдарынан келгенше молырақ әкелуге тырысып бағады. Ал, Бекет болса, пәлендей көп емес, әбден қураған, жарамсыз томарларды әкелді.

Сыныққа сылтау іздеп жүрген бір топ шәкірттер, оған мысқылдай қарап, күлкіге айналдырып, әжуа етіп, мәз-мейрам болады. Бәрі шуылдап, Бекеттің жалқаулығын Пірге жеткізгенше асығады.

Пір сыртқа шығып, шәкірттердің айтқандарына көзін жеткізіп:

— Басқа балалар әкелген отын көп, ал, сенікі аз, әрі шіріген, әбден қураған екен, бұл қалай, Бекет? — дейді жайлап үн қатып.

— Қадірлі Пір, рұхсат болса, қойған сауалыңызға жауап берейін.

— Рұхсат, Бекет, айта бер.

— Менің де басқа жолдастарым сияқты отынды мол етіп дайындауға мүмкіндігім бар еді, бірақ, олай жасай алмадым. Қолымдағы балтамды ыңғайлап, ағаштарға жақындай түссем болды: «Мен де өзін сияқты жас едім, өркенімнің өскенін, жапырағымның

жайылғанын армандаушы едім, жарқылдап, ажалдың кара бұлтын төндірген балта жүзін аулақ қыла көр, бізді аяй көр, қайрымды адам!» — деп көз жастарын көл қылды.

Енді-енді жапырақ ашып, саусақтарын жайған жас ағаштарды қыршынынан қиюға дәтім шыдамады, құрметті ұстазым! Сондықтан да, әбден омырылған, құлап біткен томарларды жинауға мәжбүр болдым. Уақытым босқа кетіп, ісім де өнбеді, кешіріңіз...

Шәкірт сөзін мұқият тыңдаған Пір Пақыржан Бекетке іштей риза болды.

— Балалар, сендер тоғайға барғанда дәл осындай жайды аңғардыңдар ма, кездестірдіңдер ме? — деп шәкірттеріне сынай көз тастайды.

— Жоқ, қасиетті Пір Ата, көрсек көзіміз шықсын. Мына қазақ өтірікті бәсіп түр.

— Олай болса, Бекеттен басқаларың әкелген отындарыңды тоғайға, сол алған жерлеріне апарып тастандар, — деп бұрылып жүре берді. Осы оқиғадан соң шәкірттер іштарлықтарын доғаруы тиіс еді, бірақ көбісінің түйсігіне Бекеттің айтқан сөзі, ұстаздың әділ шешімі жете бермеді. Олар бірде шибөрілердей шуылдасып, Бекетті өздерінше мазақ еткісі келеді. «Қызғаныштың қызыл итіне» мініп алған, көкірегі кара, болашақтары бұлдыр бір топ шәкірт өзара келісіп, жолдастарының бірін әдейі өлген кісіше шалқасынан жатқызып, бетіне ақ жауып қояды.

— Бекет, — деді бірге дәріс алатын Фазыл деген шәкірт өтірік қайғырған болып, — Абдулла мына дүниеден озды, жаназасын сен оқы. Бесіктен белі шықпай жатып, пасықтық пен жамандыққа бет алған бұл шәкірттің ойы бұзық болатын. Оның бір мақсаты — өлмеген адамды өлді деп алдап, жаназасын оқыту,

содан соң әлгіні орнынан тұрғызып жіберіп, Бекетті әжуалап-кекету болатын.

— Жарайды, оқысам оқиын. Бірге оқып жүрген бір топ жолдастарының бұзық ниеттерін алдын ала сезсе де Бекет сыр бермеді. Жаназа оқылып біткенде, Абдулла жатқан орнынан қозғалмады. «Ойыннан от шығады» демекші, Фазыл мен оның серіктері шошып, қорқып кетті.

— Абдулла, тұр, тұр деймін! — деді олар жан ұшыра айқайлап. Бірақ, қанша жұлқылағанымен шәкірт орнынан қозғала қоймады.

— Марқұмды қозғап, әуре болмандар, бәрі бір ол енді тұрмайды, — деп Бекет орнынан жайлап тұра берді.

Жаман ойлары шындыққа айналып, қара ниетті шәкірттердің қорқыныштан естері шықты.

— Біз жәй ойнап едік, — деді олар төмен қарап.

Бекеттің құдіреттілігіне көздері жеткен әлгі шәкірттер осы оқиғадан соң айылдарын жинап, тыныш жүретін болды.

Арада жеті жыл өте шығып, оқу аяқталар шақта Пақыржан Пір әдемі аса таяқты шәкірттерінің біріне сыйламақ болады. Бірақ, олардың қасиетті таяққа таласып, арыздасып тарасатын түрлері бар.

— Олай болса, — дейді Пір дұрыс шешім тауып — мына асаны мешіттің төбесіне шығып, құлаштап лақтырамын, кім тапса, сол шәкірт таяққа ие болады.

Пір мешіттің биік төбесіне шығып, аса таяқты лақтырып жібергенде шәкірттер сыртқа таласа-тармаса ұмтылады. Мешіттің ішінде тек Бекет ғана жалғыз қалып, сабырлы күйінде отыра берді. Бала біткен аса таяқты іздеп, жан-жаққа босып кетеді, бірақ, ешқайсысы да қасиетті таяқты таба алмай босқа әуре болып, шаршап-шалдығып оралады.

— Бекет, сен аса таяқты іздеуге онша ықылас білдірмедің ғой, — деді Пір Пақыржан шәкіртін сөзге тартып.

— Күрметті ұстазым, аса таяқты қазір іздегеніммен таптыра қоймайды. Ол Алланың құдіретімен әлі ұшып бара жатыр, түсер жеріне жете қойған жоқ, тым алыс, шалғайда, — деді Бекет байсалды жауап беріп.

Пір ештеңе айтпай үнсіз қалады. Ертесіне оқуларын бітірген шәкірттер коштасып, жан-жаққа тарай бастайды. Ал, Бекет болса шығар емес.

— Бекет, шәкірт біткеннің бәрі ауылдарына қайтып кетті, сен болсаң әлі асығар емессің. Бітпей қалған шаруаң бар ма? — дейді Пақыржан жөн сұрап.

— Сіздің батанызды, берер еншінізді күтіп жүрмін, қадірменді Пір.

— Е-е, олай болса, жай қолыңды Бекет! Пір зерек, ерекше қабілетті шәкіртіне іштей бата беріп, бетін сипады.

— Бекет, балам, еншіңе мына қалың асыл тысты кітапты, пышақ пен балға беремін. Басқа қандай өтінішің бар? — дейді заттарын ұсынып жатып.

— Ататын оқ беріңіз.

— Оқ дедің бе, — деді Пақыржан — саған көп оқ беруге болмайды, біреуі де жеткілікті.

— Азық беруді де ұмытпаңыз!

— Берер азығым жеті атаңа дейін жететін болады.

— Мінетін көлігім болғанда жөн болар еді.

— Мінер тұлпарыңды Шопан Ата берді емес пе, пырағың сені далада күтіп тұр, — дейді Пір жылы жымыып.

— Мекен-жайымның болғанын жақсы көремін,  
— дейді Бекет, — ол жағы қалай болар екен?

— Шәкіртім, асықпа, артыңнан бір Оғланды жіберемін. Ол саған жетіп, кездескенше, аса таяқ та табыла қоймас. Ал, енді еліне жүруіне болады. Жорытқанда жолың, Қыдыр ата жолдасың болсын!

Бекет ұлы ұстазымен қимай коштасып, сыртқа шықты. Ал, есіктің алдында жер тарпыған пырақ тұлпар тұр екен. Бекеттің үзеңгіге аяғын салуы мұң екен, жирен жануар құстай ұша жөнелді...

## ОҒЛАНДЫ МЕН БЕКЕТ

Пақыржан Пір дарынды шәкіртіне берген уәдесінде тұрып, Маңғыстауға Оғланды деген баланы жібереді. Ұлы ұстаздың сәлемін жеткізудің орнына әлгі бала Бекетті көрісімен біреу қуғандай тұра кеп қашты. Бекет те көп ойланбастан оны тұра кеп қуады. Оғланды таудың қатпалына жетіп, көзден ғайып болады. Медреседен жақында ғана оралған шәкірт еңтігін басып, айналасына көз тастады. Ғажап деп осыны айт, сонау бір сәтті күні Пақыржан қажының лақтырған аса таяғы шың етегінде шаншылған күйі тұр. Бекет асаны алмақ болып жақындағанда қасиетті таяқтың жанында күмістей ақ сақалды қарияның отырғанын аңғарды.

— Ассалаумағалайкүм ата, — деп Бекет ізетпен сәлем берді.

— Армысың балам, — деп амандасқан қарт Бекеттен жөн сұрады.

— Ата, мына аса таяқты Хиуадағы Пақыржан Пір лақтырған болатын. Оны кім тауып алса — таяқтың иесі сол. Медресе бітірген шәкірттердің арасынан бір-

інші болып таяқты мен көріп тұрмын. Аманат бойынша оны мен алуым керек, — деді Бекет мәнжайды түсіндіріп.

— Қасиетті аса таяқ кеше кешқұрым шын етегіне ұшып келіп қадалды. Оны мен бірінші рет көрдім. Яғни, аса таяқтың иесі менмін, — деді қария қарсы дау айтып.

— Сіздің айтқаныңыз жөн, — дейді Бекет, — аса таяқ сіздікі-ақ болсын делік. Олай болса қолыңызға алып, неге игілігіңізге жаратпайсыз?

— Шырағым, аса таяқты кеше кешкісін-ақ алып кетер едім, өкінішке орай, қадалған жерінен суырып ала алмадым. Бүгін де күні бойы өуре болдым, бірақ таяқ орнынан қозғалар емес.

— Олай болса, бұл асанғы күші жетіп, суырып алған адам меншіктенетін болсын. Осыған келісім бересіз бе, ата? — дейді Бекет қартқа сұраулы жүзбен қарап.

— Айтқаның болсын, балам, мен келістім. Одан басқа амал бар ма?

— Жасыңыз үлкен, алғашқы кезекті сізге бердім.

Білегін сыбанған бейтаныс қарт ет пісірім уақыт бойы аса таяқты суырып алмақ болып, ақ тер, көк тер болады. Аса таяқ қадалған жерінен қозғалар емес, міз бақпайды. Қария әбден шаршап, жерге отыра кетті.

— Ақсақал, ендігі кезек менікі, рұқсат беріңіз, — деп Бекет аса таяққа жақындай түсті.

— Иә, Алла, өзін қолдай гөр! — деп күшене тартып қалғанда, аяғының астындағы жер опырылып, жаңадан бері міз бақпаған зат қолына ілікті де, аса сурылған жерден бұрқ етіп, бұлақ суы шықты. Аса таяқты балаң жігітке қимаған қарияның көзінен екі

тамшы жас үзіліп түсіп, сол жерде қос құдық пайда болды.

...Осы жазда Бекет Ата туралы деректі бейнефильм түсіру мақсатымен алыстағы Оғландыға барып қайттым. Қазіргі Бекет Ата мешітінің жанында бүлк-бүлк етіп бұлақ ағып жатыр. Кәусар бұлақтың суы тұщы, бал татиды. Осы таңғажайып бұлақтың жанында қос құдық бар. Бірақ оның суы ащы. Мен табиғаттың осы бір қарама-қайшылығына таң қалдым. Есіме аңыздағы аса таяқты суыра алмаған қарияны түсірдім. Иә, көздің жасы ащы ғой. Ол тамған жердің суы да ащы болады...

## ТӘУБАСЫНА КЕЛГЕН БАЙ

Бекет Атаның Майлыбай деген құрдасы болыпты. Үйір-үйір жылқысы, табын-табын сиыры, отар-отар қойы бар нағыз шіріген байдың өзі екен. Өкінішке орай, бай біткеннің көбісі сараң болып келеді, ал, Майлыбай шық бермес Шығайбайдың тап өзі болса керек.

Адам баласына қайрымдылығы жоқ, байлығына әбден мастанған Майлыбай Бекеттің дүрілдеп тұрған атағына қызғаныш білдіріп:

— Осы жұрттың есі ауысқан шығар, сіңірі шыққан біреуді «Бекет, Бекет» деп өз әулие тұтады, оның бізден несі артық соншама, — деп астам-астам сөйлейді.

Үстірттің халқы жазғы жайлаудың қызығы біткен соң Маңғыстаудың ойпатына қарай көшеді. Көздеген жерге жету оңай шаруа емес, жол таулы-тасты болып келеді, әсіресе төменге түсу қиын. Қалын

елмен бірге Майлыбай бай бастаған ауыл да көшіп келе жатады.

Кенеттен көш басындағы ақ түйенің аяқтары тайып кетіп, емшектегі баласын текеметке орап алдына алып отырған бәйбіше құлама жолдан ұшып түседі. «Бөле қайда, табан астында» демекші, Майлыбай қатты саскалақтайды.

— Алла-тағала өзің сақтай гөр, уа, Бекет әулие өзің желеп-жебей гөр, үш жүз бойдақ кой садақа! — дейді бай жалбарынып.

Құлап бара жатқан бәйбіше де ең бірінші Аллаға, сонан соң Бекетке сиынып, боталы інгенді садақа ретінде атайды.

— Жайлаудан шығарда ата-бабаларыма құран оқытып, жетім-жесірге садақа беруім керек еді, — дейді Майлыбай өкініп. Сарандығымның кесірінен көп жыл отасқан бәйбішемнен, өмірге жаңа келген нәрестемнен айрылдым. Қатты қиналған бай көштің өзге түйелерін қиялап төменге түсіріп, өзі әбден шаршап-шалдығып, атынан түсе береді. Кенет, жұмылуға даяр тұрған көздері жазық далада түйесін шөгеріп қойып, баласын емізіп отырған бәйбішесіне түсіп, қуанып кетеді.

— Түйенің аяғы тайып кетіп, төмен шыңырауға құлағанда өлдік деп ойлап едім, бізді бір күдірет күш сақтап қалды, — дейді бәйбіше — бірінші Алланың, екінші Бекет құрдасынның шапағаты тиді. Халық айтса қалт айтпайды, Бекет әулие тегін адам емес. Кейде құрдасына жөнсіз тіл тигізетінін бар. Көшті жайғастырған соң Бекетке барып, кешірім сұрағаның дұрыс, мен садақаға боталы інген атадым, соны бер.

Майлыбай боталы інгенді жетектеп,



Оғландыдағы тау қапталын кашап, мешіт жасап жатқан Бекетке келіп, қысыла-қымтырыла сәлем береді. Осы сәтте Бекет тау шоқысының жанында отыр еді. Жанындағы серіктері тау қапталын ойып жатыр, қолдарындағы қайлалары қара тасқа тиіп, шақшақ етеді.

Жұмыстың өте ауыр екені айтпаса да көрініп тұр. Жігіттердің аспаптары майысып, тау қыртыстары онайлықпен қозғала қоймайды.

Бекет орнынан тұрып «Әуп, әуп!» деп демсіп жіберіп еді, сіресіп тұрған қатпар тас уатылып жүре берді.

Жұмысбасты болып тұрған Бекет бай құрдасын онша жақтыра қойған жоқ.

— Неге келдің? — деді оған қарап.

— Арамыз онша жақсы болмаса да, құрдас деген атымыз бар, ал құрдастың құдайы бір, — деді бай Бекетке бас иіп, — «Алдына келсе — атанның құнын кеш», деп қазақ бекер айтпаған. Құдай ұрып, менен кейбір әбестіктер кетті. Қолыңнан келсе кешір, Бекет!

Бекеттің қатулы қабағы жылыын деді.

— Адасқанның айыбы жоқ, кеш те болса түсінгеніңе рахмет! — деді Бекет. — Ал, Майлыбай құрдас енді менің арқама көзінді сал.

Бай Бекеттің дәл жон арқасынан атан түйенің төрт табанының ізін көріп, қайран қалды. Биік таудағы құлама жардан бәйбішесі мен баласы отырған түйенің аяғы тайып кетіп, төмен қарай құлап бара жатқанда арқасын тосып, аман алып қалған Бекет екендігіне көзі анық жетіп, жанарынан жас ыршып түсті.

— Құрдасым-ау, — деді ол абдырап, — бәйбішем

мен балам үшін басынды қатерге тігіпсің ғой! Бұл жақсылығынды өмір бойы ұмытпаспын! Балашағанның қызығын көр! Әрдайым аруағың өсе берсін!

— Сараң болсаң да, құрдас екенін өтірік емес, үй-ішің аман болсын деп барымды салдым, — дейді Беккет.

Майлыбай Бекеттің тегін адам еместігін тағы да мойындап, іштей қатты төлғанды.

— Бәйбіше атаған боталы інгенді әкелдім, — деді қоштасып жатып, игілігіңе жарат, Бекет!

— Өзің айтқан үш жүз бойдақ қойды да ұмытпа, құрдас, — деді Бекет күліп.

— Құп болады, Бекет! — дейді Майлыбай басын иіп, — ертең таңертең атаған бар малды өзім айдап әкеліп, тапсырамын. Өзің бастаған жігіттер бір игілікті іс бастап, мешіт жасап жатыр екенсіңдер. Күнделікті қажет ет пен сусын ендігі жерде менен болсын.

— Міне, құрдас, енді жөнге келдің, — деді Майлыбайға риза болған Бекет Ата, — ниетіңе рахмет! Алла ісінді оңғарсын!

Майлыбай атына мініп, ауылына бет алды. Қарсы алдынан Үстірттің самал желі соғып, жаны бір түрлі жадырап қоя берді...

## БЕКЕТ ЖӘНЕ ӨМІР БАТЫР

Бекет Ата, Өмір және Барақ әруақты, әулие адамдар болыпты. Үшеуі де ұшатын көрінеді. Бекет Ата жеті балапан ертіп, аққу болып жүреді екен. Жұрт оны «Әруағы жеті атаға тарайды» деп жорыпты. Өмір жерді бір теуіп ұшады екен. «Әруағы өзімен кетеді»

депті халық. Барак жерді үш теуіп ұшады екен. «Әруағы үш атаға жетеді» депті жұрт.

*(Халық аңызынан)*

Үстіртте бейбіт жатқан адайларға Құбақай батыр бастаған түркімен басқыншылары ойламаған жерден тиісіп, жер қайыстыратын көп жылқыны айдап кетіп, ұйып отырған ауылдың берекесі кетті. Бұл суыт хабар жорық үстінде жүрген Өмір батырға да жеткен. «Ерді намыс өлтіреді, қоянды қамыс өлтіреді» демекші, батыр бар шаруасын тастап, сарбаздарымен ауылға суыт келді де, барымтада кеткен малды қайтару үшін қайтадан атқа қонды. Асығыс болса да жол үстіндегі Бекет Атаның ауылына ат басын бұрды. Бекет көптен бері көрмеген құрдасын құшақ жая қарсы алды.

— Бекет, сый-құрметіне рахмет! — деді Өмір батыр, — біз сусын ішеміз де жол жүреміз. Естіген боларсың, адайларға түркімендер тұтқиылдан шабуыл жасап, көп жылқыны айдап кетті. Сол малды қайтарып, кек алуға кетіп барамыз. Саған айтар бір бұйымтайым бар, соны айтайын.

— Айт, айт, Өмір батыр, — деді Бекет Ата.

— Іргелес жатқан түркімендер бейбіт жатқан елді қайта-қайта шауып, қисапсыз малымызды айдап кетіп жүр. Намысымызға тиіп, ұлдарымызды құл етті, қыздарымызды күң етті. Елді қорғаймын деп небір боздақтар аттың жалын құшып мерт болды. Жанға — жан, қанға — қан, қашанғы бас бұға береміз, түркімендерге қарсы шығып, кек қайтаратын күн туды. Қасірет шеккен, қайғы тартқан халыққа көмегің қайда? Елінді, жерінді қорғамасаң сенің бағаң қайсы? Осы жорыққа өзінді ерте кетуді жөн деп шештім. Тұтқан медеуім, сүйенетін сүйенішім өзің болатын күн

туды, Бекет! Айтатын бұйымтайым — осы, — деді Өмір батыр қызулана сөйлеп.

— Өмір батыр, айтқаныңның бәрі жөн, — деді Бекет, — ел мен жерді қорғау, намысты биік ұстау бәріміздің ортақ міндетіміз, үлкен парызымыз. Онсыз кісілігіміздің, кемеңгерлігіміздің құны бес тиын. Айтқаныңа келістім, жолыңнан қалма, алға жылжи бер, мен артыңнан барамын.

Қымыз ішіп, бойларын сергіткен сарбаздар қайтадан атқа қонды. Өмір батырдың көңілі көтеріңкі, ескі үзенгілес досы сөзін жерге тастамады. Артынан әруақты Бекет бастаған топ келетін болса Өмірдің асығы алшысынан түсіп, жауын быт-шыт етіп, женетін болады, көптен бері жүрегін қарайтып жүрген кекті қайтаратын күн де туды. Көп ұзамай-ақ Өмір батырдың жауынгерлері түркімендерді қуып жетті. Жау жағы да аттарының тізгіндерін тартып, бір жерге шоғырлана қалды. Ежелгі дәстүр бойынша екі жақтан бір-бір батыр сурьлып шығып, жекпе-жекке түсуі тиіс. Алдағы болатын соғыстың бүкіл тағдырын шешетін бұл жойқын шайқасқа ең білекті жүрек жұтқан батырдың — батыры шығады.

— Жекпе-жек! Жекпе-жек!

Қарсыластар жақтың сарбаздарының дауысы тыныш жатқан ең даланы дүр сілкіндірді. Өмір батыр астындағы атынан түсіп, ер-әбзелін түзеп, айылын қатты тартып, қару-жасағын жасанып, қайтадан үзенгіге аяғын салды. Түркімендердің батыры Құбақай батыр да енгезердей тұлғалы жан еді, астындағы қара атын тебініп, найзасын кезеп алға ұмтылды. Өмірге жақын келген түркімен батырының арғымағы омақаса құлап, қолындағы найзасы ұшып кетіп, қара жерге бойлай қадалды. Өмір батыр көзді ашып-жұмғанша

болған қарбалас сәтті ұтымды пайдаланып, қарсыласын найзамен шаншып үлгерді. Құбақайдың екі көзі аларып, сол жерде жан тәсілім етті. Осы кезде шығыс жақтан түйдек-түйдек қара шаң көтеріліп, қарақұрым топ келе жатқандай болды. Батырларынан айрылып, салы суға кетіп тұрған түркімендер оны көргенде зәре-құттары қашып, барымталанған қисапсыз малды тастай беріп, бастары ауған жаққа тұра-тұра қашты...

Өмір батыр аз ғана қолмен жаудың бірнеше көп әскерін тоз-тозын шығарғанына іштей риза болып, түркімендер шауып алып кеткен көп жылқыны елге қарай бұрды. Көңілі өсіп, мерейі тасып келе жатқанымен оны бір ой іштей мазалай берді. Өйткені, аруағы, көріпкелдігі, батырлығы жан баласына тең келмеген Бекет батыр сөзінде тұрмады, берген уәдесінен шықпады.

«Бекет досым ел-жұрт құрметіне тым масаттанып, астамшыл болып барады», — деді Өмір батыр іштей ызаланып — қазір барамын да бұл кемшілігін бетіне басып айтып, елдің алдында масқарасын шығарамын. Қап, сені ме, Бекет! Ендігі ісім өзінмен болсын!» Қасына сенімді алты сарбазын ерткен Өмір батыр Бекеттің үйіне жетіп барады. Ат тұяғының дүбірін естіп Бекет тысқа асығыс шықты.

— Ассалаумағалайкүм, өтірікші Бекет! — деді Өмір батыр ат үстінде тұрып.

— Уағалайкүмассалам, Өмір! Таубадан жырақ кетпей, жөніне көш, мен ешқашан да өтірікші болған емеспін, — дейді Бекет қарсы дау айтып.

— Шайқасқа дейін жетемін деген уәден қайда, Бекет? Әлде мен өтірік айтып тұрмын ба?

— / Сәл сабыр сақта, Өмір батыр, — деді Бекет

күле сөйлеп, — сен Құбақаймен жекпе-жекке шыққанда мен сенің дәл қасында тұрдым.

— Бекет-ау, мұның қалай? Өтірікті қалай-қалай қиыстырасың, — деп Өмір батыр қарқ-қарқ күлді.

— Олай болса, сен жөндеп тында, — деді Бекет байсалды үн қатып. Құбақай батырдың астындағы арғымағы жирен төбел екені рас па?

— Иә, жирен төбелі, — деді Өмір батыр қайран қалып.

— Түркіменнің батыры сені найза ұшына ілемін деп өңмеңдей алға ұмтылғанда астындағы тұлпары омақаса құлап, найзасы жерге бойлап кеткені өтірік емес қой.

— Дұрыс айтасың, дәл солай болды.

— Құбақай батыр мінген тұлпардың кішкентай мені бар, алдыңғы сол жақ аяғынан тартып құлатқан менмін, — деді Бекет Өмір батырдың бетіне тік қарап, — сен аттан оңбай құлаған батырды көз ілеспес жылдамдықпен найзамен шаншып өлтірдің.

— Ойпырай-ә, — деді Өмір батыр таңқалып, — айтқаныңның бәрі ақиқат.

— Өмір батыр, — деді Бекет үзілген сөзін жалғап — Құбақайдың арғымағын жетектеп, сарбаздарына бет алғанда аспанға көтерілген түйдек-түйдек шанды, жер қайыстырған қалың қолды аңғардың ба?

— Иә, көргенде қандай! Шоқтығым биіктеп, әурақтанып кеттім.

— Ендеше, сол шанды көтерген менмін. Бүкіл жабайы анды сонда қапталтым.

Өмір батыр өзінің қызбалыққа салынып, қатты кетіп қалғанына өкінді. Астындағы тұлпарынан түсіп, Бекеттің қолын алды.

— Құрдастығыма салып, бойындағы қасиетіне,

әулиелігіне ниет қоймағаным күпірлік екен, мені кешіре гөр, өтірікші сен емес, мен екенмін. Әруағына табындым, киене құлдық ұрдым, Бекет!

Өмір батыр Бекет құрдасына қалы кілем жабылған кара нар мен ат-әбзелі жарасқан кара арғымақты сыйға тартып, еліне карай асығыс аттанып кетті.

## БЕКЕТ, ЖАНҰЗАҚ ЖӘНЕ СҰЛУ КЕЛІНШЕК

Бұл оқиға он жетінші ғасырдың соңында болса керек. Қазақ халқын көршілес жатқан алакөз жаулардан сақтап қалуда Рысалы батырдың асқан ерлігін көне көз қариялар осы күнге дейін аңыз етіп айтып отырады. Адай батырының қос ұлы Шотан мен Жанұзақ та әкелеріне тартып, асқан батырлығымен аты шыққан қос арыс еді.

Бірде Қасқа жолдан Үстіртке көтерілген Оғұлжан батыр басқарған түркімен жасағы көршілес жатқан қазақ ауылдарын ойламаған жерден шаппақ болып, жедел жортып келе жатады. Осыдан біршама бұрын қазақ-түркімен соғысы кезінде шейіт болған боздақтар рухына садақа беру үшін келе жатқан Шотан батырдың жауынгерлері ойламаған жерден ежелгі жауларымен бетпе-бет кездесіп қалады.

Түркімендер жағынан Оғұлжан алға ат ойнатып шыға келеді де: «Жекпе-жек, жекпе-жек!» — деп айқай салады. Талай-талай қазақтың ұлын құл, қызын күн етіп, айуандығымен, қатыгездігімен аты шыққан түркімен батырының қанішерлігін әкесінің аузынан естіген он төрт жасар Жанұзақтың тұла бойындағы

көптен бері қернеп жүрген ашу, намыс пен кек оянып, қаны басына шауып шыға келеді.

— Шотан аға, мына қанішермен жекпе-жекке шығуға маған рұхсат етіңіз!? — деп ағасының алдына жетіп барады.

Шотан батыр інісінен дәл осындай өтініш күтпей, оған тосырқай қарап қалады. Оның бұлай етуінің жөні де бар болатын. Өйткені, Жанұзақ әлі бұғанасы бекіп, қабырғасы қатпаған жасөспірім. Өмірінде соғысқа қатысып көрмеген баланы айласы мол, қанды балақ, шұбар төс жендетке жекпе-жекке шығару — өлімге жұмсау деген сөз.

Кек қайтаруға құлшынып тұрған інісінің көңілін қайырып, жасытып тастауға және болмайды. Осындай қиын сәтте Шотан батырдың аузына көнекөз қариялардың «Үлкеннің батасы қабыл, жастың тілегі қабыл» деген сөздері орала береді. Ұзақ ойлануға уақыт тығыз, Шотан батыр Адай атасынан медет сұрап, ақ тілек тілеп, жолын інісі Жанұзаққа береді. Жекпе-жекке қазақтар жағынан кім шығар екен деп тағатсыздана күтіп тұрған Оғұлжан Жанұзақты көргенде, баланы қомсынып, әрі менсінбей:

— Ей, қазақтың су мұрын баласы, кері қайт! Әлі ана сүті аузыңнан кетпеген, жөргегіңнен шықпаған жас бала екенсің, обалыңа қалып жүрмейін!, — деп ат үстінде айқай салады.

Ал, қазақтың жас батыры түркімен жендетінің сөзін құлағына да қыстырмайды. Ол жемтігіне шүйілген бүркітше желе жортып, қарсыласының алдына жақындап барып, ат басын тежеп тұра қалады. Өзінше намыстанып, ашуға булыққан Оғұлжан:

— Ендеше, өз обалың өзіңе! — деп жекпе-жекке дайындала бастайды.



Жанұзақ найзасын қолына мықтап ұстаған күйі атына қамшы басып, жолбарысша атылып, ата жауының кеңірдегіне найза салып түйрей өтеді. Найзасын түйреп, Оғұлжанның көзіне көзі түсіп кеткенде, жас батыр қайран қалады. Дұшпанының көзі алмастай өткір екен. Жанұзақ астындағы атының басын тежеп кері бұрылғанда, үсті-басын қан жуып, қансырап құлап бара жатқан жау тұлғасын көреді. Енді не істерін білмей абдырап тұрып қалған Жанұзаққа Шотан батыр:

— Не болды саған? Тағы да түйре! Өлтір жауызды! — деп бұйыра айқайлайды. Есін тез жинап алған Жанұзақ қаскөй жауына бар пәрменімен найзаны екінші рет түйрейді...

Сенген батырларынан айырылған түркімендер жеңіліс тапқандарын мойындап, келген іздерімен қайтуға мәжбүр болады. Ал, қазақ жауынгерлері болса, еш шығынсыз, аман-есен оралса керек.

Шотан жолшыбай Рысалы батырдың ауылына соғып, кенже ұлының бүгінгі ерлігін аңыз етіп айтып береді.

— Ұлым, алысқан жауыңмен соңына дейін соғыспай, неге кідіріп қалдың? — деді Рысалы Жанұзаққа қарап.

— Әке, өте бір қызық жай болды, — деді Жанұзақ. — Шаншиын десем, Оғұлжанның көзі өткір екен, өтіп барады, шаншымайын десем, Шотанның сөзі өтіп барады.

Жанұзақтың тұңғыш батырлығы, алғашқы ерлігі осы күнге дейін халық аузында. Әкесіне айтқан сөздері ел арасына қанатты сөз ретінде таралып кетті.

Жас батырдың ерлігі Түркімен жеріне де аңыз болып жетіп, Оғұлжан батырдың алтыншы жас

тоқалы Жанұзаққа сырттай ғашық болып, күйеуінің жылын берген соң ауылынан қашып, ұзақ жол жүріп, Рысалы батырдың ауылына жас батырды өзі іздеп келеді. Ауылдың бір пысық әйелі Жанұзақ пен әлгі түркімен келіншегін оңаша кездестіреді.

— Ерлігінді сыртыңнан естіп, сені қатты ұнатып қалдым. Мені әйелдікке ал, аяғыңды жуып өтсем де өзімді бақытты жан санаймын, — дейді сұлу келіншек ағынан жарылып.

Бота көзді, талдырмаш бойлы жас әйел Жанұзаққа да бір көргеннен-ақ ұнап қалып, жүрегі бүлк ете түседі.

Жанұзақ пен түркімен келіншегінің бұл шешіміне бүкіл ел не істерін білмей, абыржып қалады. Ел ақсақалдары өзара келісе отырып, сол кездің өзінде ақылдылығымен, парасаттылығымен оқшауланған бала Бекетке келіп жүгінеді.

— Шырағым, жағдай осылай болып тұр. Құрдасың Жанұзақ өзі жекпе-жекте өлтірген Оғұлжанның жесір келіншегін аламын деп отыр. Сен бұл жайға қалай карайсың? Қазақ пен түркіменнің ара-қатынасы онсыз да жақсы емес, мына оқиғадан соң арамыз ушығып кете ме деп қорқамыз, — дейді қариялар ақыл сұрап.

Хиуа шаһарындағы медреседегі оқуынан жазғы демалысына келген шәкірт бұл оқиғаның бәрін алдынала сезіп, біліп отырыпты. Сөйте тұра, ол ауыл қарияларының сөздерін мұқият тындап, өз шешімін ортаға салады.

— Құрметті ақсақалдар, аландауларыңыз өте орынды, құрдасыма айтып барыңыздар, жастыққа, мастыққа салынып, әлгі түркімен келіншегіне үйленіп жүрмесін. Ол «Бір әйелдің қырсығы, қырық есекке

жүк» деген сөзді есте сақтасын. Сол әйелдің кесірі бүкіл елге тиейін деп тұр. Түркімендер оның жолын кесіп, қазақ жеріне түнделетіп кеткенін жақсы біліп те отыр. Олар қазір шұғыл түрде жасак құрып, соғысқа дайындалып жатыр. Босқа екі жақтың жазықсыз қаны төгілмесін! Иә, батырынан өлідей, жесірінен тірідей айырылған түркімендер өте қаһарлы, — деп мазасызданған Бекет орнынан тұра береді.

Ел қариялары бала Бекет айтқан билікке бір ауыздан тоқтап, түркімен келіншегіне келеді.

— Шырағым, — дейді үлкен ақсақалдың бірі сөз бастап, — Жанұзақтай батырды бағалап, жолың жіңішке әйел бола тұра іздеп келгенің нағыз ерлік пен қайсарлық. Өзінді Жанұзақ та ұнатып отыр. Бірақ, қазақ пен түркімен халықтары жер дауына, жесір дауына бей-жай қарай алмайды. Бізді дұрыс түсін, айналайын, ақылы бар бала сияқтысың, сендердің кесірлерің екі елге тиіп кетпесін, жазықсыз жанлардың өмірі қиылмасын, балалар мен қариялар жыламасын.

— Түсіндім, ардақты қариялар, — депті сұлу бір шөкім болып, кінәлі көзбен төмен карап. — Әйел заты болсам да, Жанұзақ батырды ұнатып, өз аяғыммен алыс жерден, бөтен елден іздеп келіп едім, бірақ, Алла тағала оң көзімен карамай, тағдыр екеумізді екі жаққа бөлгелі тұр. Қазақ пен түркіменнің тыныштығы жас жүрегімдегі бұлқынған мөлдір сезімнен де күшті екендігін енді аңғарғандаймын. Құдай салды, мен көндім.

Сонда ауыл қариялары түркімен аруының ақылдылығына қайран қалып, ауыр күрсінсе керек. Игі-жақсылар айдай сұлулығына ақылы мен парасаттылығы сай перизатқа ат мінгізіп, азық-түлігі мен суын мол етіп беріп, түнделетіп еліне шығарып

салыпты. Әлі ештегенеден хабары жоқ, алаңсыз ұйықтап жатқан жас батыр Жанұзақтың ақбоз үйіне кимастықпен соңғы рет қарап, бота көздері мөлт-мөлт етіп жасқа толып, түркімен сұлуы жеріне аттанып кетіпті...

Бала Бекет 15 жасында-ақ ақыл-парасатымен, зеректігімен, көріпкелдігімен екі ел арасындағы бүркете қалғалы тұрған соғыстан, орынсыз қантөгістен аман алып қалыпты. Бұл болашақ Пір Бекеттің алғашқы билігі екен.

## БЕКЕТ ЖӘНЕ КӨШЕН

Көшен – Адайдың Сегіз арысынан тарайды. Өзі бай, әрі батыр. Қолының ашықтығы, жомарттығы ел ішіне аңыз болып тараған. Оның үстіне атақты Бекетпен құрдастығы, жолдастығы бар. Ол құрдасының Құдайдың өзі берген аруақтық және көріпкелдік қасиеттерін мойындап, ең бірінші Аллаға, сонан соң Бекетке іштей сиынып жүреді. Бекет те бүкіл Адай сыйлап, құрметтейтін Көшен құрдасын батырлығы, адалдығы, кең пейілділігі үшін жақсы көріп, құрдасы десе жаны қалмайды.

Кеше ғана алыс жолдан оралып, демалып жатқан Көшеннің тыныштығын дәл үйдің жанына атының тұяғын дүрсілдетіп, шауып келген біреу бұзып жіберді. Мойнын созып қарауы сол-ақ еді, жылқышы бала түрі өрт сөндіргендей әлем-жәлем болып ішке ендіге кіріп келді.

– Батыр, жылқыны түркімендер айдап алып кетті!

Көшеннің жүзіне тік қарауға қаймыққан

жылқышы дәл табалдырықтың алдына сылқ етіп отыра кетті.

– Қашан?! Үй иесінің дауысы қаһарлы шықты.

– Жаңа ғана, – деді жылқышы бала кінәлі жүзбен төмен қарап. – Екі ағам, көрші ауылға кетіп еді, оншақты түркіменге қарсы тұра алмадым.

– Менің қасқа тұлпарымды ертте – деді Көшен бұйыра сөйлеп. – Сонан соң, жігіттермен тез хабарлас, менің артымнан тез жетсін. Түркімендерді алысқа жіберуге болмайды.

Көп ұзамай-ақ белдеуде ерттеулі тұрған кара қасқа тұлпарына қарғып мініп, үшкір найзасын қарына іле салып, Жаратқан Иесіне, сонан соң Бекет құрдасына сиынып, барымташы-жаудың соңынан жалғыз өзі қуа жөнелді. Ол құйғыға шауып келе жатып «Осыдан малымды түгел, басымды аман алып шықсам, астымдағы кара қасқаны Бекетке сыйладым», – деді іштей.

Дәл осы сәтте Бекет бір топ шәкірттерімен мешіттің ішінде отырған болатын. Өзінің аты аталғанда ол елең ете түсті. Құдайдың бір өзі берген көріпкелдігінің арқасында, жаудың артынан жалғыз өзі ғана шауып бара жатқан Көшен құрдасын мешітте отырып-ақ көріп отырды. Бекеттің азды көбейтетін, кішкентай нәрсенің өзін таудай етіп көрсететін қасиеті бар болатын. Осы қасиетті қолданудың тағы бір реті келіп тұр.

Көшен бірнеше қырат-жотадан асқанда, шетінен кіл күрең болып келетін жүздеген жылқыны алдарына салып айдап бара жатқан түркімендер анық көрінді. Батыр қыраттың ең биік жеріне тоқтап, сәл кідірді, саны тым көп дұшпанға қалайша тиісуді ой елегінен өткізіп, «О, Алла өзің қолда, Бекет саған

сиындым!» деп, астындағы оскырынып, ауыздығын қышырлата шайнап тұрған атын тебініп, қолындағы найзасын ыңғайлаған күйде төмен қарай дүрсілдете шаба жөнелді. Кенет, құлағына тұлпардың тұяқ дүрсілі шалынды, жан-жағына қарап еді, ондаған қарулы жігіт өзімен бірге жауға атойлап шауып келеді екен. «Көрші ауылдың Адайлары жеткен екен ғой» деп ойлаған Көшен барымташыларға жақындай түсті. Түркімендер өздеріне қарай қыраттан төмен шүйіліп келе жатқан 100 қаралы атты қазақтың қалын шаңын көргенде зәруелері ұшып, жылқы біткенді тастай салып, беттері ауған жаққа қаша жөнелісті. Көшен сәл болмағанда қолды болып кете жаздаған жылқыны кері қарай қайырып, дәл кезінде көмекке келіп үлгірген сарбаздарға рахмет айтпақ болып, мойын бұрып еді, өз-өзіне таң қалды. Айналасында өзінен басқа бір жан жоқ! Бұның бәрі бір Алланың қолдауы және Бекет құрдасының көмегі екендігін іштей сезіп, ризашылығын білдіріп, жылқыны ауылға қарай айдады...

Малын аман алып қалып, ауылына оралған Көшен бір-екі күн демалып, өзі жақсы көретін қара қасқа тұлпарын үйге қалдырып, басқа атқа ауысып отырды да, кіші қара қасқаны жетегіне алып, Бекет құрдасының ауылына бет алды. Бекет батыр құрдасын дәл үйінің жанында қарсы алды.

— Құрдас, ойламаған жерде түркімендер жылқымды айдап кетіп, соңынан жалғыз қууға тура келді. Ат үстінде келе жатып, өзіңнің аруағына сыйынған болатынмын. Малымды түгел қайтарып алдым, онда сенің үлкен еңбегің бар, мына қасқа тұлпарды өзіңе арнап әкеліп отырмын, — дейді астындағы атынан түсіп жатып.

– Қайтқан малда – береке көп, құрдас батыр, – дейді Бекет Көшенге күле қарап. Маған деген сыйына үлкен рахмет! Бірақ, сенің арнағаның үлкен қара қасқа емес пе еді? Бұл сертіңнен тайғаның ба, жоқ әлде шатастырып тұрсың ба?

– Құрдас, оның рас. Үлкен қара қасқа жауға қарсы шауып, әбден болдырып қалды. Мынау болса жас тұлпар, сенің қанатың болсын деп әкеліп отырмын, – деді Көшен ақтала сөйлеп.

– Көшен, – дейді Бекет. – Дос адам сыйлаған аттың тісіне қарамайды. Сый әкелмек түгілі, келмей кетсең де, менің саған ренжитін ретім жоқ. Құдайға шүкір, бір басыма, бала-шағама өз дәулетім жетіп жатыр. Атымды атадың, мен көмекке бардым. Сенің осы қылығыңа қарап, болашағыңды болжап берейін. Арауақтар құлағыма сыбырлап тұр, маған өкпелеп жүрме, құрдас. Қазіргі қолдағы бар дәулетің мен байлығың өзіңнен аспайды, яғни балаларыңа жалғаспайды. Жаңылыспасам, жетінші ұрпағыңда қайталаңады. Басың салбырамасын, құрдас. Асқан бай болмаса да, ұрпағыңнан құт пен береке арылмайды, жокшылық көрмейді.

Бекет Көшен құрдасын үлкен құрметпен сыйлап, ауылына аттандырып жіберіпті. Уақыт өте келе Бекеттің сондағы айтқаны айна қатесіз дәл келіпті.

# ӘНГІМЕ АРҚАУЫ – БЕКЕТ АТА

Үшінші бөлім

## ҚАРА ДАУЫЛ СОҚҚАН КҮН

Облыстан келген уәкіл сыздана сөйледі:

— Біз ақымақ емеспіз, қырық құлақ, қырық көзіміз бар, бәрін де біліп отырмыз. Қайдағы жоқ құдайға жалбарынасындар, өңшең кара тобыр! Кеңес өкіметінің орнағанына біршама уақыт болды, қарапайым қағиданы осы күнге дейін түсінбейсіңдер, өңшең кеше!

Дін дегеніміз барып тұрған апиын. Ол коммунизм орнатып жатқан кеңес адамдарының санасын улайды. Дүние жүзіндегі ең әділетті қоғам — социалистік мемлекетіміздің өркендеп өсуіне кесірін тигізеді. Мұны түсінетін кездерің болды емес пе? Осыдан екі жүз жыл бұрын өліп, сүйегі әлдеқашан қурап қалған қайдағы бір Бекет дегенді өздеріңше Пір, әулие санап, жасырынып сиынады екенсіңдер. Кеңес өкіметі аман тұрғанда біз ондай бейбастыққа



жол бермейміз! Көнбесеніздер, көздеріне көк шыбын үймелетіп, жазалаймыз. Күннің қайнап тұрғанына қарамастан үстіне кител киіп, тоқпақтай галстук тағып алған уәкіл Бекет Атаның мешіті алдына жиналып тұрған бір топ адамның ішіндегі иман жүзді қарияға бұрылды.

— Ақсақал сен кім боласың? Сен де Бекеттің ұрпағысың ба?

— Иә, — деді карт кісі, — Бекет Атаның бесінші ұрпағы боламын. Мына тұрған ағайындар да Пір Бекетке алыс емес, түбіміз бір, туыс жандармыз.

— Ақсақал, — деді уәкіл сұқ саусағын безеп, — мешіт деген ескіліктің қалдығы, басқа жерлерде олар әлдеқашан күл-талқан болып құрып біткен. Таудың қатпарындағы мына мешітті ертеннен бастап көрмейтін болайын. Өзің бас болып, бүгіннен қалдырмай талқандап, бұзындар, қиратындар. Бұл жоғарғы жақтың тапсырмасы!

— Шырағым, — деді қарияның түсі суып, — жасым пайғамбардың жасынан асқан кезде сен мені ондай күнәға итермелеме. Бекет Атаның қасиетті мешітін қиратуға қалай ғана дәтім барады. Бар билік сендердің қолдарында емес пе, абақтыға айдап жіберсең де, харам іске бармаймын!

Ақ дегені алғыс, қара дегені қарғыс болып, айтқанын екі етпей орындауға үйреніп қалған дөкей ашудан қалшылдап, жарылып кете жаздады. «Ит ашуын күшігінен алады» демекші, өзімен бірге еріп келген аудан басшыларына шүйлікті.

— Сендер аузын буып алған өгіз сияқты неге үндемейсіңдер?! Әлде партбилеттеріңнен айырылғыларың келе ме? Безобразия! Жуан қарны жер

сызған аудан басшысының бірі мына қызыл көз бәледен тезірек құтылайын дегендей, ортада тұрған жас жігітке бұрылды.

— Інішек, бүгінгі күннің шалдарының бәрі қырсық, шетінен қисық сөйлейді. Төрінен гөрі көрі жақын оларға бәрі бір. Болашақтарың алда ғой, осы мешіттің керегі не сендерге? Облыстан келген басшының айтып тұрғаны шындық. Қазірден бастап, бұзу жұмыстарын қолға алындар. Бұл партия мен үкіметтің тапсырмасы деп түсініндер. Жаңылыспасам, сен коммунистің ғой деймін, бұл жауапты істі саған жүктеймін, қазірден бастап кіріс!

— Ағасы, партия қатарында бар екенім рас, — деді жас жігіт ашудан жүзі түтігіп, — бірақ, бұл бұйрығыңыздан бас тартамын. Алланың алдында, Бекет Ата әулиенің алдында күнәһар болатын жайым жоқ. Сіздер де шаш ал десе, бас алып тұрсыздар. Бұл дұрыс емес!

— Тфу, — деді облыстан келген өкіл жерге былш етіп түкіріп. — Мыналардың бәрі шетінен барып тұрған топас қой. Босқа әуре болмай осы жерден тікелей Жаңа Өзенге жүрелік. Ертеннен қалдырмай екі бульдозер тракторы мен адамдар жіберемін. Бұл мешіттің күлін көкке ұшырып, талқанын шығармай мен облыс орталығына бармаймын.

Уәкіл бастаған топ қалай тез келсе, солай шұғыл кетті. Сол күні жел көтеріліп, нағыз кара дауыл соқты. Ертесіне, одан кейінгі күні де Оғландыға техника да, адамдар да келген жоқ. Үшінші күні әлгі әумесер басшының тау баурайында жол апатына ұшырап, қайтыс болғаны туралы суыт хабар келді...

## ӘКЕ АМАНАТЫ

Бүгін мойнымда жүрген үлкен қарыздан құтылғандай тұла бойым бір жеңілдеп сала берді. Үш жыл бойы Атырау мен Маңғыстау жерін кезіп, Пір Бекет туралы «Бекет Ата жолымен» атты деректі фильм түсіріп, бүгін сол туындының тұсау кесері болып өтті. Атырау облысының әкімшілігіндегі үлкен залда өткен бұл бас қосуға зиялы қауым, Бекет Атаның ұрпақтары көп жиналып, деректі туындыны жылы қабылдады. «Ақ Жайық» қонақ үйіне кешірек келгенімде қатты шаршағанымды айқын аңғардым. Ыстық душ қабылдап, жұмсақ диванға отыра беруім сол-ақ еді, біреу есікті қақты.

— Кіре беріңіз, — дедім орнымнан тұруға ерініп, — есік ашық тұр. Ішке отыз бестер шамасындағы екі жігіт кіріп, менімен ізетпен амандасты.

— Жоғары шығып, жайғасындар, — дедім шаршап отырсам да сыр бермей. Сәл ғана орнай қалған тыныштықты аққұбаша келген жігіт бұзды.

— Аға, тыныштығыңызды бұзғанымызға сізден ғафу өтінемін, — деді ол сыпайы сөйлеп, — менің атым — Бекет, ал досымның есімі — Рүстем. Екеуміз де Канадада тұрамыз, белгілі кәсіпкерлерміз. Қилы-қилы заманда тағдыр айдап, әкелеріміз итжеккен жерге кетіпті. «Ат ізін тұлпар басады» демекші, әке ұрпағын енді біз жалғастырып жатқан жайымыз бар. Осыдан екі-үш жыл бұрын Қазақстанға келгенде Оғландыдағы Бекет Атаның зиратына әртүрлі себептермен бара алмай өкініште кетіп едік. Алла-тағала қолдаса, ертең Ата басына арнайы жол жүреміз. Бүгін сәтін салып, сіздің Бекет Ата туралы деректі фильміңіздің тұсау кесеріне қатыстық. Телетуындыңыз бізге өте ұнады,

біраз еңбектеніп, тер төгіппіз, тарихи-танымдылық жағы көп екен. Ризалығымызды білдірейік деп Рүстем екеуіміз сізге арнайы келдік.

Бекет тілінің сәл акценті болмаса ана тілінде еркін сөйлейді екен. «Түсі тәуірден түнілме» дегендей, өзінің жайдары, ақ көңіл жігіт екені көрініп-ақ тұр. Шын көңілмен мақтағанды кім жек көрсін, жаңа ғана танысқан шетелдік жігіттің ниетіне ішім кәдімгідей жылып қалды.

— Аға, — деді жаңадан бері әңгімеге араласпай отырған Рүстем маған жылы ұшырай қарап, — маған да деректі фильм өте ұнады, қатты толқыдым. Өткен жылдары Канададан келген екі-үш ағайын Қазақстанға келіп, кең байтақ жердің түкпір-түкпірін аралайды. Өздерінің жеке меншік ұшақтары болған соң Бекет Атаның зиратына жолшыбай соқпақ болғанда, кенеттен қатты дауыл соғып, бүкіл әлем қара түнекке бөленіп, Оғланды маңына қона алмапты. Сол таныстарымыз Атаның ренжігенін түсініп, ағаттықтары үшін әулиеден кешірім сұрап, алыстағы Канадаға бет түзепті. Алыс жерде, шет елде жүргендіктен болар Бекет Атаның әулиелігін, құдіреттілігін толық біле бермейміз. Пір Бекеттің сол ғажайып қырларын жақсы ашып көрсетіпсіз, жеке басым көп жайға қанық болдым.

— Екеуің қоса мақтап, ағаларыңның көңілін біраз көтеріп тастадыңыздар ғой, — дедім күліп, — жақсы сөз — жарым ырыс деген, рахмет бауырларым, ақ ниеттеріңе ризамын! Бекет Ата өздерінді әрдайым қолдап-қорғап жүрсін!

— Аға, қарсы болмасаңыз, Рүстем екеуіміздің бір ұсынсымыз бар, — деді Бекет маған қарап, — таяқ тастам жерде Ақ Жайық өзенінің жағасына

орналасқан бір тамаша мейрамхана бар екен. Сонда барып еркін әңгімелесіп отырсақ дұрыс болар еді.

Шаршап отырсам да, алыстан келген ағайындардың көңілін қимай, келісімімді бердім.

Шынында да, Атырау қаласының қас ортасында кербездене ағып жатқан Ақ Жайықтың дәл жағасына орналасқан мейрамхана қыздың жинаған жүгіндей әдемі әрі тыныш болып шықты.

Шұбат пен тамақ алдырдык.

— Шіркін, Атыраудың шұбатына шұбат жетпейді! — деді Бекет тамсанып қойып, — Әкем марқұм туған жерге барып, жусанын иіскеп, шұбатынан бір дәм татсам арманым жоқ деп отырушы еді, бекер айтпаған екен.

— Шырағым, шет елде жүрген ағайындардың арасында Бекет деген қасиетті есім өте сирек кездеседі. Осында үлкен бір сыр бар сияқты, — дедім мен аққұба жігітті әңгімеге тартып.

— Дұрыс аңғарғансыз, аға, — деді Бекет, — ол үлкен бір әңгіме — әкемнің тегі Адай руынан тарайды. Туған бабам бүкіл Маңғыстауға белгілі бай адам болыпты. Кеңес өкіметі орнап, байларды қуғындап, тізе батыра бастағанда Үстіртте атакты «Адай» көтерілісі бұрқ ете түседі. Большевиктер Бакуден арнайы екі броновик жіберіп, қарусыз адайларды аяусыз қырып салыпты. Туған бабам қызылдардың сол қырғынында оққа ұшып, әкем жан сауғалап, Ауғанстан жаққа өтіп кетеді. Қарап отырсам, оның көрмеген қорлығы жоқ, тағдыр тәлкегі қаңбақтай қуып, әлемнің бір шетіндегі Канададан бір-ақ шығарыпты. Анам басқа ұлттың қызы болса да, әкем сонынан қалған жалғыз тұяқ — мені нағыз қазақ етіп тәрбиеледі. Соның арқасында қазақша тәлім-тәрбие

алдым, ана тілімде сөйледім. Марқұм кейде мені алдына отырғызып «Құлыным, мен сенің атыңды Бекет қойдым. Ол атаң бүкіл қазаққа белгілі әулие адам, үлкен Пір. Мен қиналған сәтте ең бірінші құдіреті күшті Аллаға, сонан соң Бекет Атаға сиынам. Осы күнге дейін аман-есен, тұзымның таусылмай жүргені сондықтан болар. Қайран, Бекет Ата құсап, аққу болып ұша білсем, туған жерім Маңғыстауға барып, қасиетті жерімнің топырағын сүйген болар едім, марқұм кеткен әкем мен анамның басына барып құран бағыштар едім. Оғландыдағы Бекет Атаның зиратына тағзым етер едім. Бірақ, Үстірт қайда, мен қайда? Мен туған жерге барғанның өзінде қызыл көз большевиктердің ұзын құрығынан құтыла алмаймын. Сірә, маған туған жердің топырағы бұйырмас! Көкешім, сен әлі жассың ғой, мүмкін уақыт өзгерер, заман да өзгерер. Қылышынан қан тамған қызылдардың ғұмыры ұзақ бола қоймас. Ерте ме, кеш пе, мың өліп, мың тірілген қасиетті қазақ жерінде қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған бақытты өмір болады деп сенемін. Егер жолың түсіп, атамекенге бара қалсаң, Маңғыстауға міндетті түрде ат басын бұр, Бекет Атаға тағзым жаса, ата-бабаларына арнап құран оқыт, балам», — деп өсиет айтып отырушы еді.

Тегірене сөйлеген Бекет әңгімесін дауысы дір-ілдеп аяқтады. Ымырт үйріліп, кешкі Атыраудың шамдары жарқырай бастады. Үлкен өзеннің үстіндегі атшаптырым көпірдің үстімен мәшине атаулы ерсілік-қарсылы ағылып жатыр. Бекет пен Рүстем мені қонақ үйге дейін шығарып салды. Мұхиттың ар жағынан келген қандастарыммен қимастық көңілмен қоштастым. Олар ертең таң ата бере Ақтауға жүрмек.

Одан әрі Бекет Атаның басына тағзым етіп, әке аманатын орындамақ.

«Ақ Жайық» қонақ үйінің маңында біраз бой жазып, серуендедім. Атыраудың түні бірте-бірте қоюлана түсіп, аспандағы сансыз жұлдыздар көбейе түсіп, күс жолы көрінді.

Мен оны жақсы ырымға балап, жаңа ғана елжірей қоштасып кеткен Бекет пен Рүстемге ақ жол тіледім...

## АЛТЫННЫҢ ҚОС СЫНЫҒЫ

Жыл сайын мамыр айы күшіне еніп, Жер-Ана сұлулық әлеміне енгенде біз елендеп, алыстан келетін қадірлі қонақтарымызды күтуге алдын-ала дайындала бастаймыз. Ақтөбеден туған атам мен енем ат шаршатып келгенде, шаңырағымыз ерекше бір қуаныш пен бақытқа бөленіп жүре береді. «Алтынның сынығы, тұлпардың тұяғы» демекші, 89 жастағы атам Ахмет пен 86 жастағы енем Таразы текті жандар. Атам бүкіл қазақтың піріне айналған Бекет Атаның тікелей ұрпағы, ал, енем болса, атақты Ізім жыраудың туған немересі болып келеді. Өмірдің талай белестерінен асып, тағдырдың небір қатерлі өткелдерінен өткен Ахмет ақсақал бүкіл Үстіртке белгілі Алдаоңғар сопының баласы. Көріпкелдігімен, әулие және емшілігімен аты шығып, көпшілікке шапағаты тиген Алдаоңғар шаш ал десе, бас алатын қызыл белсенділердің қуғынына ұшырап, туған жері Бейнеуді тастап, Ақтөбе өңіріне көшуге мәжбүр болады.

«Бекет Ата жолымен» атты деректі фильмді түсіріп жүргенде Бейнеу ауданында болғаным бар. Бұл

атақты Адай көтерілісі болған қасиетті жер. Қазақ жерінде бұрқ ете қалған көтерілісті күшпен басу үшін Сталиннің бұйрығымен Баку арқылы екі броневик жіберіліп, қарусыз халықты аяусыз қырып салады. Осы қасіретті зерттеушілердің айтуынша, 12 мың ер-азамат атып, өлтірілген. Жазалаудан аман қалғандары Ауғанстан, Иранға және басқа да жерлерге еріксіз қоныс аударады.

Дінсіздер Бекет Атаның салған мешіттерінің көбісін тас-талқан етіп бұзып, БКП Орталық Комитеті Адай руынан тараған ағайындарды басшы қызметке тағайындамау туралы арнайы қаулы шығарғанын көбіміз біле бермейміз. Бекет Атаның ұрпағы, көріпкел, әулие Алдаоңғар сопы осы қырғыннан Алла тағаланың құдіретімен аман қалған жандардың бірі.

Бейнеудегі Бекет Атаның мешітінде болып, көнекөз қариялармен сөйлескенімде, олар Алдаоңғар сопыны білетін болып шықты.

— Өзі өлсе де, сөзі өлмейтін қасиетті жан болыпты жарықтық, Құдайдың мұнысына да шүкір, артында ұрпағы қалыпты, — десті олар тебірене.

Алдаоңғар сопының баласы Ахмет кішкентай бала кезінен ауыр еңбекке араласып, Ұлы Отан соғысы басталғанда өз еркімен майданға аттанып, төрт жарым жылға созылған қырғын соғыстан аман-есен оралып, теміржолда жұмысшы, мастер болып еңбек етеді. Ұзақ жылдар бойы Алға қаласындағы химия зауытында еңбек етіп, құрметті еңбек демалысына шығады. Ерен еңбегі жоғары бағаланып, Еңбек Қызыл Ту орденімен марапатталады. Өмір бойы біреудің ала жібін аттамаған адал адам Ахандай-ақ болар. Сөзге жоқ, нағыз істің адамы.

Жеті бірдей ұл мен қыздың анасы Таразы туған



атасы Ізім жырауға тартқан, сөзге шешен, тереңнен ой қозғайды, жасы тоқсанға жақындап қалса да, қолынан кітабын тастаған емес, радиодан, теледидардан жақсы хабар беріп жатса, қалт жібермейді.

Өнер мен әдебиетке біртабан жақын, Мұқағали мен Төлегенді, Темірхан мен Ұлықбекті жатқа оқиды. Оралхан мен Дидахметтің шығармаларын жоғары бағалап отырады.

Таразының анасы Бибіғайша 35 жасында үйелмелі-сүйелмелі бес бірдей баламен жесір қалып, өмірдің ауыртпалығын көп көреді. Ұлдарының қызығын енді көрем деп отырғанда Ұлы Отан соғысы басталып, Елеш, Қалмен, Қапа өз еріктерімен фашист басқыншыларына қарсы соғысқа аттанып, кескілескен ұрыстарға қатысады. Қалмен жойқын соғыстың алғашқы айларында шейіт болып, ал Елеш хабар-ошарсыз кетеді. Соғысқа кеткен 3 ұлдың арасынан Қапа ғана елге аман-есен оралады.

Жас кезінде енем көрікті, жез тандай әнші болыпты. Қазақтың бұлбұл әншілерінің бірі, Қазақстанның Халық әртісі Жамал Омарова Ақтөбе өңіріне келген бір гастрольдік сапарында жас өнерпаз Таразының өнеріне тәнті болып, оны Алматыға алып кетпек болады. Бірақ, анасы Бибіғайша қызын алысқа жіберуге кимай, бойжеткен қыз ауылда қалып қояды. Тағдыр деген қызық қой, кім біледі, астанаға кеткенде Таразы Шаймерденқызы қазақ өнерінің көрнекті өкілі болуы да ғажап емес еді.

Енемнің ақжүректігі мен мейірмандылығы, ақылгөй мен үлкен парасаттылығы мені осы күнге дейін таңқалдырады. Қаламгер болғандықтан мен көбінесе енем жақты төңірекеймін, екеуміздің

әңгімеміз де таусылмайды. Енемнің зеректігіне, есте сақтау қабілетіне қайран қаламын.

— Шырағым, Бекет Ата туралы түсірген деректі фильмді көрдім, жазған ғылыми-танымдық кітабыңды оқыдым. Көп ізденіпсің, танымдылығы мол дүниелер екен. Халық «Ердің соңы — Есет, Пірдің соңы — Бекет», — деп тегін айтпаған. Бекет пірді әлі де терең зерттей түс, іздеген адамға құнды дүниелер жетеді, — деп мені әдеттегідей колдап, қанаттандырып қояды.

Бірде енем Алдаонғар атасы туралы қызықты әңгіме айтты.

— Ахмет екеуіміз 1949 жылы көңіліміз жарасып, тұрмыс құрдық. Ол кезде атам жарықтық жетпістен асқан қария болатын. Жұрт біткен атамның көріпкелдігі, әулиелігі туралы аңыз етіп айтады. Жас кезімде комсомол қатарына ілініп, мен де белсенді, болдым, ол кезде молда, дін атаулыға күмәнмен қарайтын кезіміз.

Бірде атам, қайын інім Бакдәулет, қайын сінлім Сәуле төртеуіміз Жем өзенінің жағасында демалып отырдық. Әлі қыркынан шыға қоймаған тұңғышым Гүлжан менің алдымда еш алаңсыз ұйықтап жатыр. Жанадан салынып жатқан Құлсары — Мақат темір жолында мастер болып еңбек ететін күйеуім Ахмет сол күні жұмыста еді.

— Ата, — дедім мен еркіндеу сөйлеп, — Сіз жайлы аңызға беріксіз әңгімелерді көп естимін. Ағып жатқан өзенді дұғамен теріс ағызады екенсіз. Суға сүңгіп, балықты аузыңызбен тістеп аулай беретініңіз рас па?

Атам жарықтық көп сөйлемейтін жан еді. Ол маған және жанымда отырған Бакдәулетке бір қарап,

үстіндегі сыртқы киімдерін шешті де, көйлек-дамбалшаң өзенге күмп етіп түсіп, сүңги жөнелді. Арада екі минут өтпей жатып, аузына бір балықты тістеп, екі қолына екі үлкен балықты ұстаған күйі жағаға шығып келе жатты.

Мен жастыққа тән әбестігім үшін ұялып, төмен қарадым.

Менің енем Таразы Ізім жыраудың туған баласы Шәймерденнің қызы. Әкесі Ақтөбе жеріне Кеңес өкіметін орнатуға үлкен үлес қосқан революционердің бірі болыпты. 1927 жылы Батпақты деген жерде түркімен қарақшылары есіл ерді абайсызда қолға түсіріп, асып, өлтіріп кетеді. Жастайынан әкесіз қалған Таразы мен інісі Сейілхан жетімдіктің қасіретін көп тартады. Кезінде академик Ахмет Жұбанов айрықша назар аударған Ізім жыраудың ақындық жолы осы күнге дейін зерттелмей келе жатқаны ащы болса да шындық. Қазақстанның батыс өңіріне, көршілес Қарақалпақстанға есімі жақсы белгілі жыраудың өлеңдері «Бес ғасыр жырлайды» жинағына енбей қалуы да өте өкінішті жай.

Жырау атасының асыл мұрасын іздеп, оны бойтұмардай сақтап, шырылдап жүрген 86 жастағы кейуана Ізім жырау, оның өмірі, тағдыры туралы талай-талай жүрек тебіренер әңгіме айтты.

Ізім 12 жасында Хиуаға бет түзеген саудагерлер керуеніне ілесіп жолға шығады. Орта жолда ойланбаған жерден түркімендер шабуыл жасап, адамарды өлтіріп, бүкіл дүниесін тонап алып кетеді. Ізім осы қырғыннан аман қалып, қалың өскен сексеуілдің ішіне тығылып қалады. Біршама уақыт өткен соң жас баланы шөл қыса бастайды. Бір жұтым

суға зар болған болашақ жырау қиналып отырып әкесінің:

— Құмды қазып, бауырыңды төсесен шөлдемейсің, — деген сөздерін есіне алады. Ол жалмажан құмды қазып, бауырын төсеп жата кетеді. Әкесінің айтқаны рас болып шығып, тұла бойын қысып әкетіп бара жатқан шөл қайтып, Ізімнің көзі ілініп жүре береді. Өлім мен өмірдің арасында арпалысып жатқан бала ұйықтап жатып түс көреді. Астына ақ есек мінген қария: «Балам, орныңнан тұрып, Хожеліге барып, базардың ішінде өлең айт», — деп ғайып болады. Ізім оянып кетіп, орнынан тұрса, сеңсе бөрік киген екі түркімен бұған төне қарап тұр екен.

— Мына қазақтың бөлтірігін бауыздап, өлтіріп кетейік, — дейді түсі суық жас түркімен қынабынан канжарын суырып.

— Қанша дегенмен, мұсылманның баласы емес пе, обал болады, — дейді егделеу түркімен. — Менің балам жоқ еді, ұл етіп алайын. Ол беліне байлаған торсығын шешіп, екі көзі алақтап, қорқып отырған Ізімге сусын беріп, атының артына мінгестіріп жүріп кетеді.

Ұзақ сапардан соң Ізімді өлімнен құтқарып қалған түркімен аттан түсіп, жас баланы ертіп, үйіне кіреді. Ізімнің көзі қабырғада ілулі тұрған домбыраға түсіп, аспапты қолына алады. Өмірінде домбыра тартып көрмеген бала оның бұрауын келтіріп, шерте жөнеледі. Жүректі тебірентер, көңілді толқытар сазды үн мен әдемі жыр Ізімді де, үй ішіндегі түркімендерді де ерекше бір сезімге баурап алған. Үлкен-кіші қазақтың өнерлі кішкентай баласына аңтарыла қарап қалыпты.

— Ойпырмай, мына бала тегін адам болмай

шықты. Керемет жыршы екен өзі! — дейді түркімендер таңқалысып.

Ізім Хожелінің базарына барып, жыр айтып, күндер өтіп жатады. Жас жырау елге, халқына, бауырларына деген үлкен сағынышын жыр етіп төгіп, жүректегі шерін таркатады. Ол бірде құжынаған базардан таныс саудагерді көріп қалып, бастан кешірген оқиғаларын егіле отырып айтып береді.

— Ағатай, елді сағындым, мені бөтен жерге тастап кете көрмеңіз, өзіңізбен бірге ала кетіңіз, — деп керуен басына жалбарына карап, көзінің жасын төгіп-төгіп жібереді.

Иман жүзді керуен басы Ізімді асырап алған түркімен ақсақалына жолығып, сый-сияпатын беріп, жыршы баланың елге қайтуына рұқсат беруін өтінеді. Ізімге әбден бауыр басып қалған қария қимастық сезіммен қоштасып, ақ батасын береді. Ізім жырау елге осылайша оралады.

Кейін Кіші жүздің Тама руынан шыққан Ізім жырау Қазақстанның батысына, көршілес жатқан Қарақалпақстанға есімі білгелі жырау болып, артында үлкен мұра қалдырады.

Қазақтың көрнекті жырауының мына жыр жолдарын Ізімнің туған немересі, менің туған енем Таразы Шаймерденқызының аузынан жазып алдым:

Мен сөйлейін жарандар,  
Құлақ салып тындандар.  
Ағайыннан етім аз,  
Дұшпанымнан досым аз,  
Сен бір айдын, мен бір қаз.  
Айдыныңа қонайын,  
Шет жерден келген ағайын,  
Ал, ортаңда болайын.

Ағайын аңсап келген соң,  
Құрбылар қоршап келген соң,  
Домбырамды қолға алып,  
Сөйлетейін тілімді,  
Тәңір берсін білімді.  
Таудай нәсіп көрінсе,  
Құмырсақдай бұл болмас,  
Шын алтын жез болмас.  
Мен сөйлейін ағалап,  
Електің бойын жағалап.  
Сөйлесем нем кетеді,  
Сөйлемесем мазам кетеді.  
Ақсақ қойдай шоңқандап,  
Ажал да бір күн жетеді.  
Руымды сұрасаң,  
Қарада Бура Тамасы,  
Бұл сөзіме құлақ сал,  
Алты Алаштың баласы.  
Жаз жайлауым сұрасаң,  
Қараған сай-саласы.  
Қыс қыстауым сұрасаң,  
Батпақтынын жағасы.  
Отыз екі таңбалы,  
Кіші жүздің бір баласы.  
Алдыма келсең аламын,  
Артыма келсең шаламын,  
Көп Таманың ішінде  
Ізім бір атты баламын.

Бұл өлең атадан-балаға, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып, бізге жетіп отыр. Өкінішке орай, Ізім жыраудың өлеңдері қағаз бетіне түспегендіктен, көптеген інжу-маржандарымызды жоғалтып алдық. Осыдан алпыс-жетпіс жылдай бұрын Ақтөбе, Орал

өнірінің, Қарақалпақстанның көнекөз, құйма құлақ қариялары Ізім жыраудың жырларын жатқа айтушы еді, бүгінде олар арамызда жоқ.

Жоғарыда айтып өткендей, сазгер, әдебиеттің үлкен жанашыры, академик Ахмет Жұбанов Ізім жыраудың өнеріне айрықша көңіл бөліп, құнды дүниелер жазып еді, оның біразы жарық та көрді, жарияланбағаны қаншама десеңізші! Олардың көбісі мұрағаттарда шаң басып жатуы да әбден мүмкін.

Ізім жыраудан қалған ұрпақ бүгінде негізінен Ақтөбе, Атырау облыстарында тұрады. Жыраудың қызы Қанаштан туған Жұмағали Әлиев зейнеткерлікке шыққанға дейін Қарақалпақстан АССР-і Жоғарғы Советі Президиумының төрағасы болып, абыройлы еңбек етіп, кейінірек ол жанұясымен Ақтөбе облысының Алға қаласына көшіп келді. Дүниеден озған ардақты жанның ұрпағы бүгінде Алға қаласында тұрып жатыр.

Талай ғасырлар бойы аңсаған тәуелсіздігімізді алып, егеменді ел болдық. Өшкеніміз жанып, өлгеніміз тіріліп жатыр. Ұзақ уақыт бойы жетім баланың күйін кешкен тіліміз, дініміз, салт-дәстүріміз, өнеріміз бен әдебиетіміз жанданып, жаңа сипат ала бастады. Дегенмен, атқарылған істен, жүзеге асатын игі шаралар әлде қайда көп. Соның бірі — бес ғасырдан астам ғұмыры бар қазақтың жыраулық өнерін жан-жақты зерттеу болып табылады. Ұлтымыздың жыраулық өнерінің ортасынан ойып тұрып орын алатын Ізім жыраудың есімі ерекше. Олай болса, оны жан-жақты зерттеу тарихшыларымыздың, әдебиет зерттеушілеріміздің төл міндеті. Осы игі істі Қарақалпақстандағы Мемлекеттік университетінің қазақ тілі және әдебиет факультеті, Ақтөбе, Ақтау,

Қызылорда, Алматы қалаларындағы гуманитарлық жоғарғы оқу орындары қолға алып жатса, нұр үстіне нұр болар еді. :

Жазмыш, тағдыр деген осы болар, бүкіл қазақтың Пірі атанған Бекет Атаның тікелей ұрпағы Ахмет қария мен қазақтың жыраулық өнерінде шоқтығы биік Ізім жыраудың туған немересі Таразыға күйеубала атандым. Тереннен тартқан тектілік болар, қос қария да бүкіл қазақты аузына қаратқан Бекет Пір мен Ізім жырау аталары сияқты халқының, ұрпағының еңсесінің биік, іргелі ел, бақытты ұлт болғанын тілейді. Сондықтан да, мен осы бір тұла бойлары жақсылыққа, парасаттылыққа, тектілікке толы жандарды алтынның қос сынығына теңеймін.

...Биылғы Сиыр жылының көктемі суықтау, жанбырлы болып тұр. Ауа-райын зерттеушілердің болжамы бойынша, маңыр айы жауын-шашынсыз, шуақты, әр жылы болмақ.

Біз де күннің тез жылынуын асыға күтіп жүрміз. Ауа-райының қабағы сәл жылыса, атам мен енем Алматыға жыл құсындай ұшып келіп, шаңырағымыз қуаныш пен бақытқа бөленіп жүре береді.

## ЖОЛ ҮСТІНДЕГІ ӘҢГІМЕ

Бекет Ата туралы деректі фильмді толық аяқтағанда, уф деп демімізді еркін алдық. Енді ұялмай-қызармай көрсетуге болады. Асығыс билет алып, Маңғыстаудағы Бейнеу ауданына жүріп кеттім.

Осы деректі туындыны жасауға қол ұшын берген, қазақ тарихы мен өнерінің үлкен жанашыры, Бейнеу ауданының әкімі Басшы Әзірханов пен «Бекет





**Атырау облысы Жылыой ауданындағы Бекет Атанын Ақмешіті.**



**Бекет Атанын Ақмешітінде. Солдан оңға қарай: Атырау облысы әкімінің бұрынғы орынбасары Есенгелді Нұршаев, Қазақстанның халық жазушысы Әбіш Кекілбаев және Жылыой ауданының бұрынғы әкімі Төкен Жұмағұлов.**



Бекет Атаның Ақмешітіндегі ілінген тақта.





**Бекет Атаның ұрпағы, соғыс және еңбек ардагері Ахмет Алдаонгаров жұбайы Таразы Шәймерденовамен бірге.**



**Бекет Атаның Ақмешітінде. Солдан оңға қарай: Ақмешітті қайта салу жұмысына көп еңбек сіңірген аудан әкімі Төкен Жұмағұлов, материалдық көмек жасаған Серік Сағытжанов, осы ғимараттың басталуына бағыт берген облыс әкімі Равиль Шырдабаев, рухани демеушілік жасаған Есенгелді Нұршаев және Ақмешіттің бас имамы Ислам Мырзабекұлы.  
1998 жыл, қыркүйек.**



**Бейнеудегі Бекет Ата мешіті.**



**Бейнеудегі Бекет Ата мешіті басында. Солдан оңға қарай:  
Бекет Ата қорының төрағасы Махамбет Кереев,  
Бекет Атаның алтыншы ұрпағы, Бейнеу мешітінің шырақшысы  
Қалыбегі Ташаев және Бейнеу ауданының әкімі Басшы Әзірханов.**



**Оғыландыдағы жаңадан бой көтерген Бекет Ата мешіті.**



**Бекет Атаның ұрпақтары — Қазақстанның еңбек сіңірген агрономы Мінкән Оразов (сол жақта) және «Мырзакент» акционерлік қоғамының Шардара филиалының директоры Сейсен Қуан — Шардара өңірінің ардақты азаматтары.**



Оңтүстік Қазақстан облысының Жетісай қаласында тұратын Бекет Атаның ұрпағы Көбен Сарымолдаев Бекет Атадан қалған қасиетті үйдің мандайшасын ұстап тұр.



Ақмешіттің кешкі көрінісі.



**Қарияның ақ батасы.**



**Бекет Атаның пайдаланған жәдігерлік заттары:**

**1. Асатаяк.**

**2. Шоттар.**



Ақтау қаласы маңындағы Қошқар Ата ескерткіші.



Бекет Атаның ұрпағы, «Мырзакент» акционерлік қоғамының Шардара филиалының директоры Сейсен Қуан (сол жақта) жанұясымен бірге.





**Елбасы Н.Ә.Назарбаев пен Қазақстан Жоғары Кенесінің төрағасы Ә.Кекілбаев Шопан Ата құдығы басында. 1994 ж.**



**Оғландыдағы қасиетті бұлақ.**



Манғыстаудағы Ақмыш тауы.



Оғландыдағы Бекет Ата мешіті қайта қалпына келтірілгеннен кейін.



**Акмешітке барар жолда.**



**Акмешіттің бас имамы Ислам қажы Мырзабекұлы.**



**Ақтау қаласындағы Бекет Ата мешіті.**



**Бейнеудегі Бекет Ата  
мешітінің шырақшысы  
Қалыбегі Ташаев.**



**Маңгыстау облысы. Бейнеу ауданындағы Бекет Ага мешітіне барар жолда.**



**Оғландыдағы қонақ үйі.**



**Жазушы-кинодокументалист Доктырхан Тұрлыбек және Жетісай қаласындағы Бекет Атаньң ұрпағы Көбен Сарымолдаев.**



**Жем өзені.**



Алматы қаласындағы Бекет Ата мешіті.



Алматы қаласындағы Бекет Ата мешітінің алдына қойылған тақта.



**Бекет Атаның 250 жылдығы.**



**Бекет Атаның 250 жылдығына келген қонақтар.**





**Бекет Атаның 250 жылдығында. (Ортада Манғыстау облысының сол кездегі әкімі Ләззат Қиынов). 2000 жыл.**



**Күнбатырдағы Каспий.**



**Бекет Атаның бақилық орнына апаратын жол.**



**Шақлақ Ата бейіті.**



Маңғыстау облысы, Бейнеу ауданының орталығындағы жаңа парк.



Бекет Ата қолданған қасиетті босаға.



Шеркала.



Манғыстау түйелері.



**Кішкентай Адайлар.**



**Теңіз таулары.**

## Бекет Ата рухын асқақтатып жүрген зиялы жандар



Ақтау облысының ардагер азаматы Жаздырхан Сейдалиев.



«Қазақстан Коммерц» акционерлік қоғамының төрағасы Жаугашты Нәбиев.



Оңтүстік Қазақстан облысындағы «Мырзакент» акционерлік қоғамының «Шардара» филиалының директоры Сейсен Қуан.



**Қазақтың талантты күйшілерінің бірі Айгүл Үлкенбаева.**



**Атырау өңіріндегі зиялы азамат, үлкен өнер иесі Нариман Үлкенбаев.**



**Алматы қаласындағы Сызганов атындағы медициналық ғылыми-зерттеу орталығының бөлім меңгерішісі, медицина ғылымдарының докторы, профессор Гүлім Ахметқызы Алдаоңғарова**



**Сақып Керелбаев —  
Маңғыстау облысы әкімінің  
бұрынғы бірінші орынбасары.**



**Зұлпар Сүйінішов —  
Атырау облыстық мұрағат  
басқармасының бастығы.**



**Әнші Гүлмайлан Сүндетова, белгілі күйші, Қазақстанның халық  
әртісі Әзидолла Есқалиев және оның қызы, өнер жанашыры Алма  
Есқалиева.**



Ата» қорының төрағасы Махамбет Кереев, Бекет Атаның алтыншы ұрпағы, Бейнеу мешітінің имамы әрі шырақшысы Қалымбегі Ташаевқа көрсетпекпін. Алматы — Маңғыстау жолаушылар пойызы Құлсары қаласына жеткенде, купедегі босаған төменгі орынға жасы жетпісті алқымдап қалған ақсақал жайғасты. Адам баласын жатырқамайтын ашық-жарқын жан екен, көптен бері білетіндей амандық-саулық, жөн сұрасып жатыр.

Мен жақында ғана жарық көрген «Бекет Ата» кітабын карағыштап отырғанмын. Жол серігімнің көзі бірден сол кітапқа түсті. Рұқсат сұрап, қолына алып, біресе маған, біресе кітапқа қарады.

— Бәсе, бәсе, түрінді шырамытып отыр едім, Пір Ата туралы фильм түсіріп, кітап жазып жүрген бауырымыз сен екенсің ғой, — деп маған жылы ұшырай қарады.

Бейнеу ауданының тұрғыны Тұрғанбек ақсақалмен осылайша танысып, шешіле әңгімелесіп кеттік.

— Қашқан адам да, қуған адам да сиынған Бекет Ата шын мәнінде тегін адам емес қой. Арада қанша уақыт өтсе де, бүкіл ісі қазақ ең бірінші Алла тағалаға, сонан соң Бекет Атаға сиынып, Пір тұтып келеді, — деп тебірене үн қатқан жолаушы маған есте қаларлық бір әңгіме айтып берді.

Сонау алыстап кеткен 1970 жылдың жазы болса керек. Жүргізуші болып еңбек ететін Тұрғанбек мұнай көзін іздеп жүрген кен барлаушыларға азық-түлік апармақ болып, Жана Өзен қаласынан Оғланды жаққа тұлсызат бермей жатып, жол жүріп кетеді. Бұл кездіңсіздік белең алып, көп адамдардың Жаратқан иемізді, Маңғыстау жерінде жиі кездесетін өулие

жандарды ауызға алуға қорқатын шақ. Мамандығы жүргізуші болғандықтан, әулиелер тұнып жатқан қасиетті жермен Тұрғанбек әрі-бері жиі жол жүрсе де, онша мән бермейтін. Бір-екі рет Бекет Атаның Оғландыдағы ескі мешітін сұраған екі-үш жолаушыға жөн сілтеп жібергені бар.

Тамыз айының басы болғандықтан, күн тез ысып кетті. Жол ауыр, таулы-тасты болғандықтан жүк мәшинесі ыңырана жүріп келеді. Пір Бекеттің зираты жатқан Оғландыға жақын қалғанда Тұрғанбектің көзі айдалада тұрған иесіз «Уазикті» көрді. Шофер әлгі көліктің жанына тоқтап, айналасына әрі-бері қарады, ешкім көзге шалынатын емес. «Уазик» машинасының бір жері бұзылған болуы керек, жолаушылар оны тастап, баратын жерлеріне жаяу тартып кетіпті. Олардың Бекет Атаның зиратына арнайы келген жолаушылар екенін іштей білсе де, Тұрғанбекті шайтан түртіп, көлікті әрі-бері шұқылай бастады. Екі бағі де жанар-жағармайға толы екен. Жүргізуші көп ойланбастан, барлық бензинді арнайы резеңке тұтқа арқылы өзінің мәшинесіне құйып алып, жолда кездесе кеткен оңай олжаға мәз болып, қайтадан жолға жиналды. Бұл айналаны бес саусағындай жақсы білетін тәжірибелі жүргізуші сол күні оңбай адасады. Айдаладағы сансыз жолдармен шыр көбелек айналып, қайта-қайта әлгі «Уазиктің» жанынан шыға береді. Үшінші рет иесіз көліктің жанына тоқтағанда Тұрғанбек қорқып кетті. Бір тылсым күдіретті іштей сезген жүргізуші алғаш рет көптен бері ауызға алмай жүрген Құдайды атап, Бекет Атасына сиынады. Ол ақаулы болып, жүрмей тұрған машинаның жанында тұрған үш жігіт ағасына кінәлі жүзбен амандасып, болған жағдайды ашық айтып, кешірім сұрайды.

— Ә, бәсе, бар жанармайды қопарып кеткен сен екенсің ғой, — дейді елуді енсерген ағайын күле сөйлеп. — Дәл осы жерге жеткенде көлік бұзылып, бес-алты шақырым жердегі Бекет Атаның зиратына барып, құран бағыштап келсек, көлік бензинсіз қалыпты. Бекет Атамен ойнауға болмайды, көзің енді жетті ме, замандас.

Тұрғанбек ұяттан өрттей қызарып, жолаушы жігіттерден қайта-қайта кешірім сұрап, өзі ұрлап құйған бензинді қайта құйып беруге мәжбүр болды. Бұзылған мәшиненің ақаулы жерін дөп тауып, тез жөндеп береді де, өзі асығыс жолға аттанады.

Сол күні Тұрғанбек бірінші рет Оғландыдағы Бекет Атаның зиратына соғып, тағзым етіп, Құдайдан, Пір Бекеттен бүгінгі пендешілігіне кешірім сұрайды.

— Осы оқиғадан соң әрі-бері өткенде Бекет Атаның бейітіне соғып, тағзым етіп, құран бағыштап жүрдім. Бір құдіреттілігі, арақ, темекі атаулыны мүлдем тастап кеттім. Соңғы бес-алты жылда жанұямның берекесі де кетіп жүр еді, бәрі де орнына келді. Жұмысым да берекелі болып, кейін сырттай жоғарғы оқу орнын бітіріп, үлкен автобазаның бас инженері болдым. Бүгінде құрметті демалыстамын. Жұбайым екеуміз ұлдарымызды — ұяға, қыздарымызды — қияға ұшырып дегендей, немерелі-шөберелі болып отырмыз. Осындайда бірінші Аллаға, екінші Бекет Атаға бас иемін.

Тұрғанбек ақсақал Ақтауға қарай жол жүріп, мен қоштасып, Бейнеу станциясынан түсіп қалдым. Пойыздан түсе берісте Махамбет досым ыржия күліп, қарсы алды. Маусым айының арайлы таңы атып, айналасына нұрын шаша бастады. Мен оны жақсы ырымға жорыдым...

## БЕКЕТ АТА ҚОЛДАП ЖҮР

Екі жылдай Атырау және Маңғыстауды аралап, Бекет Ата туралы бір сағаттық деректі фильм түсірдім. Айтулы туындының алғашқы нұсқасын Бекет Атаның қарашанырағы сақталған, Жетісай қаласының тұрғыны Көбен ақсақалдың үйінде бір топ Пір атаның ұрпақтары болып бірге көрдік. Есімі Оңтүстік Қазақстан өңіріне жақсы белгілі, журналист, ақын Жұмабек Мұқановпен осы қасиетті шаңырақта таныстым.

— Ата туралы түсірген деректі туынды маған өте ұнады, көп ізденіпсің. Эфирге ұсынбастан бұрын Әбіш Кекілбаев ағамызға көрсетіп алғаның жөн деп санаймын. Меніңше, жеті рет өлшеп, бір кескенің дұрыс болар еді, — деді Жұмабек Шардара қаласына жақындағанда өз ойын ортаға салып.

— Әрине, көргені дұрыс қой, бірақ, ол кісінің киноны көруге уақыты табыла бере ме екен? — дедім екі ұшты жауап беріп.

— Меніңше, уақыт табылады, сенің атыңнан мен өтініш айтып көрейін, жақын ағам, сөзімді жерге тастамас, — деді Жұмабек сөзін нықтай түсіп.

Жұмабектің Шардарадағы үйіне түсіп, шай ішіп болған соң, әріптесім Астанадағы Әбіш ағасына телефон соғып, амандық сұрасқан соң, тікелей шаруасына көшті. Екі-үш минут сөйлесіп, телефон тұтқасын көңілді қойған үй иесі маған жадырай қарады.

— Жолың болды, күйеу бала! Әбіш аға келісті. Алматыға жетісімен Астанаға тарт, — деп тұлғалы ағаның телефонын жаза бастады.

Мен ол күні Алматыға жол жүріп, арада екі күн өтпей жатып, Қазақстан Республикасы Сенатының депутаты, көрнекті жазушы Әбіш Кекілбаевтың қабылдау бөлмесінде отырдым.

Әбіш ағаны кішкентай кезімнен оқып өстім, ылғи көз алдыма парасатты, мейірімді, етек-жеңі кең ел ағасын елестетуші едім. Сенат депутатының көмекшісі көп күттірмей ішке кіруімді өтінді. Үлкен бөлменің төрінде отырған Кекілбаев мені көптен білетін жандай жылы қарсы алды.

– Бекет Атан туралы деректі кино түсірген екенсің, құтты болсын, айналайын! Пойыздан жаңа ғана түскен боларсың, кел, бір-екі кесе шай ішіп ал, сонан соң киноны бірге көреміз.

Шай ішіп болған соң, Әбекең көмекші келіншекті шақырып, мен әкелген дискіні косуды өтінді. Ұзақтығы бір сағаттық деректі фильмді мұқият көріп, сәл үнсіз отырды да маған бұрылды.

– Шырағым, бұл Бекет Ата туралы алғашқы деректі фильмдердің бірі. Туынды маған ұнады, біраз тер төгіпсің, Бекет Атаны жеңіл-желпі емес, ғылыми тұрғыдан танытуға деген талпынысың маған ұнады. Деректерді де дұрыс пайдаланғансың.

Дегенмен, деректі фильмнің осал тұстары да жоқ емес. Мысалы, Бекет Атаның 250 жылдығын тек фото суреттер арқылы беріпсің. Жаңылыспасам, «Хабардың» қорында Пир Бекеттің үлкен асы туралы жанды көріністер бар. Ерінбей соны іздеп тауып, киноға пайдалансаң, ұтасың. Деректі фильмнің мәтінін белгілі диктор Омархан Қалмырзаев тәп-тәуір оқыпты, бірақ дыбыс жазғанда кейбір кемшіліктерге жол берілген. Байқадың ба, дауыс ырғағы бірде жоғары, бірде төмен. Деректі туындының осы бір осал

тұстарын жөнге келтірсең, кез-келген телеканалға ұялмай ұсынуға болады.

Үлкен суреткер жазушының айтқан ескертпелерін қойын кітапшама түртіп алдым. Әбекеннің әрбір сөзінде шынайы жанашырлық пен қолдау, бұлақтың көзі ашылып кетсін деген ақтілек жатыр. «Жылы сөз – жарым ырыс» демекші, кәдімгідей қанаттанып қалдым. Әбіш аға мені қалай жылы қарсы алса, дәл солай жылы шығарып салды.

– Доктырхан, – деді ол қоштасарда – байқап отырмын, Бекет Атаң туралы түсірілген кинонда ерекше бір сүйіспеншілдік, ыстық ықылас жатыр. Атаға қандай жақындығың бар?!

– Менің туған әкемнің Бекет Атамен рухани жақындығы сонау күркіреп өткен соғыс жылдарында окоп ішінде басталған екен. Атаны қазақтың Пірі ретінде тануға, оның адамзат бойында сирек кездесетін қасиеттерін ғылыми тұғырдан білуге деген құштарлық менің еншіме тиіпті.

Әбіш аға, ер жігіттің үш жұрты бар емес пе? Олай болса, Бекет Атаның ауылы менің қайын жұртым, яғни бір жұртым.

– Бәсе, осының бәрі кездейсоқ жай емес екендігін іштей сезіп едім. Өркенің өссін, айналайын! Бекет Атанды танығаның – дүниедегі, ізгілік пен жақсылықты танығаның. Бекет Ата өзінді қолдап-қорғап жүрсін.

Жүрдек пойызбен Алматыға қайтып келе жатып, алыстап кеткен балалық шағымды есіме алдым. Бекет Атаның есімін он бес жасар бала кезімде әкемнің аузынан тұңғыш естігенім бар еді. Менің әкем Тұрлыбек өмірден көргені мен түйгені көп, қалың қазақ қырылған ашаршылықты да, ажал болып

жалмандаған қырғын соғысты да көрген, солардан аман қалған қазақтардың бірі.

Бірде әкем соғысқа бірге кеткен бір құрдасымен әңгімелесіп отырды.

– Тұрлыбек, кеше дүниеге келген туыс ініннің баласына Бекет деп ат қойдың. Бұл есім біздің жақта кездеспейді. Соның себебін айта отыршы, – деді әкемнің майдандас досы тосын сауал қойып.

– Дұрыс аңғарған екенсің, құрдас. Иә, біздің елде Бекет деген ат кездеспейді. Қазақстанның батысындағы Маңғыстау өлкесінде Бекет Ата деген әулие өмір кешіпті. Өзі қара қылды қақ жарған әділ, батыр, жетім көрсе есіркеген, адам баласына тек жақсылық жасаған, көп мешіт соғып, балаларды оқытқан, ізгілікке тәрбиелеген жақсы адам болыпты. Содан болса керек, «Мединеде — Мұхаммед, Түркістанда — Қожа Ахмет, Маңғыстауда — Пір Бекет» деген сөз қалыпты. Жақсылыққа ырымдап, туысымның баласына Бекет деген ат қойдым. Бекет Атасына ұқсаса, нағыз азамат болып өседі.

– Е, енді түсінікті болды, айтқаның келсін, – деп әкемнің құрдасы қол дорбасындағы мохоркасын газетке орап, бұрқыратып тарта бастады.

– Құрдас, біздің кішкентай ауылдан жиырма жігіт соғысқа аттанды, солардың арасынан екеуміз ғана біріміз ақсақ, біріміз шолақ болып аман оралдық. Осыны кездейсоқтық деп ойлайсың ба? – деді әкем құрдасына қарап:

– «Қырық жыл қырғын болса да, ажалды өледі» деген сөз бар ғой. Дегенмен, сол алапат соғыстан аман қалғаным таң қаламын. Қайдан кездейсоқтық болсын, бәрі де Аллаһтың ісі ғой. Сен де, мен де ту тақыр жетім болып өстік, ажал бауырларымызды

шетінен жалмап, қу басымыз қалды. Енді үйленіп, үйлі-баранды боламыз дегенде соғыс басталып кетті. Бір шаңырақтың тұқымы құрып кетпесін деп күдіреті күшті Жаратқан Ием бізді елсп-есіркеген ғой. Иә, осының бәрі Алла тағаланың күдіреті, — деді көрші ойлы көзбен әкеме қарап қойып.

— Иә, дұрыс айтасың, құрдас, — деді әкем әдеттегідей байыппен сөйлеп. — Жасаған күнәлеріміз болса, бір Құдайдың өзі кешірсін. Иә, Алла күдіретті, бәрі де соның қолында. Сен Воронеж майданында болсаң, мен Москва түбінде соғыста болдым. Менімен бір взводта Маңғыстаудың мен қатарлас бір жігіті болды. Дос десе жанын пида ететін, біреудің ала жібін аттамайтын адал жігіт болатын. Аузынан Алласын, Бекет Атасын тастамайды, үнемі сыйынып отырады. Бірде Москваның түбіндегі бір деревня үшін қырғын соғыс болды. Немістердің қаруы да күшті, әскері де көп, бізді тықсырып тас-талқанымызды шығарғысы келеді. Біз де қасарысып, берілмей соғысып жатырмыз. Сағат үшке дейін толастамаған атыс-шабыс сәл бәсеңсігендей болды. Маңғыстаулық жауынгер Есет екеуміз окоптың ішінде қатар жатырмыз, бір аптаға созылған шайқастың кесірінен ұйқымыз шала, сақал-мұртымыз өсіп кеткен, аштықтан ішектеріміз шұрылдайды. Винтовкасын кезенген Есет: «Қайран, Бекет Атам тірі болғанда мына фашистердің әкесін танытар еді», — деп кіжіне сөйледі.

— Мынадай қырғында Бекет Атаң не істер еді? — деймін мен күліп.

— Сен күлме, — дейді Есет мөхоркасын шығарып жатып. — Оданда мен саған Бекет Ата туралы бір әңгіме айтып берейін. Маңғыстауда адайлар мен түркімендер жиі соғысса керек. Бірде Бекет Атаның



ауылына бес жүздей түркімен қолы қаптап келе жатыпты.

— Бекет Ата, тез ауылды көшіріп, жаудан қашайық, — дейді сарбаздардың бірі үрейленіп.

— Қорықпандар, ешқайда да қашпаймыз. Қазір мен дұғамды оқығанда, біздің аз ғана қол түркімендерге мыннан астам әскер болып көрініп, жау тұра кеп қашады, — дейді Бекет Ата жайбарақат.

Кенет, аспанға қою қара шаң көтеріліп, бейбіт жатқан ауылға екі-үш шақырымдай қалған түркімендер тұра кеп қашады. Пір Ата бейбіт қазақты өзінің күдіреттілігімен талай рет аман алып қалыпты. Біздің жақта адамдар ең бірінші Аллаға, сонан соң Бекет Атаға сыйынады. Ал, сен болсаң, күлесің, Пірдің аруағымен ойнама, күдіреті күшті Алла өзің қолдай гөр, Бекет Ата саған сыйындым, — деп Есет винтовкасын кезеніп, немістердің кезекті шабуылына дайындала бастады.

Кенет, зеңбіректер зіркілдеп, немістер шебіне снаряд жаудыра бастады. Жиырма минутқа созылған жойқын атыс жаудың қалың қолын быт-шыт етіп, біз қарсы шабуылға шықтық. Кешке неміс зеңбіректері оңбай қателесіп, өз әскерін төпелегенін естіп білдік. Сол қырғын шайқаста Есет екеуміз аман қалдық. Бекет Атаның аруағына сыйынған бұл жігіттің тегін еместігін, сонда тұнғыш рет мойындадым. Сол сәттен мен де ең бірінші Құдайды, екінші Бекет Атаны аузыма алатын болдым. Сенесің бе, құрдас, соғысқа бірге барған мындаған қазақ жауынгерлерінің арасынан екеуміз ғана Берлинге аман-есен жеттік.

Әкемнің құрдасына айтқан сол әңгімесі есімде мәңгі қалып қойыпты. Бала болсам да бір

күдіреттіліктің барлығы, Бекет Атаның тегін адам еместігін сезгендеймін.

1968 жылы біреулер кесір болып, оқып жүрген оқуымнан шығып қалып, «Жақсы ит өлігін көрсетпейді» демекші, өз еркіммен әскер қатарына кеттім. Совет Армиясына шақырылған болашақ жауынгерлер мінген эшелон Ақтөбе облысына қарасты Қандыағаш станциясына жайлап келіп, тоқтады. Дүкеннен азық-түлік алу менің кезегім еді. Жанымдағы бес-алты жігіттен ақша жинап, вагоннан асығыс шықтым да, сауда нүктесінен жейтін бірдеңелер және екі шөлмек арақ алдым. Жүгірген бойда вагонға бет алғанымда алдымнан эшелон бастығы, капитан шеніндегі орыс шыға келді де өзіне шақырды. Ол көзімді бақырайтып қойып, әлгі қыл мойындарды жерге ұрып сындырды да: «Шагом марш!» деп әмір берді. Көңіл-күйім түсіп, нан және консерві салған дорбаны көңілсіз көтеріп келе жатқан мені жанымнан өтіп бара жатқан бір ақшашты кейуана тоқтатып, үн қатты:

– Шырағым, оқудан шығып қалып, әскерге кетіп барамын де, – деді ол менің бетіме тік қарап.

Өмірімде көрмеген, білмеген адамның менің өткенімді дәл болжап тұрғанына таң қалдым.

– Иә, апа, солай болды, – дедім төмен қарап.

– Анау кәмәндірдің арақты сындырғанына қапаланба. Тентек судың өзіне жаға бермейтіндігін жақсы білесің, әуес болма. Осының бәрі Аллаһтың сыны, бәрі де жақсы болады, үзілген оқуынды жалғастырасың, талай-талай биікке шығып, ел танитын азамат боласың. Осы маңайдан онша алыс емес жердегі бір текті кісінің қызына үйленіп, шаңырақ көтересің, бақытты боласың. Ал, жолың

болын, балам. Әскери қызметінің алғашқы айларында өзіне-өзін абай бол. Өмірінде бір қатер төніп тұр, — деп бейтаныс кемпір бата беріп, бетін сипады.

— Рахмет, апа! — деп, мен енді жүргелі тұрған эшелонға тұра жүгірдім.

Жол үстінде менімен бірге әскерге кетіп баратқан маңғыстаулық Есет деген жігітпен таныстым. Жаңа танысым ашық-жарқын жігіт болып шықты. Бейнеу ауданының жігіті екен.

— Бекет Атаның ұрпағы екенсің ғой, — дедім мен оған жылы ұшырай карап.

— Бекет Атаны қайдан білесің? — деді Есет таңғалып.

— Неге білмеймін, Бекет Ата бүкіл қазаққа белгілі әулие кісі емес пе? Әкем соғыс жылдары маңғыстаулық бір жігітпен дос болып, екеуі Берлинге дейін бірге барыпты. Бір қызығы, ол кісінің де аты Есет екен.

— Иә, өмірде небір күтпеген жайлар кездесе береді. Менің әкем де соғыста болған, Жапониядан бір-ақ қайтыпты. Біз Бекет Атаға жақын туыс болып келеміз, Адайдың ішіндегі Қосай атамыздан тараймыз, — деп Есет маған маңғаздана карап қойды.

— Әскерге кетпес бұрын Алматыда бір қариямен кездесіп қалдым. 1929 жылдары Адай көтерілісі басып-жаншығанда ол кісі жанұясымен Түркіменстандағы Мары қаласына асып кетіпті. Бекет Ата көз тірісінде төрт мешіт салдырған екен. Сонын біреуі Бейнеуде деп естідім. Сол ата мешітінде болдың ба? — дедім үзілген сөзімді жалғап.

— Қария дұрыс айтқан, — деді Есет отырған орнынан қозғалып қойып. — Бекет Атаның екі мешітін шаш ал десе бас алатын кәпірлер тас-талқанын

шығарып бұзыпты. Ал, Бейнеудегі көне мешітті халық қандай қиын кезең болса да аман сақтап қалыпты. Пір атамыз Бейнеудегі мешітті тасты ойып, үнгірлеп қалған. Әкемнің айтуы бойынша, Оғландыдағы мешіт те тау тасынан ойылып жасалған. Біздің ауылдағы көне көз қариялар Бекет Ата туралы ауызға бергісіз әңгімелер айтып отырады. Доктырхан, «Пірдің соны – Бекет, ердің соны – Есет» деген сөзді естуің бар ма?

– Жок, естіген жоқпын, – деді мен басымды шайқап.

– Қазақтарды қас дұшпандарынан қорғаған Есет деген батыр өмір сүріпті. Ол Бекеттің кәрі нағашысы екен. Бекет сол нағашысы Есетті өмір бойы құрметтеп өтсе керек. Халқына көп жақсылық жасаған, балалар оқытқан, мешіт салдырған Бекет Атаны халық хан көтеріп, сыйлап өтіпті. Бүгінде осындай қасиетті жандар жоқтың қасы. Содан болу керек, жоғарыда айтылған қанатты сөз қалыпты. Менің атымды әкем Есет батырдың құрметіне қойыпты.

Бірнеше күн жүрген эшелон Днепропетровск қаласына келіп тоқтады. Перронға түскен бойда Қазақстаннан шақырылған болашақ жауынгерлер үлкен казармаға жаяу тартып, бізді Украина бойынша әртүрлі әскери бөлімшелерге бөле бастады. Жиырма шақты қазақ жігіті Полтава қаласындағы артиллерия дивизиясына жіберілді. Солардың ішінде менімен бірге Есет те болды. Екеуміз бір рота, оның ішінде бір взводқа тап болып, достасып кеттік.

Бір айдай жас жауынгерлердің дайындық курсынан өткен соң, автоматпен нысана атуға жаттығу үшін қаланың сыртындағы орманға қарай бет түзедік. Шілде айының соңғы күндері болатын. Орман іші қапырық, ойдым-ойдым батпақ кездеседі, маса мен

шіркей талап жеп, қадам бастырмайды. Орманды жолда сәл кідіріп қалып, қатар келе жатқан жауынгер жолдастарымның шаңқай түсте адастым да қалдым. Олай жүгірдім, былай жүгірдім, айналам меңіреу орман. Есеттің, Беріктің атын атап айқай салдым, құлаққа ұрғандай тыныштық. Кенет, аяқ астым лік ете түсті, сонда ғана батпаққа түсіп кеткенімді білдім. Қоярда-қоймай бір тылсым күш төмен қарай тартып барады. «Суға кеткен тал қармайды» демекші, ербендеген қолдарым қалың өсіп тұрған ағаштың бірде-бір бұтағына ілінер емес. Тағдырдың салғанына көніп, Аллаға жалбарындым, Бекет Атаға сиындым. Қою батпақ мойныма дейін келді. «Біткен деген осы, сүйегім жат жерде батпақта қалатын болды» деген үрейлі ойдан шошып кеттім. Кенет жанұшырай жүгіріп келе жатқан Есетті көріп, үміт оты жылт еткендей болды. Досым ұсынған ұзын ағаш таяққа жанталаса ұмтылдым, екі қолым ілінгендей болды. Есет бар күшін салып, мені батпақтан суырып алды. Бұл оқиға екеумізді бұрынғыдан да жақындатып жіберді. Әскерден елге қайтқанша жұбымыз жазылған жоқ. Өлім мен өмірдің арасында жатқанымда ең бірінші Есеттің жеткеніне осы күнге дейін таң қаламын... Бұдан кейін де басыма төніп тұрған бәле-жаладан, төнген қауіп-қатерден аман-есен қалдым. Осының бәрі кездейсоқтық жағдай еместігіне көзім әбден жетті, ылғи біреу мені желеп-жебеп жүреді. Бір кездерде мені өлімнен құтқарып қалған Есет досымды отыз жылдан соң Бейнеуге іздеп бардым. Өкініштісі, төрт жыл бұрын дүниеден озыпты. Жауынгер кезімізде әңгіме ететін Бекет Атаның мешітіне барып, адал досыма құран бағыштап, туған-туысқандарына көңіл айттым.

Батыс жаққа жол түскенде баяғы маған жұбату

айтып, болашағыма болжам айтқан кейуананы кездестірген Қандыағаш станциясына тоқтап, сол көріпкелді жанға іштей дұға оқимын.

Шындығында, нағыз әулие жан екен. Айтқандары бұлжымай дәлме-дәл келді. Отан алдындағы борышымды өтеген соң елге аман-есен оралып, оқуымды жалғастырдым. ҚазГУ-дің журналистика факультетін бітірген соң Жамбыл облысындағы Байзақ ауданында «Село жаңалығы» газетінде, облыстық «Еңбек туы» газетінде еңбек еттім. Қандыағаш станциясынан небәрі қырық шақырым қашықтықтағы Алға қаласынан Адайдың ақмандайлы Гүлсім деген қызын кездестіріп, түз-дәміміз жарасты. Екеуміз шанырақ көтеріп, өсіп-өніп, көгеріп отырмыз. Қайын атам Ахмет ақсақал Бекет Атаның ұрпағы болып келеді. Туған енем Таразы да текті жердің қызы, атақты Ізім жыраудың туған шөбересі. 1984 жылы Қазақ теледидарына жұмысқа шақырылып, редактор, бас редактор, бас директордың бірінші орынбасары дәрежесіне дейін көтеріліп, республикалық теледидардың шығармашылық жағынан өсуіне өзіндік үлесімді қосқаным бар. Сол жылдары қазақтың елім деген биік тұлғалы азаматтары: Сағат Әшімбаев, Шерхан Мұртаза, Қалаубек Тұрсынқұлов, Сәнгерей Тәжіғұлов, Камал Смайылов, Мұса Рахманбердиевтермен қоян-қолтық еңбек еттім. Кейін «Қазақтелефильм» телестудиясының бас директоры болып қызмет атқардым. Бірнеше сатиралық, прозалық және ғылыми-танымдылық кітаптарым жарық көріп, Қазақстан Жазушылар Одағына мүшелікке өттім. Бүгінде Халықаралық «Түркі әлемі» телестудиясында бас редактор болып жұмыс атқарып, түбі бір, тегі бір түркі тілдес халықтардың салт-

дәстүрін, әдет-ғұрпын, тарихын, тарихи құндылықтарын, мәдени мұрасын насихаттап, деректі фильмдер түсіруде айтарлықтай табыстарға жетіп жүрміз. Алты жылдың көлемінде 30-дан астам деректі туындылар дүниеге келіп, өзінің лайықты бағасын алды. Шығармашылық жетістіктерім үшін Халықаралық Жамбыл атындағы сыйлықтың лауреаты атандым. Сондай-ақ Қазақстан Жазушылары және Журналистер одақтары сыйлықтарының жүлдегері болып, мерейім үстем болды.

Сондай-ақ, Қазақстан қаламгерлері арасында тұңғыш Санкт-Петербургтегі Халықаралық Психология академиясының академигі болып сайландым.

Тұз-дәм бұйырып, талай шет елді араладым, мәртебелі қонақ болдым. Ең бастысы, ел көрдім, жер көрдім, тілеулес достар таптым. Осының бәрі бір Аллаһтың қолдауы, қол жеткізген жетістіктері мен табыстары. Ата-бабаларымның рухы, Бекет Атаның аруағы мені әрқашанда қолдап-қорғап жүрді. Пір Бекет менің рухани байлығымның темір қазығына айналып, 60 минуттық деректі фильм, «Бекет Ата» атты ғылыми-танымдық кітап жаздым. Бекет Ата, үш жүзден астам әулие аялаған қасиетті Маңғыстау жері туралы көптеген мақалаларым жарық көрді. Жақында ғана қазақтың ұлы үш биінің бірі — Әйтеке би туралы деректі фильм түсіруді аяқтадым.

Менің туған жерім жер жанаты Жуалы ауданы. Бұл қасиетті жер Тұрар Рысқұлов, Бауыржан Момышұлы сияқты қазақтың ұлы тұлғаларын дүниеге әкелген атамекен. Кіндік қаным тамған жер — Қарасаз ауылында жасы кіші болса да жақын — досыма

айналып кеткен Бекет деген замандасым бар. Бекет атақты Бауыржан Момышұлының немере інісі Әбілданың баласы. Досым да белгілі каламгер, журналист. Бүгінде Жамбыл облыстық «Знамя труда» газетінде Бас редактордың орынбасары болып еңбек етеді.

Жақында әріптесіме «Бекет Ата жолымен» атты кітабымды сыйладым. Бекет қатты қуанды.

– Бекет, сенің есіміңді атақты Бауыржан Момышұлының өзі қойған дейді. Сол рас па? – дедім шай үстінде замандасымды сөзге тартып.

– 1955 жылы Москвадан оралып келе жатқан Баукең Жуалыға соғыпты. Сол күндері мен жаңадан дүниеге келіп жатсам керек. Батыр атам Бекет Атасындай батыр, зерек, алғыр, ізетті болсын деп маған Бекет деген есім беріпті. Кейін етек-женімді жинап, қызмет аткарып, Бауыржан атаммен бұл жайында талай әңгімелескенім бар. «Қасиетті Маңғыстау жерінде Бекет Ата деген әулие болған. Соғыс жылдарында менің қарамағымда Маңғыстау түбегінің небір жүрек жұтқан батырлары болып, көкіректерімен оқ тосып, жалын кешті. Солар қандай қиын-қыстау болмасын бірінші ауыздарына Алланы алып, сонан соң Бекет Аталарына сыйынатын. Талай боздақтар майдан даласында бір Құдай деп, сонан соң Бекет Ата деп ерлікпен шейіт болды. Адам баласын құдайсыздықтан сақтасын. Мен қайда жүрсем де Жаратқан Иеміз – Алланың құдіретіне бас идім. Жауынгерлер сияқты мен де Бекет Пірдің аруағына сыйындым. Қырғын соғыста өлімнен аман қалғаным сондықтан болар» деп әңгімелегені бар, – деп Бекет батыр атасы туралы тебірене әңгіме етті.

...Бүгін Бекет Атаны түсімде көрдім. Екеуміз



Оғландыдағы қасиетті бұлақтан су ішіп жүр екенбіз. Атаның кекіліктері дәл жанымызда қаннен-қаперсіз ұшып-қонып жүр. Тастан-тасқа секіріп жүрген арқарлар Бекет Атаның жанына келіп, алақанымнан жем жеді. «Балам, сені аққуға айналдырып, екеуіміз Меккеге барып, жұма намазын оқып келейік», — дейді Бекет Ата маған қарап.

— Мақұл, Бекет Ата.

Екеуіміз аққуға айналып, Меккеге ұша жөнелдік...

Оянып кеттім. Желтоқсанның таңы арайлап атып келеді екен. Терезенің алдына барып, сыртқа көз тастадым. Жапалақтап қар жауып тұр. Бейне бір аққу құстары сияқты қалықтап жер бетіне қонып жатыр. Мен Бекет Ата туралы көрген түсімді есіме алдым. Оны жақсылыққа жорыдым.

## АТАСЫ ЖЕЛЕП-ЖЕБЕЙДІ

Сырт қараған көзге деректі фильм түсіру онай шаруа сияқты болып көрінеді. Ал, шын мәнінде деректі туынды жасау нағыз қияметтің өзі. Әсіресе, тарихи туындыларды кино тілімен баяндау көп ізденуді, кейіпкерінді жан-жақты зерттеуді, жеті рет өлшеп, бір рет кесуді талап етеді. Олай болмаған жағдайда шынайы дүние шықпайды. Бүкіл қазақтың Пірі атанған Бекет Ата туралы деректі фильмді түсіру кезінде көп тер төгуге тура келді. Алғашқыда көлемі 25-30 минуттық дүние жасауды жоспарлаған болатынбыз. Бекет Ата өмір сүрген, игілікті істердің ізін қалдырған Атырау мен Маңғыстау облыстарында болғанымызда, бұрын кездестірмеген тың деректер

табылды. Атап айтқанда, Пiрдiң мешiт салудағы қолданған шоттары табылғаны туралы хабар бiздi елен еткiздi. Бiздiң деректi туынды жасап жатқанымызды естiген бiр көнекөз қария арнайы келiп, Оңтүстiк Қазақстан облысындағы Жетiсай қаласында Бекет Атаның тiкелей ұрпағы Көбен ақсақалдын үйiнде Пiрдiң қара босағасының осы күнге дейiн сақталып келе жатқандығын айтты.

Атырауға ертең жол жүреміз деп отырғанда Қазақстан Жазушылар Одағына кiре берiсте жақын досым, қазақтың талантты ақыны, «Қазақ әдебиетi» газетiнiң Бас редакторы Ұлықбек Есдәулетпен кездесiп қалдым.

– Доктырхан, кездескенiң жақсы болды. Ертең газетке «Бекет Ата жолымен» деген тарихи-танымдылық мақалаң жарық көргелi отыр. Оқып шықтым, жақсы дүние екен, зерттеп-зерделеп жазыпсың. Мүмкiндiгiң болса, бiр қарап шықшы, — деп, Ұлықбек менi жұмыс кабинетiне бастады.

Келесi нөмiрге бара жатқан үлкен мақаланы мұқият оқып шығып, досыма рахметiмдi айтып, сапарға жиналып отырғанымды айттым.

– Атырауға барсаң, Төкен Танаұлы Жұмағұлов ағаңмен мiндеттi түрде кездес. Ол «Тенiзмұнайқұрылыс» акционерлiк қоғамын басқарып отырған iскер азамат. Бекет Атаның аруағын асқақтатып, рухын көтерiп жүрген зиялы жан. 1990 жылдардың басында Жылыой ауданының әкiмi болғанда Ақмешiттегi Бекет Атаның бұрынғы бұзылған мешiтiнiң орнынан жаңа мешiттi салдыруға мұрындық болған Төкен Танаұлы, — деп қойын кiтапшасын қолына алып ақтара бастады.

– Міне, міне, Төкеңнің оң колы Жалғас Қадырғалиевтің телефонын таптым.

Ұлықбек телефон нөмірлерін тез теріп, Атыраудағы танысымен хабарласты.

– Жалғас, ауыл аман-есен бе? Алматыдағы Ұлықбек ағаңмын ғой. Төкең Атырауда ма, жол сапарда дейсің бе? Екі-үш күнде келіп қалса, өте жақсы болды. Менің Доктырхан деген досым Бекет Ата туралы деректі фильм түсіріп жүр. Ертең сендер жаққа жол жүрмек. Өзін күтіп алып, Төкене жолықтырып, көмектесіп жіберіңдер.

Телефонды орнына қойған Ұлықбек: «Жолы болар жігіттің Ұлықбек шығар алдынан», – деген осы деп әзілдеп, маған оң сапар тіледі.

Атырауда кинооператор Нұрахан екеуімізді атыраулық үш ағайын қарсы алды.

– Қош келдіңіздер, бауырлар, – деп жылы жүзді жігіт ағасы қолын созды. – Мен Төкен ағаларын боламын, мына жігіттер менің көмекшілерім. Қалай, шаршап-шалдықпай, аман-есен жеттіңіздер ме?

Өзінің үлкен азаматтығымен, адамгершілігімен, іскерлігімен бүкіл Атырауды аузына қаратқан тұлғалы жанның кішіпейілділігі мен қарапайымдылығына таң қалдым. Басқа болса, көмекшілерінің бірін жіберіп, кеңсесінде жайбарақат отырған болар еді. Өмірден көргені мен түйгені мол жан «Алыстан алты жасар бала келсе, алпыс жастағы ақсақал сәлем береді» демекші, өзі бас болып, бізді қарсы алуға келіпті.

Нұрахан екеуіміз атыраулық ағайындардың пейілдіріне риза болып, рахметімізді айтып жатырмыз. Төкең кербездене ағып жатқан Ақ Жайықтың жағасындағы әсем салынған үлкен үйде тұрады екен. Дина жеңгеміз кең дастарханы ешуақытта

жиналмайтын мейірімді жан болып шықты. Төкен Танаұлының ұлдары Абай және Қайратпен де осы сапарымызда таныстық. Екеуі де жарқын жүзді жастар, өмірден өз орындарын тауып, ата-анасының көз қуанышына айналыпты.

Біраз бой жазып, тамақтанып алған соң Құлсары қаласына жүріп кеттік, одан ары қарай Бекет Атаның Ақмешітіне бармақпыз. Атырау мен Ақмешіттің арасы үш жүз шақырымдай жер. Адамды бір көргенде-ақ баурап алатын Төкен жол үстінде есте қалатын талай-талай гибратты әңгіме айтты.

– Шырағым, Бекет Ата туралы деректі фильм түсіріп жүр екенсің, талабыңа нұр жаусын! Үш жүз жылға жуық халықтың аузынан түспей, әулие, Пір атанған Бекет Ата тегің адам емес. Иә, Бекет Ата жұмыр басты пенде болып жаратылып, Пір дәрежесіне жеткен тарихи тұлға. Жұртшылық сиынатын кие иесіне айналу үшін қаншалықты қадір-қасиет, ақыл мен айбар, зерделік пен парасат керек десеніңші! Небір айбынды жандар Бекет Ата аты аталғанда жалы жығылып, жуасып сала береді. Сонау ерте заманнан қалың ел қуанса да, қорықса да әуелі Аллаға, содан соң Бекет Атаға сиынған. Менің қазіргі жағдайымды көріп, дәулеті шалқыған «жаңа қазақтың» бірі екен деп ойлап қалуың да мүмкін, інім. Мен азамат деген үлкен атқа, байлық пен дәулетке маңдай тер, адал еңбегімен жеткен адамның бірімін. Жастай жетім қалып, өмірдің талай-талай қиындығын, тұрмыстың ауыртпашылығын көрдім. Жас кезімде киномеханик те, таксист те болдым. Адал еңбектен жиіркенген жоқпын. Кеңес дәуірі кезінде дінге деген көз қарасымызды қанша басып-таптағысы келсе де, мен бір тылсым күштің, Жаратқан Иеміздің бар екендігіне

сендім, бар жақсылықты Алладан күттім. Ата-бабаларымның аруақтарына тағзым етіп, Бекет Атама сиынып өттім. Алла-тағаланың қолдағаны, Бекет Атаның желеп-жебегені болар, қатардағы таксистен Маңғыстау облыстық автотрест басқарушылығына дейін өстім. Кейін түз-дәм айдап, Жылой ауданының әкімі болып, бір кездерде имансыздар қиратып-бұзып кеткен Ақмешіттің бұрынғы орнынан сәулетті де, айшықты мешіт тұрғызуға халықпен бірге өз үлесімді қостым. Қазіргі қызметім де осал емес. Мындаған адамдар еңбек етіп, бұйырған нәпақасын тауып жүрген үлкен құрылыс компаниясының президентімін. Қолымнан келсе адамдарға жақсылық жасадым, еңбектерін жемедім, бағаладым, жетім-жесірдің көз жасына қарадым, – деді Төкең тебірене әңгімелеп.

Дәл жанымдағы жүрегі шуаққа, жақсылыққа, парасаттылыққа толы еңсесі биік, жан дүниесі жана жауған ақша қардай ел азаматына қарап отырып, көрнекті ақын, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Темірхан Медетбековтің Төкен Танаұлына арнаған мына жыр жолдары тілімнің ұшына орала берді.

**Қиындықты қақ жарып, кешкен ағам,  
Маңғыстаудың желіндей ескен ағам.  
Жел – құмдардың ішінде туғанымен  
Толқындардың жалында өскен ағам...**

Жырдан маржан төккен белгілі ақын ел ағасына деген ақ ниетін осылайша жеткізіпті.

– Ақмешіттегі ғимарат құрылысын салу барысында цементке араластыратын сапалы құм қажет болды. – дейді Төкең үзілген әңгімесін жалғап. – Бұл

өнірде болмағандықтан, ондай құмды тым шалғайда жатқан Мақат ауданынан тасымалдайтынбыз. Жол алыс, құрылыс материалдарын тасымалдауға қыруар қаржы жұмсалады. Оның үстіне құм өз уақытында жеткізілмей, жұмыс та ақсап жатты. Осылай қиналып жүргенімізде Ақмешіттің оңтүстігіндегі бес шақырымдай жерден құм табылды. Мамандар салыстырып көріп еді, сапасы Мақаттан үлкен қиындықпен әкелетін құрылыс материалдарынан бірде-бір кем емес болып шықты. Сол-ақ екен, жүрмей тұрған жұмыс атаулы дөңгелеп, қарқын алды.

Әрқашан да Жаратқан Ием – Алланың есімін аузына алып, Бекет Атаға сиынып жүретін мен бұның тегін емес екендігін іштей сезіп жүрдім. Қиналған сәтімізде ең бірінші Алла, екінші Бекет Ата қолдап-желеп жүрді. Соның арқасында аз уақыттың ішінде Бекет Ата мешітінің күмбезі қайтадан жарқырап, имандық үйі бүкіл Қазақстаннан ағылып келіп жатқан ағайындардың қасиетті қара шаңырағына айналды. Осы игі іске Атырау облысының сол кездегі әкімі Равиль Шырдабаев, облыс әкімінің орынбасары Есенкелді Нұршаев бастаған зиялы жандар, аудан жұртшылығы үлкен үлес қосты.

Жол үстінде келе жатып, кезінде бүкіл республикалық бұқаралық ақпарат құралдары дүрліктіріп жазған алапат су тасқынын есіме алдым. Қазақтың болмысына біткен жайбарақаттықтың кесірінен 1990 жылғы су тасқыныда Жылыой ауданы экономикалық және әлеуметтік жағынан үлкен зардап шекті. 1300 үй суға кетіп, көптеген жанұялар баспанасыз қалып, адам өліміне дейін әкеліп соқтырды. Осы бір естен кетпес қайғылы оқиғадан соң облыс әкімшілігі Атырау өңіріндегі білікті де, іскер ел

басшыларының бірі — Төкен Жұмағұловқа үлкен сенім артып, аудан әкімі етіп тағайындаған болатын. Жаңа әкім аудан экономикасын көтеруге байланысты өзекті мәселелермен қатар, су тасқынының алдын алуға қатысты күрделі іске де басты назар аударды. Аудан халқына үлкен зардап әкелген 1993 жылғы су тасқынында орын алған кемшіліктердің себептері жан-жақты зерттеліп, талдау жасалды. Ең басты кемшілік — техника мен адам күшінің жетіспеуі, су тасқынына қарсы шаралардың дер кезінде қолданбауы, жауапты орындардың нақты, батыл шешім қабылдай білмеуі аудан халқына және оның экономикасына үлкен шығын әкелді. Осының салдарынан салынған дамбы құрылыстарының сапасы мен беріктігі нашар болды. Инженерлік-жобалық ауытқулар және олқылықтар етек алып, маңызды объектілер су тасқынына төтеп бере алмады. Табиғат апатымен күресушілер өте қауіпті деп саналатын нүктелерге шұғыл дамбы салудың орнына, су алады деген елді мекендерді көшірумен айналысып, уақыттан оңбай ұтылды. Өзінен басқаны ойламайтын кейбір жауапсыз ағайындар топан су үйлеріне бармасын деп, тасқынға бөгет құрсауды әр-әр жерінен жарып жіберіп, жығылған үстіне жұдырық болды.

Әңгіме өзегі 1997 жылғы су тасқынына ауысқанда Төкен Танаұлы сол бір мазасыз көктемнің қиын күндерін есіне алды.

— Құлсарыдан 100 шақырым Қазбек деген жерде Жанбике метеостанциясы бар болатын. Оған келген тасқын су Құлсарыға екі күннен кейін жететін. Егер метеостанция келген тасқын судың көлемін хабарлап отырса, Құлсарыда оған қарсы шаралар ұйымдастыруға, яғни, қамсыз қалмауға мүмкіндік бар

болатын. Су тасқыны туралы суыт хабарды естісімен Атыраудан шұғыл жеткен облыс әкімінің орынбасары Есенгелді Нұршаев облыстық байланыс басқармасының бастығымен осы туралы ақылдаспақ болып еді, ол жауапты істен ат - тонын ала қашты. Мен көп ойланбастан Жылыой аудандық байланыс бөлімшесінің бастығы Ерқұл Дәулетбаевті шақырып: «Метестанцияға барып, судың қалай ағып жатқандығын хабарлап отыруға, яғни, оның көлемін анықтауға бола ма?» дедім.

— Болғанда қандай! — деді Ерқұл нық жауап беріп.

Көп ойланбастан Дәулетбаевқа бір «К-700» тракторы мен «Урал» автомашинасын бөліп, Жанбике метеостанциясына шұғыл аттандырдық. Олар екі сағаттан соң баратын нүктеге жете алмай, көліктері батып қалғандықтары туралы рациямен шұғыл хабарласты. Нұршаев екеуіміз тікұшақ шақырып, асығыс ұштық. Көп ұзамай-ақ суға батқан техникалар көрінді. Айнала көлкілген су, вертолет қонатын жер жоқ, тікұшақты жерге жақындатып, бір орнында ұстап тұрып Ерқұл мен оның серіктерін мінгізіп алып, Қазбекке жеткізіп салдық. Дәулетбаев келе жатқан тасқын судың деңгейін, оның жылдамдығы туралы үзбей хабар беріп тұрды. Бұл игі іс біздің алдын ала әрекет жасауымызға тікелей көмектесті. Алдын ала дамбы жасалып, күзет қойылды. Құлсары қаласының ортасын қиып өтетін Жем өзенінің бір саласы Құрсайдың төңірегін биіктетіп, жолдардың су келетін тұстарын тереңдетіп тіліп тастадық. Тілсіз апатпен шайқас осылайша басталып кетті, — деді Төкен өткен қиын күндерді еске түсіріп.

Иә, бір жылға бергісіз болған сол бір алты күн



мен алты түн Жылыой ауданының бұрынғы әкімінің есінде мәңгі қалып қойыпты. Сол мазасыз күндер мен түндердің әрбір сәті өте жауапты еді, сәл ғана қате жіберсен, бүкіл Құлсары қаласы зардап шегіп, адамдардың өміріне үлкен қауіп төндіруі мүмкін. Өйткені, бұл су тасқынының мөлшері 1993 жылмен салыстырғанда үш есе көп болатын. Су тасқынының алғашқы қауіпіне тойтарыс беріп, «уһ» деп еркін демалғандары сол еді, «Жолдарды тереңдетіп тілген жерлерінен су ойлағанымыздай өтіп жатқанымен, бір бөлігі «Автодорожный» мөлтекауданына қарай бұрылып барады» деген суық хабар келді. Су ағысы жол салған ізбен кетеді деген үміт ақталмай, бүкіл адам және техника күші қалаға бет алған ағысқа тосқауыл — дамбы салу жұмысына жұмылдырылды. Күндіз күлкі, түнде ұйқы жайына қалды. Облыс басшылары да өте аландаулы. «Икарус» автобусынан жылжымалы штаб жасақталды. Телефон, рация, «Нокиа» байланыс жүйелері құрылды. Ауданның барлық басшыларын сол жерде шашау шығармай ұстауға тура келді. Суды тоқтату үшін барлық мекеме басшыларымен қатардағы жұмысшыларға дейін қапшыққа құм қаптап, оны төгетін жерге өздері аркалап апарып, жаңбырдың астында жанталасып еңбек етті. Асфальт жолдарының әр тұсынан су өтетін үлкен диаметрлі құбырлар салу керек болды. Ол үшін жолдар әр жерден кесілді. Құдай ондағанда, қажетті құбырлар ЛПУ мекемесінен табылды. ЛПУ-дың сырт жағынан қалаға су өтіп кетпесін деп биіктігі 3 метр, ені 6 метр дамбы тұрғызылып, мамандар су жарып өте алмайды деген бір пікірге келген болатын. Әлсіздеу тұстарын көтеріп, бекіте түсудің қосымша жұмыстары жүргізіліп жатқан. Тасқын басталғанның үшінші күні сағат түнгі

үштен сәл ауғанда «Компрессорный» жақтағы дамбыны су жарып кетті!» деген суық хабар жетті. Апатпен күресушілер амалдың жоқтығынан «Басшы Ата» қауымын су жағына қалдырып, түн ішінде қала жаққа тасқын өтпейтін дамбы салуға қайтадан кірісіп кетті. Құдай сақтағанды сақтайды. Егер сол жауапты сәтте сәл босаңсып, түнгі ұйқыны қыймағанымызда, Құлсары каласы суға кететін еді.

Катерді жеңу – ашса алақан, жұмса жұдырыққа байланысты. Адамдар әр қилы. Қаққанда қанды, соққанда сөлді алатын ауыр жұмысқа барша азамат бірдей шыдай бермейді. Сондықтанда, аудан әкімі Төкен Жұмағұлов жұмыс істейтін аймаққа барлық техникаларды шоғырландырып, мекеме басшыларының басын қосып, айландыра милициямен қоршатып тастады.

— Не мекеме басшыларының не техникалардың бірде-біреуі осы шеңберден шығып кетсе, бастарыңмен жауап бересіңдер! — дедім құқық қорғау органдарының қызметкерлеріне қатан ескерту жасап.

Өзім аяғымда керзі етік, үстімде арнайы киім, атқарылып жатқан жұмыстардың ұзына бойын аралап жүрдім. Бірде түнде тексеріп көрейінші деп, «УАЗ» машинасымен милиция қызметкерлері бақылап тұрған шеңбердің сыртына шығып кетудің әрекетін әдейі жасап көрмек болдым. Сонда милиция қызметкерлері бізді жібермей қойды.

— Аудан әкімінің тапсырмасы бойынша, бұл аймақтан ешкімнің шығуына болмайды, - десті олар.

Мен көрінбей, машинаның артқы орындығында отыр едім. Сосын түстім де, жігіттерге рахмет айттым.

Келесі күні теледидар арқылы халықтың алдына шықтым. Айтқаным:

— Ел суға кетпейді. Жағдай біздің толық бакылауымызда. Араларыңызда алып қашты сөзге толқу болмасын. Рас, «Басшы Ата» қауымын тасқыннан аман алып қалудың барлық шарасын жасағанмен, оған мүмкіндік болмады. Ең бастысы — барлық тұрғындарды қауіпсіз жерге көшіріп алдық.

Әкімшіліктің үлкен залына да халықты жинап, оларға су тасқынына қарсы қолданып жатқан шаралар, жұмыс ауқымы жайлы есеп беріп, елдің енді еңсе түсірмеуін ескерттім.

Қазақ «Аруақты жерден ат үркеді» дейді. Осы рас. Қараныз: «Басшы Ата» қауымын тура келген су басып өтпей, айналып өтті. Түп-тура келіп, алдында кесе-көлденең тосқауыл жоқ тасқын қалайша айналып кеткен?.. Таң қалмасқа амал жоқ, - деді Төкен Танаұлы үзілген әңгімесін жалғап.

Ауданда су тасқыны белең алған кезде Жылойға жұмыс сапарымен келген сол кездегі Республика төтенше жағдайлар министрлігінің басшысы В.Макиевский Төкен Жұмағұлов бастаған ел азаматтарының ерен ісіне риза болып, ауданның су тасқынынан қорғанудағы іс-тәжірибесін бүкіл Қазақстан көлемінде таратуға шешім қабылдады.

Ерекше айта кететін бір жай — осы алапат су тасқынын Жылыой ауданының басшылары, мамандары, мекемелері, бүкіл халық болып өз күштерімен жеңіп, табиғат зардабын тізгіндей білді.

Табиғат өз ескертуін жасады. Айтпай келетін зілзала кез келген жылы қайталануы мүмкін. Жаратқан иенің өзі де сақ болғанды сақтайды, олай болса алдағы күндердің қамын қарастыру кезек күттірмейтін міндеттердің бірі. Осы жайында Жылыой ауданының әкімі Төкен Жұмағұлов қатты ойланып,

тасқын кезінде су қарқынын бәсендету үшін кесіп тастаған жерлерден он көпір салу керек деген шешімге келді. Ол көп ұзамай-ақ Атырау облысының әкімі Равиль Шырдабаевтың қабылдауында болып: «Реке, егер мен автомобиль жолдары министрлігінен аудан жолдарына он көпір салуға көмек сұрасам, ақша бөлесіз бе?» деп сұрақты төтесінен қойды.

— Төке, бұл бір игілікті іс болар еді. Министрлікте сізді қолдайтын біреу табыла ма?

— Ондай адам бар, министр Шамиль Бекболатовты жақсы танимын.

— Олай болса іске сәт. Қаржы жағына алаң болмаңыз, – деп облыс әкімі орнынан тұра берді.

Өз-өзіне сенімді Төкең нар тәуекел деп, Астанаға тартып кетті. «Қырсыққанда қымыран іриді» демекші министр жұмыс орнында болмай шықты, бір апталық іс-сапарда жүр екен. Кішкентайынан анау-мынауға мойымай, қайсар болып өскен Төкең шапанымды шешіп алмас деп министрдің бірінші орынбасары Иса Алданиязовқа кіріп, келген шаруасын айтты. «Түсі тәуірден түңілме» дегендей, Иса інісі жөнді білетін, бір сөйлейтін нағыз жігіттің нарқасқасы болып шықты. Су тасқынының елге, халыққа қаншалықты зардап әкелетіндігін дұрыс түсінген министрдің бірінші орынбасары барлық шаруаны сол күн-ақ толық шешіп беріп, Жұмағұлов Атырауға көңілді оралды.

Көп ұзамай-ақ он көпір салынды. Нарық заманы аяғын тәй-тәй басып тұрған қиын кез, қаржы жоқтың қасы, бір көпірдің өзі мындаған доллар тұрады. Ол кезде ондай қаржы облыс бюджетінде жоқ. Осы қиындықтарға қарамастан Иса Алданиязов нағыз азаматтық жасады. Әлгі көпірлер ауданға ақысыз салынды.

Міне, Төкен Жұмағұлов екеуіміз сол көпірлер салынған автомобиль жолымен Құлсарыға келе жатырмыз. Иә, халық мүддесі мәселесіндегі үлкен түсіністік әрқашанда игілікті іске бастайды. «Шіркін-ай Төкен, Иса сияқты тұлғалы азаматтар көп болса ғой!» деп, үлкен ойға шомып кеткен серіктегіме ризалық сезіммен көз тастадым.

Ақмешіттің имама Ислам Мырзабекұлы бізді жылы шыраймен қарсы алды. Бұл қасиетті жер, Ақмешіт Бекеттің кіндік қаны тамған туған жері. Көнекөз қариялардың айтуы бойынша, Бекет Атаның әкесі Мырзағұл, анасы Жәния осында жерленіпті. Атаның көрі әкесі Жаналы мен Бекеттің ұлы Тоғайдың бейіттері де осында.

Бекет Хиуадағы медресені бітіріп келіп, осы өңірден алғаш мешіт үйін салып, балаларға дәріс беріпті. Бұл жер Атаға алғаш аруақ қонған қасиетті мекен.

Кенес өкіметінің алғашқы жылдарында шаш ал десе, бас алатын шолақ белсенді дінсіздер Бекет Атаның өз қолымен салған қасиетті мешітті тас-талқан етіп бұзып, Құдайдың қарғысына ұшырады. Алпыс жылдан соң Жем өзенінің дәл бойындағы табиғаты көрікті жерден биіктігі 12 метрден асатын айшықты мешіт бой көтеріп, халықтың өшкені жанып, өлгені тірілгендей болды. Мешіттің жанында Бекет Атаға тағзым ететін жандарға арнап, қонақ жай салдырыпты.

Бірнеше жыл Жылыой ауданының әкімі қызметін абыроймен атқарған Төкен Танаұлы Жұмағұлов халыққа жақын болды, небір игілікті істерді жүзеге асырды. Ел басқарып тұрғанда Құлсарыда үлкен зәулім мешіт бой көтерді. Төкеннің қызметі Атырауға ауысқанда, инабатты жан

Ақмешітке жиі-жиі соғып тұрды. Төкеннің қамқорлығының арқасында Құлсары мен Ақмешіттің арасына тас жол салынып, электр жүйесі тартылды, телефон байланысы іске қосылды. Мешіттің жанында Бекет Атаның көріпкелдігі, әулиелігі, ізгілікті өмірі туралы жан-жақты мәлімет беретін шағын мұражай жұмыс істейді. Онда сирек кездесетін жәдігерлік бұйымдар, кітаптар және басқа да заттар орын алыпты. Осының бәріне Төкен қамқоршы әрі демуші бола білді.

Ислам мен оның ұлы Мұхамеджан жол бастап, Пір Атаға арнап, құран бағыштадық, содан соң Төкен Танаұлы Ақмешіттің басында Бекет Ата туралы сұхбат беріп, тебірене ой қозғады.

Төкең Ақмешітке келгенде міндетті түрде түнеп, Алла-тағалаға сиынып, Бекет Атасына тағзым етіп, тұла бойына қажыр-қайрат жинап қайтады екен. Кешкі астан соң Төкең біраз демалатын болып, Ислам екеуіміз далаға шықтық.

— Ақмешіттің құрылысы бес-алты айға созылды. Аудан әкімі Төкен және оның қарамағындағы қызметкерлері күн аралатып келіп тұрды десек, өтірік айтқан болмас. Осы уақыттың ішінде Төкен ағаның жұмыс істеу, істі басқару білгірлігіне, ұйымдастырушылық шеберлігіне тәнті болдым. Қарапайым, үлкен-кішімен ортақ тіл табыса біледі, өмірінде біреуге дауыс көтермейді, барлық істі байыппен шешеді. Небір тентек дегендерді жөнге салады. Төкең Алланың өзі қолдаған, Бекет Атасы желеп-жебеп жүрген бір асыл жанды азамат қой, — деді Ислам жүректегі алғыс сезімін білдіріп.

Ертесіне ерте тұрып, жолға жиналды. Біз Атырауға қайтатын болдық та, Төкең аудан көлемінде

өздері жүргізіп жатқан құрылыс жұмыстарын көру үшін асығыс аттанып кетті.

Атырау қаласына жетіп, Алматыға ұшар алдында осы қалада тұрып, Ақжайық өңірінің рухани, мәдени өмірінің қанат жайып, өркендеуіне үлкен үлес қосып жүрген белгілі сазгер, танымал қаламгер Илья Жақанов ағама соғып, сәлем бердім. «Сегіз қырлы, бір сырлы» ағамыз жақында ғана өнерге сіңірген еңбегі, үлкен қаламгерлігі үшін «Құрмет» орденімен марапатталған болатын. «Жақсы сөз – жарым ырыс» – демекші, жүрек түкпіріндегі ақ тілегімді жеткізгенімде Илекең кәдімгідей қуанып, қанаттанып қалды.

–Төкеңмен бірге болдым де, – деді Илекең разы болып, – ешкімге ұқсай бермейтін ғажап адам. Ел үшін, халық үшін туған азамат. Алла-тағала бар жақсы қасиетті бір өзіне үйіп-төгіп бере салған. «Төкеңнің жүрген жеріне гүл өседі» дейді мұндағы халық. Үлкен азаматтығымен аты шыққан замандасым өнер, мәдениет, әдебиет десе ішкен асын жерге қояды. Атырау өңірінде ол талай-талай бұлақтың көзін ашты, көптеген өнер иелеріне қолдау көрсетіп, қияға қанат қақтырды. Ұлтының болашағын, келешегін, тарихы мен асыл мұрасын ойлайтын Төкең сияқты атымтай азаматтар, шіркін, көп болса ғой!

Илья аға сөзін тебірене аяқтады.

Осыдан біраз жыл бұрын Төкен Танаұлының пайғамбар жасына толуына байланысты «Аллаға шүкір» деп аталатын керемет бас қосу болып өтті. Бір топ өнер санлақтарымен бірге мен де осы дүбірлі тойға қатыстым. Сол күні Алтынбек асқақтатып ән шырқады, Қаршыға екпіндетіп күй шертті. Бір шеті

Қытайдан, бір шеті Англиядан келген достары ақ тілек айтып, абзал азаматты хан көтерді.

Халқы үшін жасаған ерен еңбегіне риза болып, іскерлік сапарға талай бірге ертіп барған Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Төкенді әрқашан да құрмет тұтады. Сондықтан да болу керек, Президент Төкенді «Құрмет» орденімен өз қолымен марапаттады.

Осы бір іскер де, парасатты жан басқаратын үлкен ұжым бүгінде АҚШ, Италия, Түркия, Жапония, Сауд Арабиясы, Германия, Швейцария және де басқа мемлекеттермен тығыз экономикалық байланыс орнатып отыр. Бұл игілікті істің жемісі мол болуда.

Елдің тарихын, рухани байлығын әріден ойлайтын тұлғалы азамат, Төкен ағамыз Маңғыстаудағы Отпан тауында Адай Атаға арнап салынған айшықты кесененің бой көтеруіне үлкен демеушілік жасап, осы игілікті істің бастаушысы және ұйытқысы бола білді.

Амандық болса, биылғы жылдың 1-2-3 қыркүйегінде Бекет Атаның туған жері Ақмешітте Пірдің 260 жылдығы тойланып, көптеген рухани-мәдени шаралар жүзеге асырылмақ. Қазіргі таңда оған дайындық жұмыстары басталып та кетті. Бекет Атаның рухын асқақтататын осы игі істің басы-қасында Төкен Танаұлы жүр.

2009 жылдың шілдесінде Өзбекстанның Нұр Ата қаласында қазақтың атақты биі, біздің ұлт, мемлекет болып қалыптасуымызға үлкен үлес қосқан Әйтеке би мен оның бабасы Сейітқұл әулиеге айшықты кесене салынып, оның ашылу құрметіне үлкен жиын болды. Алыстан ат арытып, Төкен ағам қазақ халқы көптен күткен қуанышқа арнайы келіпті.

Жасы жетпіс үшке келсе де, тіп-тік, мейірімді



жүзінен әдеттегідей нұр төгіледі. Осы бір ел сыйлаған тұлғалы азаматқа қарап тұрып, «Сырлы аяқтың сыры кетсе де, сыны кетпейді» деген қанатты сөзді есіме алдым. Иә, Төкен тегін адам емес. Ол Алла-тағала қолдаған, Бекет Атасы желеп-жебеп жүрген азамат!

## АҚМЕШІТТИҢ ИМАМЫ

Осы бір жылы жүзді, инабатты жігіт ағасымен «Бекет Ата» атты деректі фильмді түсіріп жүргенде таныстым. Құлсары қаласының солтүстік-шығысына қарай 65 шақырымдай жердегі бұл өңір құнарлы да, шұрайлы болып келеді. Жем өзенінің бойындағы қасиетті мекен — Бекет Атаның кіндік қаны тамған жер. Бүкіл қазақтың Пірі атанған Бекет 1750 жылы дүниеге келіп, Мырзағұлдай әкенің, Жәниядай ананың көз қуанышына айналды. 1770 жылдары Хиуадан білім алып, өзінің ата мекенінде ұстаздық етті. Бекет Атаның ата-бабаларының, әкесі мен анасының бейіттері де осында жатыр. Бүкіл Үстірт Ақмешітті киелі санап, қазақ жерінің түкпір-түкпірінен келіп жатқан ақ ниетті жандар ұлы баба рухына тағзым етіп, құран бағыштап жатады.

Бекет Атаның ескі мешітінің орны да осы маңайда. Ол 1937 жылға дейін сақталып келді. Дінсіздер Атадан қалған киелі мешітті оқ-дәрімен құлатып, имансыздық танытқанда жергілікті халық жағасын ұстады.

Қазақстан тәуелсіздігін алып, қазақ халқы етек-жеңін жинап, имандылыққа бой ұра бастағанда жергілікті халық Бекет Атаның көне мешітінің ескі орнынан жаңа мешіт салуды қолға алды. Осы игі істің

жандануына сол кездегі Атырау облысының әкімі Равиль Тәжіқараұлы, облыс әкімінің орынбасары Есенкелді Нұршайұлы, Жылой ауданының әкімі Төкен Танаұлы үлкен қолдау, нақты демеушілік жасап, аз уақыттың ішінде Жем өзенінің бойынан үш күмбезді, биіктігі 12 метрлік өсем мешіт бой көтеріп, осы сәтті көптен бері күткен халықтың көбісі қуаныштан көздеріне жас алып жатысты.

Сол кезде Ақмешітке ие болатын нағыз имам керек еді. Тоқтау Қосқұлақтың ұрпағы, Өзбекстанның Гагарин қаласындағы Ислам Мырзабекұлына түсті.

Бұл таңдауды кездейсоқ жағдайға балауға болмайды. Біріншіден, Ислам Қосқұлақтың тоғызыншы ұрпағы болып келеді. Ол сонау 1930 жылдардан бері қуғын-сүргін көрген Мырзабек ишанның баласы. Кеңес өкіметінің тіміскі саясатының салдарынан Ислам да туған жерден жырақ жерде Жизак облысында, Гагарин қаласында бас паналауға мәжбүр болды. Басына қандай қиын-қыстау күндер түссе де аузынан Алласын тастамай, ұлы бабалар рухына және Пір Бекетке бас иіп өтті. Қарақалпақстанның Нөкіс қаласындағы мұғалімдер даярлайтын жоғарғы оқу орнын бітіріп, мұғалім мамандығын алған Ислам 10 жыл мұғалім, 10 жыл мектеп директоры, 7 жыл аудандық оқу бөлімінің инспекторы, Мәдениет үйінің директоры қызметін атқара жүріп, қолы қалт етіп, босай қалса, халық аузындағы Бекет Ата туралы аңыз-әңгімелерді жинап, 1993 жылы Гагарин қаласынан «Бекет Ата» кітабын 10 мың данамен шығарып, тұңғыш рет Пір туралы танымдылығы мол еңбек жазып, бүкіл қазақ жеріне таратты. Алдына үлкен мақсат қойған зиялы жан бүкіл Орта Азия Республикаларын аралап жүріп, Бекет Ата,

оның исламда алатын орны, саналы өмірі туралы екінші кітап шығарды.

— Жылыой ауданының әкімі Төкен Танаұлы арнайы шақырған соң Өзбекстандағы 8 бөлмелі үйімді, сыңсып тұрған бау-бақшаны небәрі 2 мың долларға сатып, ата мекеніме көшіп келдім. Аудан басшысы сөзінде тұрып, төрт бөлмелі үй салып, электр желісін тартып, су шығарып берді. Ел үлкен сенім артқан соң, ең басты мақсатым — Бекет Атаның мешітін атына сай етіп таза ұстау, нағыз имандылық үйіне айналдыру болды, — дейді ол өз сөзінде.

Иә, әрбір жанның алдына қойған үлкен мақсаты болады. Ислам да ізгілікті, жақсылықты, имандылықты өмірінің айнымас темір қазығы етіп алған инабатты жан. Ол мұнда атак, мансап, ақша, байлық іздеп келген жоқ, ата-бабасының асқақ рухын іздеп келді, өзі Пір тұтатын Бекет Атаға қызмет етуге келді. Жем өзенінің маңайы мал бағуға, бау-бақша етуге өте қолайлы. Еңбек етсе ерінбейтін Ислам және оның жанұясы айналасы үш-төрт жылдың ішінде Ақмешіттің айналасын нағыз гүлстанға айналдырып жіберді. Тал-терек жайқалып өсіп, нағыз демалыс орнына айналыпты.

Ақмешітте Пір Атаға тағзым етіп келіп жатқандарға барлық жағдай жасалғаны көңілге қуаныш әкеледі. Қасиетті жерде дәрет алатын жайлы орын, алаңсыз демалатын қонақ үйі бар. Осыдан біршама жыл бұрын Қазақстан мен одан тысқары жерде тұратын Бекет Атаның ұрпақтары ұлтына ұлыс болған, киелі Пір иесі Бекет Атаның 250 жылдығын тойлап өтті. Осы ұлан-ғайыр бас қосудың өз дәрежесінде өтуіне Ақмешіттің имамы Ислам

Мырзабекұлы үлкен үлес қосып, игі істің басы-қасында жүрді.

Бүкіл саналы өмірін Бекет Атаны білуге, тануға арнап келе жатқан Ислам шын мәнінде ұлы бабаның жоғын жоқтаушы зиялы азамат.

— Бекет Атаның төрт мықты қасиеті болған. Ол — ұстаз, көріпкел, шебер суретші және батыр болған. Ұстаздығы мен көріпкелдігі осы күнге дейін халық аузында аңыз болып айтылып келеді. Бекет Ата өмірінде төрт мешіт салған адам. Әсіресе, оның Оғландыда салған мешіті келгендерді таңқалдырады. Тауды қашап салған мешіттің төбесінде тесік болса да, ішіне жаңбыр тамбайды, ауасы дымқылданбай, үнемі тап-таза күйінде тұрады. Сирек кездесетін көне құбылысқа ат басын тіреген талай мықты сәулетшілер аузын ашып, құпиясына көздерін жеткізе алмаса керек.

Бекет Ата елін, жерін жаудан қорғаған батыр болған. Әрине, батыр болғанда ол қолына найза алып, жауына қарсы шаппаған. Ол батырлықты басқа біреулер арқылы ақыл айтумен жасап отырған қасиетті кісі. Бір кереметі, қандай соғыс болмаса да қан төгілмеудің жолдарын тапқан. Жау әскерінің алдын тұмандатып, борандатып, не адастырып жіберіп, еліне қайтарған. Немесе, жауларды оқ шығармай-ақ берілуіне мәжбүр еткен. Бекет Ата қолға түскен тұтқындарды ұрып, жәбірлеуге еш жол бермепті, — дейді Ислам Мырзабекұлы ұлы Пір туралы алуан-алуан әңгіме қозғап.

Бекет Атаны тануда, білуде игілікті істер атқарып жатқан Ақмешіттің имамына ел риза. Мешіттің жанындағы шағын мұражайдағы ақ тілектер жазылған кітапқа көз жүгірткенде осыны аңғарып, Исламға деген құрметің арта түседі.

Ислам туралы, Беккес, Қайырғали деген азаматтар:

«Құрметті Ислам Мырзабекұлы!

Сіздің Бекет Ата жолындағы еңбегіңізді құрметтейміз. Атаның өмір деректері, ерекше қасиеті, даналығы кеңінен көрсетілген кітаптарыңызға бүкіл халық дән риза. Ақмешіттегі Бекет Атаға арналған ескерткіш кесенеге сіңірген еңбегіңіз өз алдына бір төбе. Сізді әруақытта Ата аруағы қолдап, қорғап жүрсін», – деп жүрек жарды ақ тілектерін қолтаңба ретінде қалдырыпты.

Ал, Құлсары қаласындағы Қамыскөл орта мектебінің бір топ оқушылары: «Біз ұстазымызбен Бекет Атаның аруағына бас иіп, құрмет етуге келдік. Ата туралы көптеген мәліметтер алып, Атаның Ақмешітіне бас иідік. Қосқұлақ ұрпағы Ислам ағаға көп рахмет айта отырып, бұл ағаның қазақ халқы, оның болашақ ұрпағы үшін үлкен қызмет жасап жатқандығын көріп, ағаны іштей құрметтей түстік. Ислам ағаның өзіне және ұрпақтарына зор денсаулық, үлкен бақыт тілейміз», – деп ақ тілектерін ақ қағазға түсіріпті.

Ақтөбе қаласында тұратын Қализа қажы Құттыбаеваның да ізгі тілегі ешкімді бей-жай қалдырмайды. «Сізге Алланың нұры жаусын! Бекет Атамыздың рухы желеп-жебеп жүрсін! Халқыңызға, Атаңызға істеген ісіңіз, еңбегіңіз, қызметіңіз алдыңыздан шықсын. Келген адамдардың сізге деген ризашылығын Алла қолдап жүрсін. Бала-шаға, үй-ішіңізге қуат, бақыт әкелсін!» – деп тебірене қалам сілтейді замандасымыз.

Бүгінде есімін бүкіл қазақ білетін Ислам имамды жақында Шардара қаласынан кездестірдім. Ол осы

қалада өткен менің «Бекет Ата жолымен» атты деректі фильмімнің тұсау кесеріне сонау алыстағы Атырау жерінен арнайы келіп, деректі туындыма жылы лебіз білдіріп, жоғары бағасын берді.

— Амандық болса, 2010 жылы бүкіл қазақ Бекет Атаның 260 жылдығын Ақмешітте өткізгелі отыр. Бүгінде оған дайындық жұмыстары басталып та кетті. Ұлы баба, Пір Бекеттің тойы үлкен дәрежеде өтетіндігіне мен сенімдімін, — дейді Ислам.

Қоштасарда жақында ғана жарық көрген, танымдылығы мол, елу баспа табақтық «Бекет Ата» кітабын тарту етті. «Сыйға сый, сыраға бал» демекші, мен де бес жыл бойы Атырау мен Маңғыстаудың аралығын жол етіп түсірген бір сағаттық, танымдылығы мол «Бекет Ата жолымен» атты деректі фильм жазылған лазерлі дискіні тарту еттім.

## ТҮЛПАРДЫҢ ТҮЯҒЫ

Әкем алпысқа келгенше бір ұл балаға зар болып өтіпті. Сондықтан асқар таудай ең жақын адамым мені бетімнен қақпай өсірді. Ұмытпасам, 1970 жылдардың басы болатын. Сол кезде әкем Түлкібас ауданына қарасты бір шаруашылықта бөлімше меңгерушісі болып жұмыс атқаратын. Анам қымыз дайындаудың нағыз кәнігі шебері еді. Қысы-жазы екі-үш бие байлап, жылдың қай мезгілінде болмасын, қымыздың керемет иісі бұрқырап тұратын. Ол кезде мен ойын баласымын, біздің үйге күнде таңертең бір парасатты кісі келіп, қымыз ішіп кететін. Келген сайын маған шоколад кәмпитін беріп, арқамнан қағатын. Кейін білдім, жылы жүзді аға сол кездегі Оңтүстік Қазақстан облысы

партия комитетінің бірінші хатшысы Асанбай Асқаров болып шықты.

Асекең жоғарғы лауазымды кісі болса да, менің әкем Тұрғанбекпен терезесі тең адамша шүйіркелесіп, әңгімелесіп отыратын. Жалаңтөс Баһадүрдің, Әйтеке бидің, Бекет Атаның есімдерін осы үлкен адамдардың аузынан бірінші рет естідім. Есейе келе қазақтың Пірі атанған Бекет Ата туралы көп оқыдым, көп зерттедім, осыдан біршама бұрын алыстағы Маңғыстау жеріндегі атаның зиратына барып, тағзым еттім, құран бағыштадым. Қиналған сәттерімде де, қуанған сәтімде де ең бірінші Алланы, сонан соң Бекет Атаны ауызға аламын. Бекет Атаның жүріп өткен жолынап ізгілікті, жақсылықты, ізеттілікті, мейірмандықты, адалдықты, кішіпейілділікті, тазалықты көремін. Бекет Ата да үнемі мені қолдап-қорғап жүреді. Үш ғасыр бойы іздеусіз жатқан Сейітқұл әулие мен Әйтеке бидің басына кесене салмақ болған ақ ниетімізге қарсы болғандар да, аяқтан шалғандар да болды. Сондай қиын сәттерде Аллаға сиындым, Бекет Атаны аузыма алдым. Көп ұзамай-ақ ісіміз оңға баса бастады.

*(Рахаттың әңгімесінен)*

Әйтеке Байбекұлы қазақ халқының бірлігін нығайтуға үлкен үлес қосқан атақты үш бидің бірі, көрнекті мемлекет қайраткері. Кіші жүздің Әлім тайпасының Төртқара руынан шыққан текті азамат Әмір-Темірдің бас кеңесшісі Ораз қажының бесінші ұрпағы, Әйтеке би сондай-ақ бүкіл парсы, өзбек, қырғыз, қазақ жұрты жаны пәк деп атаған Сейітқұл әулиенің үшінші ұрпағы. Соңында мәңгі өшпейтін із қалдырған әзиз жан 1622 – 1635 жылдары Қоқанға әмірлік еткен Ақша ханның немересі. 25 жасында Кіші

жүздің бас биі сайланған Әйтеке би Самарқан қаласына 47 жыл бойы патшалық құрған атақты Жалантөс баһадүрдің немерелес туысы.

Қазақтың ұлт болып сақталып қалуына, мемлекет ретінде қалыптасуына шексіз үлес қосқан ұлы биге бір уыс топырақ Өзбекстандағы көне қалалардың бірі Нұратадағы ескі қазақтар зиратынан бұйырып, оның бейіті ұлы бабасы Сейітқұл әулиемен қатар жатыр. Осыдан төрт жыл бұрын қызмет бабымен Нұратаға жол түсіп, Сейітқұл әулие мен Әйтеке бидің басына арнайы бұрылып, ұлы бабаларға тағзым жасап, құран бағыштадық.

Көп уақыттан бері сұраусыз, іздеусіз жатқан әбден мүжіліп, құлауға айналған ескі бейітті көргенде бәріміздің жүрегіміз ауырып, жанымыз күйзелді.

Осы сапарда шіркін<sup>а</sup> ай, қос бабаның басын қарайтып, келген көпшілік құран бағыштайтын, тағзым ететін бір айшықты кесене салынса ғой деген ізгі арман бәріміздің де көкейімізде болды. Арада біраз уақыт өткенде Нұратадан қуанышты хабар келді. Бір топ қазақстандық кәсіпкерлер Сейітқұл әулие-Әйтеке би кесенесін салуды қолға алғандықтарын естіп, жақсыны көрмек үшін дегендей тездетіп жолға жиналды. Сапарға шұғыл жиналуымыздың басқа да себептері бар еді. Өйткені, кейбіреулер ұлы бабалар кесенесін біз салып жатырмыз деп, бұқаралық ақпарат құралдарынан жалған хабар таратып, елді шулатып жатты.

Ташкентке де жетіп, күрделі жөндеуден өткізіліп жатқан Төле би бабамыздың кесенесіндегі құрылыс жұмыстарымен танысқан соң, 400 шақырым қашықтықтағы Нұрата қаласына аттанып кеттік. Жоғарыда атап өткендей, Нұрата Орта Азиядағы ең



көне қалалардың бірі. Қолдағы бар деректерге сүйенсек, оның алғашқы іргетасы біздің дәуірімізге дейінгі 5 ғасырда қаланған. Осында жарты әлемді билеп-төстеген Ескендір патшаның қорғаны ескінің көзіндей сақталып келеді. Көне қалада басқа да тарихи құндылықтар, мәдени мұралар көптеп кездесіп, өткен ғасырлардың қойнауынан күмбір-күмбір сыр шерткендей. Бір кездерде Сейітқұл әулие мен Әйтеке би намаз оқыған 1500 жылдық тарихы бар көне мешіт те осы шаһарда.

Ежелден тату көршіміз Өзбекстан Республикасындағы Қазақстанның сол кездегі өкілетті және төтенше елшісі Зауытбек Тұрысбеков екі туысқан елдің ынтымағы мен бірлігінің артуына, рухани, мәдени қатынастарының терендей түсуіне үлкен үлес қосып жүрген мемлекет және қоғам қайраткері.

— Сейтқұл әулие мен Әйтеке бидің басына кесене салу мәселесі егеменді ел болып, Тәуілсіздіктің жалауы желбіреген соң әңгіме бола бастады. Өкінішке орай, сөз көп болды да, нақты іс болмады. Өзбекстанға елші болып келген соң, Нұратаға арнайы барып, қос бабаның зиратына соғып, Құран бағыштадым. Қазақтардың ескі зиратында елеусіз, сұраусыз жатқан қос бабаның моласы мені елші ретінде ғана емес, қазақтың бір перзенті ретінде қатты күйзелтті. Сол сәтте әулие адамдардың аруақтары маған үлкен парыз бен жауапкершілік жүктеп жатқандығын ерекше біртұтас күш арқылы сезіндім. Ізгі ниет, әрине, жақсы. Оны нақты жүзеге асыру үшін ұлы бабалар рухын сыйлай білетін парасатты жүрек, ізгі ақниет көңіл, қажыр-қайрат, қыруар қаржы керек. Қаржы дағдарысының жан-жақтан қысып тұрғанына қарамастан, ұлтымыздың рухын биікке көтеретін

атымтай жігіттерді іздестіре бастадық. Бірде менің жақын досым, маңғыстаулық азамат Қаражан Сердалиев белгілі шымкенттік кәсіпкер Рахат Байзақовты ертіп келді. Жаңа танысымның сөзден көрі істің адамы екені көрініп тұр. Ол өз қаржысына Сейітқұл әулие мен Әйтеке бидің кесенесін салуға әзір екендігін айтты. Қазақ халқының абыройы, ұлы бабаларының аруағы үшін білек түріп, үлкен іске белсене кіріскелі отырған жігітке риза болдым.

— Нағыз азамат екенсің, бауырым. Олай болса, ісіне сәт, — дедім риза болып, — Осы игі іске үлес қоссам деп жүрген 5-6 жігіт бар. Бұған қалай қарайсың?

— Шын пейілдерімен кірісем десе, қарсылығым жоқ, — деді Рахат.

Көп ұзамай атымтай жігіттер бас қосып, ата-бабаларымыз армандаған істі бастауға келістік. Арада бір апта өтпей жатып, Рахат бірінші болып, қаржы қосып, құрылыс жұмыстары басталып кетті, — дейді Зауытбек Тұрысбеков өз әңгімесінде.

Нұрата қаласындағы ескі зиратқа біраз уақыт өткізіп, қайта ат басын бұрғанымызла, бізді мүлдем басқа көріністер қарсы алды. Негізгі құрылыс жұмыстары біткен, айшықты Сейітқұл әулие - Әйтеке би кесенесі алыстан көз тартып, әсем көрінісі әрбір жүрекке қуаныш әкеледі.

Бабалар рухына бас иіп, өз ұлтының тарихын, мәдени мұраларын қастерлейтін, ұлы бабаларының кесенесін салуға қаржысын да, қажырын да аямай жүрген атымай жігіттермен қасиетті Нұрата жерінде таныстық. Рахат Байзақов, Қаражан Сердалиев, Бернард Сердалиев, Арғынғазы Беркімбаев, Есенғали Байменов, Ибадолла Қалыбеков, Шахарбек Усманов, Алтынсары Үмбетәлиев есімді азаматтар

Қазақстанның түкпір-түкпірінде тұрады. Бәрі де әр саладағы кәсіпкерлікпен шұғылданып, өз нәсіптерін тауып жүр. Олардың басын қосқан игі мақсат — ел болашағын, ұлт келешегін ойлау, ұлы бабалардың халқы үшін жасаған еңбегін бағалап, қазіргі ұрпаққа жеткізу сияқты ізгі ниет болып табылады.

Әрқашанда ел игілігі үшін үлкен істер атарып жүрген, зиялы азамат, шымкенттік белгілі кәсіпкер Рахат Байзақов Самарқан қаласын 47 жыл билеген Жалаңтөс Баһадүрдің жетінші ұрпағы болып келеді. Арынғазы Беркімбаев бүкіл қазақтың батыс өңіріне есімі белгілі, орақ ауызды шешен, әділ би атанған Дәрбісәлі бидің тікелей ұрпағы. Қаражан мен Бернард Сердалиевтер атақты би, шешен, өзінің үлкен суретшілік дарынымен Шоқан Уәлихановты таңқалдырған Сердалы Бекшориннің туған шөберелері. Шахарбек Усманов ағамыз көрнекті мемлекет қайраткері, елім деп, қазағым деп еніреп өткен, сол үшін 1937 жылы халық жауы ретінде атылған Темірбек Жүргеновтің немере інісі. Есенғали Байменов, Алтынсары Үмбетәлиев және Ибадолла Қалыбековтер де текті жерден шыққан жігіттер.

Кесене құрылысының басталғанына онша көп уақыт бола қоймаса да, көптеген игі істер жүзеге асырылыпты. Атап айтқанда, ғимараттың сыртқы жұмыстары толық аяқталды деуге болады. Бабалар рухын асқақтататын кесененің жанынан бой көтерген медресе, жолаушыларды қабылдайтын қонақ жай, жуынып-шайынатын орындардың құрылысы қызу қолға алыныпты. Осы игі іске өзіндік үлес қосқан кәсіпкер Алтынсары Үмбетәлиев өз қаржысына 136 метр тереңдіктен таза ауыз суын шығарып беріпті.

Сондай-ақ бүкіл кесенеге электр қуатын беретін қондырғы іске қосылыпты.

- Дала қыраны бүркіттердің түрлі-түрлісі болады. Біреуі тапқан олжасын басып жейді, ал біреулері шашып жейді. Рахат маңдай терімен, қажырлы еңбегімен тауып жүрген қаржысын ел игілігіне арналған істерге арнап жүрген, өр тұлғалы азаматтың бірі. Кейде мен інімді қияға қанат қаққан қыран бүркітке теңеймін, - дейді игілікті іске өзіндік үлес қосып жүрген Қаражан Сердалиев ағынан жарылып.

Елге қайтар жолда атақты Самарқан қаласына соға кетуді жөн санадық. XVI ғасырдың басында Самарқанға қырық жеті жыл бойы әмірлік еткен Жалантөс ұлы бабалары Ораз қажының, Ақша ханның ізгілікті жолдарын жалғастырып, Самарқан қаласын Орта Азиядағы гүлденген, өнері мен мәдениеті өркендеген қалалардың біріне айналдырды.

1649 жылы Иранмен болған соғыста Жалантөс Баһадүрдің аты жолбарыс жүректі батыр ретінде, атағы бүкіл мұсылман елдеріне кеңінен белгілі болды. Ол бастаған жүз мың әскер екі жүз мың қолды құрайтын Иран әскеріне қарсы шығып, қарсыластарының быт-шыттарын шығарып, жеңіске жетті. Бұл Ұлы Жеңіс бүкіл араб, парсы, түркі және басқа да елдерге аңыз болып тарап, Жалантөс Баһадүрдің айбары асқақтай түсті.

Аты аңызға айналған Жалантөс Баһадүр Самарқандағы атақты Мағдум Мазалы зиратында жерленген. Мұсылман әлеміндегі он төрт атақты патшаның ортасында жатқан ұлы бабамыздың басына тағзым етіп, құран бағыштадық. Жалантөстің Мағдум Мазалы зиратына жерленуі туралы халық ауызында

ақиқатқа толы аңыз бар. Жалаңтөстің қайтыс болғанына қырық жылдай өткенде Самарқандағы қожа ағайындар: «Жалаңтөс қырық жеті жыл әмірші болғанымен, ол – кара, онын ақсүйектердің жанына жерленгені ағаттық болған» деген күңкіл әңгіме шығарады. Іс насырға шауып, көпшіліктің қысымымен қабірді ашуға дейін барады. Бейітті ашқанда ештеңеге бүлінбей, мұқият оралған қағаз шығады. Ол Жалаңтөс жатқан жерді жекешелендірген, сол үшін ақшасын төлеп, куәландырып, мөрін басқан құжат болып шығады. Бұдан кейін қожалар бұл туралы әңгіме айтпайтын болыпты.

Ұлы баба басында болғанымызда бәріміз де іштей толқыдық, әсіресе, Әйтеке би мен Сейітқұл әулиенің кесенесін салуға мұрындық болған Жалаңтөс Баһадүрдің тікелей ұрпағы Рахат Тұрғанбекұлы Байзақов қатты тебіреністе еді. Ұлы бабасы осыдан сан жүздеген жыл бұрын отырғызған әулие ағаштың жанына барғанда Рахат ерекше тебіреністе болды.

Әрине, осының бәрін ауызбен айту оңай. Бүкіл қазақ үкілі үмітпен карап отырған ұлы бабалар кесенесін өз уақытында салып бітіру елдігіміз үшін үлкен сын болды. Атымтай жігіттер бұл сынақтан сүрінген жоқ, абырой биігінен көріне білді. Ізгі мақсат жүзеге асырылып, қазақ халқының жүздеген жылдардағы бір ізгі арманы орындалып, Әйтеке би мен Сейітқұл әулиенің рухы асқақтады.

2009 жылдың 31 шілдесі күні түбі бір, тегі бір өзбек жеріндегі киелі де көне Нұрата қаласында қазақтың рухын биікке көтерген бір айтулы оқиға болды. Сейітқұл әулие - Әйтеке би кесенесінің ашылу рәсіміне қатысу үшін Қазақстанның түкпір-түкпірінен

келген ағайындар қос бабаның басында қауышып жатты. Халық көп жиналған бұл бас қосуда Қазақстан Республикасы Сенатының депутаты, көрнекті жазушы Әбіш Кекілбаев, Қазақстан Республикасының Өзбекстандағы сол кездегі өкілетті және төтенше елшісі Зауытбек Тұрысбеков, Новой облысының бас имамы Сейітқожа Насыреддин және басқалар сөз сөйлеп, Сейітқұл әулие мен Әйтеке бидің қазақ ұлтының бірлігі мен ынтымағының өркендеуіне қосқан ерен істеріне үлкен баға беріп, қазақ халқы үш жүз жыл бойы күткен қуанышты оқиғамен құттықтады. Жиналған халық қос бабаның кесенесін салуда үлкен азаматтық пен ұлтжандылық, жігерлік пен табандылық көрсеткен атымтай азаматтарға үлкен құрмет көрсетіп, үстеріне зерделі шапан жапты. Небір жайсандар мен жақсылар жиналған осы бас қосуда Жалаңтөс Баһадүрдің ұрпағы Рахат Тұрғанбекұлы Байзақовтың есімі ерекше аталып, ел алғысын жаудырып жатты. Сол күні Рахат бастаған жігіттер бабалар рухына арнап құран бағыштап, үлкен ас берді. Үлкен тебіріністе тұрған Рахатты әңгімеге тартып, сұхбат алу құрметіне ие болдым.

— 25 жасында Кіші жүздің бас биі болып сайланған Әйтеке бидің қазақ тарихында алатын орны ерекше. Ұлы бабаның жүздеген жылдар бойы сұраусыз, іздеусіз жатуы менің де қабырғама қатты батушы еді. «Көз қорқақ, қол батыр» деген осы. Бүгін кесененің ашылу рәсімі болып, бәріміздің мерейіміз асқақтады. Ұлы қос бабаның аруақтары бір аунап түсті. Халықтың ақ пейілімен салынған айшықты кесенеге жанымдағы атымтай азаматтар сияқты үлес қосқанымды үлкен бақыт санаймын, - деді сонда Рахат ерекше тебірене сөйлеп.

Қазақтың белгілі кинооператоры, Әйтеке бидің

ұрпағы Сәрсенбай Тәжімұратов екеуіміз қазақтың атақты биі туралы деректі туынды түсіру мақсатымен Ташкент, Самарқан, Новои, Нұрата, Астана қалаларында болып, көптеген белгілі тұлғалармен, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткерлерімен сұхбаттастық. Жүректен шығып, жүрекке жеткен сол шынайы сөздер, әділ бағалар біздің жүрегімізде әлі де сайрап тұр. Енді сөз кезегін сол айтылған ақ тілектерге берсек.

**Сейітқожа Насыреддин, Өзбекстандағы Новои облысының бас имамы:**

— 1929 жылы Нұрата мен Новоиді жалғастыратын төте жол салынатын болып, Сейітқұл әулие мен Әйтеке би жерленген ескі қазақ зиратын бұзу жөнінде шешім шығарылады. Жергілікті басшылардың сұрқия істеріне менің әкем Насыреддин ишан бастаған өзбектер қарсы шығып, «Басқа зиратты тас-талқан етсеңдер де өз еріктерің. Ал, бұл бейітке тиісуші болмандар, онда бір қазақ қана емес, бүкіл өзбек, тәжік, қырғыз үшін аса қадірлі саналатын қос әулие жатыр. Құдайдан қорқындар, аруакты сыйландар!» - деп бәрі тас түйін болып, шынжыр табанды тракторларды зиратқа жібермей тұрып алады. Көптің қаһарынан қорыққан шолақ белсенділер райынан қайтып, қасиетті қорым аман қалыпты. Бейітті қорғауды Насыреддин ишан маған перзенті ретінде аманат етіп тастап кетті. Мен әке аманатына адал болдым. Осы екі әулие жанның басына бір еңселі кесене салу қазақтардың ғана емес, өзбектердің де ізгі арманы еді. Кесене саламыз деп кімдер келіп кімдер кетпеді десенізші. Алла-тағала бір сәтін салып, өзбек еліне Зауытбек елші болып келіп, игі істі қолға алды. Алланың нұры жауғыр Рахат інім бастаған жігіттер

жиған-терген қаржысын салып, үлкен құрылысты бастап та жіберді. Айналасы 5 – 6 айдың ішінде кесене бой көтеріп, Сейітқұл әулие мен Әйтеке бидің рухы асқақтады. Егер Зауытбек, Рахат сияқты ұлтжанды азаматтар болмаса, кесене салынар ма еді, салынбас па еді.

**Әбіш Кекілбаев, Қазақстанның Еңбек Ері, көрнекті жазушы:**

— Төле би, Қазбек би сияқты Әйтеке бидің қазақ халқының тарихында алатын орны ерекше бөлек. Ұлы бабамыздың қазақтың ұлт болып қалыптасуына, мемлекет ретінде нығаюына қосқан үлесі шексіз. Міне, Сейітқұл әулие мен Әйтеке бидің кесенесі бой көтеріп, өр қазақтың жүрегінде жүретін бір ізгі арман орындалды. Елдігімізді, бірлiгiмiздi, ұлтжандығымызды көрсеттік. Осы игі іске қатысқан барлық азаматтарға шын жүректен алғысымды айтқым келеді. Әсіресе, кесенені салуға қажыр-қайратын, қаржысын аямаған атымтай азаматтарға мың да бір алғыс, мың да бір рахмет!

**Өмірбек Байгелді, Қазақстан Республикасы Сенатының депутаты:**

— Өлі риза болмай, тірі байымайды. Қос ұлы бабаның кесенесінің салынып бітуі бүкіл қазақтың рухын көтеріп, мерейін тасытты. Осы игі істің басы қасында жүріп, үлкен игілікті істерді жүзеге асырған Рахат Байзақов бастаған атымтай азаматтарға алғыстан басқа айтарым жоқ. Өзінің бай тарихын, асыл мұрасын, ардақты тұлғаларын сыйлаған, құрметтеген ұрпақтан айналдым. Осындай ұлтжанды жігіттер көп болса, қазақтың мерейі әрқашан да үстем болады. Тәуелсіздігіміздің жалауы мәңгі желбірейді.



**Ақселеу Сейдімбеков, жазушы – ғалым,  
Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының  
лауреаты**

— Қазақтың Әлім Төртқара руынан шыққан алып тұлғалар бір Өзбекстан ғана емес, бүкіл Орта Азияның өркендеуіне, гүлденуіне шексіз үлес қосты. Жалаңтөс Баһадүр Самарқанға 47 жыл әмірлік етіп, оны гүлдендірді, атағын бүкіл әлемге шығарды.

Қазақта «Тұлпардан тұлпар туады, сұңқардан сұңқар туады» деген қанатты сөз бар. Сейітқұл әулие мен Әйтеке би кесенесін салуда үлкен азаматтық, ұлтжандық көрсеткен атымтай жігіттердің бірі Рахат Тұрғанбекұлы Байзақов Жалаңтөс Баһадүрдің тікелей ұрпағы деп естідім.

Жалаңтөс Баһадүр дарынды қолбасшы ғана емес, ол ұлы сәулет өнерінің де қамқоршысы болды. Самарқандағы Ұлықбек медресесінің дәл жанынан 1636 жылы «Ширдор» медресесін салдырды. 1646 жылы «Тілә Қари» медресесінің құрылысын бастады. Ұлы Әмір қайтыс болған соң, 1660 жылы айтулы құрылысты Жалаңтөс Баһадүрдің шәкірті алшын Беккүл жалғастырып, алтынмен апталған медресені салып бітірді.

Содан бері арада 349 жыл өтіпті. Қазақтың абыройы мен айбатын асқақтатқан Баһадүрдің тікелей ұрпағы Рахат Тұрғанбекұлы Байзақовтың жігерлі істерінің арқасында 2009 жылы Өзбек жерінде Сейітқұл әулие мен Әйтеке бидің кесенесі салынып бітті. Тұлпар ізін тай басар деген осы! Өнегелі ұрпақ жалғасы, тегіне тартқан деген осы!

Қалай риза болмайсың! Осындай асыл жанды жігіттерді бір Алланың өзі қолдап жүрсін, олар біздің ертеңіміз бен болашағымыз.

... Жүректен шыққан ақ тілектер осылайша жалғаса береді. Гүл өскен жерге гүл өседі, халқы мен ұлтының болашағын әріден ойлап жүретін зиялы азамат Рахат Байзақов соңынан ізгіліктің іздерін қалдырып жүрген еңсесі биік азамат. Жақында Рахатты Астанаға үлкен лауазымды қызметке ауысты деген қуанышты хабар естідім. Жоғары жақта ел мүддесін, халық мүддесін ойлайтын азаматтардың көп болғаны жақсы ғой. Иә жауынменен жер көгереді, алғыспенен ел көгереді.

## ҚЫРАН ҚИЯҒА САМҒАЙДЫ

Соңында ізгіліктің іздері қалып, еліне, халқына жасаған қызметің жемісті болып, шыққан тауын биік, асқақ болғанға не жетсін! Бүкіл саналы өмірі қыранның қанат қағысындай, тұлпардың шабысындай болып өтіп, ел құрметіне бөленген бақытты адамдардың бірі – СССР-дің құрметті мұнайшысы, Қазақстанның еңбек сіңірген мұнайшысы, Қазақстан Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Еліміздің минералдық ресурстар академиясының мүше-корреспонденті Бөлекбай Сағынғалиев.

Тұлғалы азаматтың 75 жасқа толуы қарсаңында «Орындалған арман» атты деректі фильм түсіріп, Бөкенмен бірге Атырау, Маңғыстау өңірін талай рет аралап, туған інісіндей болып кеттім.

Өмірдің талай-талай биіктерінен көрінген Бөлекбай Сағынғалиев өмірінде біреудің ала жібін аттамайтын, адам баласына жақсылық жасауға асығатын, әділдік пен шындықтың қылышы болып жарқырайтын асыл жан. Сапар кезінде Жаратқан

Иеміз — Аллаға құлдық етіп, Бекет Атасына сиынып жүрді. Оның тегін еместігін мен де іштей сезуші едім. Маңғыстауға барған бір сапарымызда бұл жөнінде ерекше бір тебірене сөз қозғағанымыз бар. Мен сол әңгімені қаз-қалпында беріп отырмын.

### Бірінші әңгіме

Мен 1960 жылдан 1969 жылға дейін Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің ауыр өнеркәсіп бөлімі меңгерушісінің орынбасары болып еңбек еттім. Сол кез Қазақстандағы мұнай және газ өнеркәсібін жеделдетіп, өркендету республика экономикасындағы өзекті мәселелердің бірі болып тұрды. 1968 жылы жаз кезінде Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы Дінмұхамед Қонаев мұнайлы Гурьев облысына ресми сапарға баратын болып, бір топ жауапты қызметкерлердің қатарында мені де ала кетті. Айтулы облыста болып, мұнай өндірудің хал-жайымен жан-жақты танысқан соң, Маңғыстауға ұштық. Бір күндей жаңадан бой көтеріп келе жатқан Жаңаөзен қаласында болдық. Қалалық атқару комитетінің шағын қонақ үйіне орналасқан Димекеңе бір құжаттар қажет болып, мені өзіне шақыртты. Рұхсат сұрап, бөлме ішіне кірсем, бірінші хатшы жеңіл киініп, алдында шашылып жатқан қағаздарға мұқият қарап отыр екен.

— Бөлекбай, жақында атақты академик Иван Губкиннің СССР Ғылым академиясының 1934 жылғы бір кезекті сессиясында жасаған мазмұнды баяндамасын оқып шықтым, — деді Қонаев шақырған шаруасына көшіп. — Онда Орал-Ембі аймағының жер асты байлығының мәселесі қаралып, талқыланыпты.

Белгілі академик бұл өңірдің тұз қабаты астында орасан бай мұнай көзінің барлығын дәлелдейді. Бұған мұнай өндірудің үлкен маманы ретінде көз қарасын қалай?

Димекеннің терең білімділігіне, алысты болжай білетіндігіне қайран қалушы едім. Академик Губкиннің сирек кездесетін құнды еңбегін тауып, оқығанына іштей риза болдым, бір жағынан таң қалдым.

— Дінмұхамед Ахметович, — дедім мен ішімдегі қуанышымды жасыра алмай. — 1951 жылы Москва мұнай-химия және газ өнеркәсібі институтын бітіргенде академик Иван Губкиннің осы құнды еңбегін диплом жұмысыма өзек етіп алдым. Кейбір мамандардың айтуы бойынша тұз астындағы мұнай қорының қоры 2 миллиард тоннадан асады. Яғни, бұл байлық Бұзаушыдан 2,7 есе, ал, Маңғыстаудан 1,4 есе көп.

— Түсінем, — деді Димекен, — бұл орасан байлық. Төрт мың метр терендіктен мұнай шығару оңай шаруа емес. Ол үшін үлкен қаржы, жан-жақты жетілген технология жабдықтары, білікті мамандар керек. Алматыға барысымен осы істі қолға алайық, Бөлекбай. Маған жылыұшырай қараған Димекен мен мүлдем күтпеген тосын сұрақ қойды.

— Бөлекбай, осы өңірдің жігітісің ғой, Бекет Ата әулие туралы естуің бар ма?

— Білмейді екенмін, — дедім шынымды айтып.

— 17 ғасырдың аяғында Маңғыстауда Бекет Ата деген ғазиз жан өмір сүріпті. Көнекөз қариялардың айтуынша жауына айбар, халқына қамқор жан болса керек. Көзінің тірісінде төрт мешіт салдырып, талай қазақтың сауатын ашыпты. Пайғамбар жасында

дүниеден озып, осы маңайдағы Оғланды деген жерде жерленген.

«Мединеде – Мұхаммед, Түркістанда – Қожа Ахмет, Маңғыстауда – Пір Бекет» деген сөз қалыпты, – деп Қазақстан ғана емес, бүкіл СССР-ге белгілі тұлғалы азамат тарих қойнауынан мен біле бермейтін әңгіме шертті.

Қазір ойлап отырсам, тау алыстаған сайын асқақтай түседі екен. Димекен болмысы ерекше парасатты, данышпан жан еді. Осы әңгімеден сон Бекет Атаны іздей бастадым, тани бастадым. Заман дін атаулыға, әулие атаулыға қанша қарсы болса да, біз біле бермейтін тылсым күштің бар екендігін сезіндім, ұқтым.

Кейінірек Маңғыстауға қызметке келгенімде ретін тауып, Оғландыдағы Бекет Атаның басына барып, тағзым етіп, құран бағыштадым. Одан жаман болған жоқпын. Бекет Атаның аруағы әрқашан да мені қолдап-қорғап жүрді.

### Екінші әңгіме

1947 жыл Доссор маңында сәтсіз аяқталғанын мұнайшылар жақсы біледі. Нақты айтқанда, ұнғы жапырылып, қысым мен тұз жылжуына тіреу – құбыр шыдас бере алмай, мыжылып қалды. Өйткені, ол кезде сапалы құбырлар өндірске шығарылмайтын. Жіберілген сәтсіздіктерге қарамастан сол кезде тұз астының құрылымы және терендікте орналасуы туралы бағалы мәліметтер алынды.

Одан бері жағдай, бұрғылау жұмыстарындағы техника қолдану мүлдем өзгерді. Сондықтан да, «Ембимұнай» өндірістік бірлестігі геология және жанар

қазбаларын зерттеу институтының қатысуымен бұрынғы атқарылған жұмыстардың материалдарын жан-жақты талдануын негізге алып, болашақта атқарылатын істердің бағасына сүйене отырып, тікелей оңтүстік Ембі ауданындағы геофизикалық, геологиялық іздеу жұмыстарының көлемін кең көлемге арттыру жөнінде СССР мұнай министрлігіне сенімді, нақты ұсыныспен шықтық. Көздеген мақсатты жүзеге асыру үшін атқарылатын жұмыстардың техникалық деңгейінің күрт өсуіне және қабілеті жоғары, қазіргі заманның озық техника мен технологиясын ұтымды игерген еңбек ұжымдарын тартуға айрықша көңіл бөлінді. Бұл игі іс атқарылған жұмыстың сапасын қамтамасыз етумен бірге, іздестіру жұмыстарының қарқынын арттырды. Жұмысты жеделдету үшін «Краснодарнефтегеофизика» және «Маңғышлакнефтегеофизика» трестерінің сейсмопартиялары іске кірісті. Ел байлығын арттырушылар геофизикалық жұмыстардың көлемін күшейту арқылы ғана бірлестік аймағындағы сейсмикалық зерттеуді жедел, тиімді жүрізуге болатынын жақсы ұқты. Бұл игі іс өз жемісін берді де. 1974-1976 жылдар аралығында 30-ға жуық объектіге іздестіру жұмыстарын жүргіздік.

Зерттелген алты объектіде тұз қабаты астында көмірсутегін қамтитын шөгінділердің бар екендігі анықталды. Жүргізілген жұмыстардың нәтижесінде көмірсутегін қамтитын шөгінділердің шекті көлемі мың метрден асып, аумағы 400 шаршы шақырым болып шықты.

Өкінішке орай, СССР Мұнай министрлігінің сол кездегі кейбір шалақ ойлы басшылары және тайыз ғалымдар осы игі істердің болашағын көре тұрып,

орынсыз сынға алды, айтулы жұмыстардың болашағы жоқ деген болжам жасауға тырысты. Бірақ, біз бұл шалағай шешімге келіскеніміз жоқ. Үлкен мақсатты, бастаған жұмысты жалғастыру үшін алғырлық, күш-жігер, табандылық керек болды. Ембі мұнай өндірістік бірлестігі геология және жанар қазбаларын зерттеу институты дәйекті зерттеу жұмыстарын жүргізіп, өз бағыт-бағдарларының дұрыстығын дәлелдеп берді. Айтулы күрделі мәселе қайта қаралып, СССР Мұнай министрлігі Теңіз алаңын терең бұрғылау жұмыстарын жүргізу туралы шешім қабылдады.

Осының бәрі айтуға оңай, Теңіздің мол мұнайын өндіруде біз көптеген қиындықтарды бастан кешірдік. Талай рет тауымыз шағылып, қолды бір сілтеген жайлар да болды. Мен ол кезде «Ембімұнай» өндірістік бірлестігінің Бас директоры едім. Әлі есімде 1981 жылдың жазында Атырауға сол кездегі КПСС Орталық Комитеті Саяси Бюросының мүшесі, республика коммунистерінің басшысы Дінмұхамед Қонаев келді. Облысты аралап, мән-жайды өз көзімен көрген Димекен ертесіне Алматыға қайтатын болып, бәріміз аэропортқа дейін шығарып салдық. Бәрімізбен кезек-кезек қол алысып қоштасқан Димекен менің алдымда сәл кідірді.

— Бөлекбай, Бекет Атана сиынып жүрсің бе? — деді маған мейірім шуағын төге қарап, — Тағы да сиын, жақында үлкен өзгеріс болайын деп жатыр. Құдай қаласа, Теңіздің бағы жанады, барлық қиындық артта қалады.

Димекеннің айтқаны келді. Көп ұзамай-ақ КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің 1981 жылғы «Батыс Қазақстандағы мұнай және газ өнеркәсібін игеру және геологиялық барлау

жұмыстарын күшейту туралы» қаулысы жарық көріп, ұлы игі іс жүзеге бастады.

### Үшінші әңгіме

Жалпы Батыс Қазақстанның мол мұнайын тезірек игеру туралы бірнеше тармақтан тұратын маңызды қаулы қабылданды. Дүние жүзіндегі үлкен мұнай көзі саналатын Теңізді игеру, міне, осыдан басталды. Советтер Одағы ғана емес, дүние жүзі бойынша мұнай игеру тәжірибесінде бірінші рет газ құрамында 25 проценттік күкірттегі бар болып шықты. Сондықтан да, Теңіздегі мұнай игеру жұмыстарын зерттеу онайға тиген жоқ.

– «Алла өзін қолда, Бекет Ата істің сәтін сала гөр», – деп іштей сиынып жүргенімде мені Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы Дінмұхамед Қонаев Алматыға шұғыл шақыртты. Атқарып жатқан жұмыстардың мән-жайымен мұқият танысқан Димекен тікелей шақыртқан шаруасына көшті.

– Бөлекбай, кеше ғана СССР Министрлер Советінің тұрағасы Алексей Николаевич Косыгинмен сөйлестім. Екеуміз жер астындағы тұз қабаттарын бұрғылайтын озық технологиялы канадалық Протест жабдығын сатып алу жөнінде әңгіме қозғадық. Амандық болса, Теңізде бұл қондырғы Советтер Одағында тұңғыш рет қолданайын деп отыр. Жабдық өте қымбат тұрады, Алексей Николаевич үкіметтің бір тиынын босқа шашпайтын адам. Сондықтанда, ол үлкен дәйектілік пен дәлдікті талап етеді. Осы жағына басты назар аударындар, есеп-қисаптарың мықты



болсын. Ендеше, жолың босын. Алланың өзі қолдасын, Бекет Атаң желеп-жебесін!

Елдің, халықтың камын әріден ойлайтын, ол үшін отқа да, суға да түсетін үлкен тұлғаның сөздерін тындап тұрып іштей «әумин» дедім. Ол кезде кез-келген үлкен басшылардың аузынан Құдайға, аруақтарға сиынған сөздер шыға бермейтін.

Мен білетін Қонаев ата-бабалар дәстүрін жалғап, іштей жаратқан Иесіне сиынып, құранын жаттап өткен, өмірінде атақ пен данққа, байлық пен дәулетке қызықпаған, қолынан қайырымдылық пен ізеттілік келетін парасатты жан болатын. Сондықтан да, оны бүкіл қазақстандықтар көзінің тірісінде-ақ хан көтеріп, ардақтап, құрметтеп өтті.

«Ембімұнай» өндірістік бірлестігінің геология бөлімінің бастығы Орынғали Есқалиевті жанына ертіп, сол күні Москваға ұштық. Косыгин қабылдайтын күннің қарсаңында алдағы болатын маңызды әңгімеге жан-жақты дайындалдық. Бүкіл Совет Одағының экономикасын ашса алақанында, жұмса жұдырығында ұстап отырған үлкен басшы сол кездегі СССР мұнай өнеркәсібі министрі Валентин Дмитриевич Шишкин екеумізді қабылдады. Алексей Николаевич Косыгин тау қозғалса да былқ етпейтін сабырлы жан екен, сөздің емес, нақты істің адамы екені айтпаса да аңғарылып тұр. Маған ойлы көздерімен қарап қойып, сұрақтарын жайлап қоя бастады. Менде қолдағы бар нақты деректерге сүйене отырып, жерасты тұз қабаттарында жатқан Теңіздің бүгіні, келешегі, оның ел экономикасына әкелетін экономикалық тиімділігі жайлы талдап айтып бердім. Бұл кезлесіміз қырық минутқа созылды. Косыгин

риза кейіппен мұнай өнеркәсібі министрі Шишкинге карады.

Димекен айтпақшы, Құдай қолдап, пір тұтқан Бекет Ата желеп-жебеп, Валентин Дмитриевич мені құптап, Теңіздің келешегіне үлкен баға берді.

– Мен де солай ойлаймын, істеріңе сәттілік тілеймін, – деп Косыгин бізбен жылы қоштасты. Көп ұзамай Канададан Протест жабдығын алып, жауапты істі қолға алдық.

Геология және жанар қазбаларын зерттеу институты мен «Саратовнефтегеофизика» тресі Ембі өндірістік бірлестігімен бірлесе отырып, үш тәуелсіз ұңғының бірінші профилін салу жөнінде батыл әрі сенімді негізделген шешім қабылдадық. Бұл шешімнің бұрынғы атқарылған жұмыстарға қарағанда көптеген ерекшеліктері бар еді. Атап айтқанда, Қаратон, Пустыня алаңдарында жасалғандай, тек Теңіз құрылымына жанасатын бөлікте ғана емес, бір-біріне он шақырым қашықтықтағы солтүстіктен оңтүстікке сыналып кіріп жатқан учаскелерге де ұңғы салынды. Ұңғылардың осылайша орналасуы тек қана бір-бірімен қиылыспайтын бүгілген жерлердің бар екендігін анықтап қана қоймай, онда мұнай-газ барлығы белгіленген жағдайда, бірден тұз астында жатқан кордың көлемін анықтайды.

Ұңғы салу актісіне менімен бірге Досмағамбетов қол қойды. Бұл сәт менің өмірдегі, ең бір бақытты, қуанышты сәттер еді.

Иә, көп жылғы қажымас еңбек, ізденіс зая кеткен жоқ. Теңіздің ашылуы шын мәнінде ғасырдың, дәуірдің ұлы оқиғасы еді. Төрт шақырым тереңдікте 2 миллиард тоннадан астам мұнай қорының бар екені

анықталып, Теңіз дүние жүзіндегі алып мұнай кен орнының біріне айналды.

Арада біраз уақыт өткен соң жер астындағы байлықты игеріп, халық игілігіне ұсына бастадық.

## СӨЗ ТҮЙІНІ

Иә, әр адамның өзіндік шырқау биігі болады. Бөлекбай Сағынғалиев сонау 1934 жылғы СССР академиясында сөз болған академик Иван Михайлович Губкиннің болжамдарын іс жүзінде жүзеге асырды. Сол үшін Бөкен әрқашанда өзін бақытты санайды.

Кұдайға шүкір, Бөкенде атақ-мансап жетерлік. Оның есімі Қазақстан Республикасының Құрмет кітабында жазылды. Отан алдындағы орасан еңбегі үшін Октябрь революциясы орденімен, Қазақ ССР Президиумы Жоғарғы Советінің Құрмет грамоталарымен марапатталды. Теңізді ашқан ерен еңбегі үшін Қазақстан Мемлекеттік сыйлығының лауреаты атанды. Ол еліміздің минералдық ресурстар академиясының мүше-корреспонденті, СССР-дің құрметті мұнайшысы, Қазақстанның еңбек сіңірген мұнайшысы. Бөлекбай Сағынғалиев КПСС-тің XXVI съезінде делегат болып қатысты.

– Бөлекбай екеуміз тай-құлындай тебісіп бірге өстік. Мен оны әрдайым мақтаныш тұтамын. Құрдасымның үлкен еңбегі – Теңізді ашу болып табылады. Кейбіреулер Теңіздің маңына бара алмай жүргенде, Бөлекбай қызып тұрған тоқты жалаңаш қолмен ұстап, үлкен батырлыққа барды. Ол тұла бойына үлкен адамгершілік қасиеттерді сыйдыра

білген алғыр адам. Қай қияға салсаңыз да қыранша самғап өтетін адам, — дейді өз замандасы туралы академик-жазушы Зейнолла Қабдолов.

Бүгін Бөкең тағы да сапарға аттанды. Елге асығып барады, ел ырысын арттырып жүрген мұнайшыларға асығып барады. Осындайда ізгіліктің, жақсылықтың жолы жалғаса берсе деп Бөкене ақ жол тілейсін. Иә, Бөлекбай Сағынғалиев ар мен намыстың, биіктік пен өрліктің адамы. Өзі сүйетін халқының ардақты бір перзенті.

Оны әрқашан да бір Жаратқан Иеміз қолдап, Бекет Атасы желеп-жебеп жүреді.

*2004 жыл.*

## МІНКӘН ЖӘНЕ СЕЙСЕН

Пір Бекет туралы деректі фильм түсіру кезінде Қазақстанның түкпір-түкпірінде тұратын Бекет Атаның ұрпақтарымен танысып, дәмдес, сыйлас болдым. Оңтүстік Қазақстан облысына қарасты Жетісай қаласында бір қасиетті, бақыт пен құт қонған шаңырақ бар. Үй иесі Көбен ақсақалды оңүстік өңірінің ғана емес, Атырау, Ақтөбе, Маңғыстау облыстарының, көршілес Өзбекстан, Түркіменстан Республикаларының тұрғындары «Көбен сопы» деп атап, құрмет тұтады.

Тоғай Бекет Атаның үшінші баласы, көнекөз қариялардың айтуы бойынша, карашанырақтың иесі Көбекең Тоғайдың тікелей ұрпағы. Осы күнге дейін бұл шаңырақта Бекет Атаның қара босағасы көненің көзіндей, тарихтың өзіндей болып сақталып келеді.

Күздің соңғы күндерінің бірінде Пірдің

ұрпақтары осы шаңырақта бас қосып, ұлы аталарына тағзым етіп, құран бағыштайды. Мен осындай дәстүрлі басқосудың бірінде Бекет Атаның ұрпағы Сейсен Бақытжанұлы Қуантегімен таныстым. Жақып пен Қуанның есімі бүкіл Мырзашөл өңіріне жақсы белгілі. Әкелі-балалы дәрігерлер әрқашанда басы ауырып, балтыры сыздағандардың жанынан табылып, ел құрметіне бөленген абзал, ақ халатты жандар болған. Сейсен атақты дәрігер, Қуанның туған немересі. Ол 1975 жылдары Жамбыл қаласындағы су шаруашылығы институтын бітіріп, көп жылдар бойы Мақтарал ауданында жемісті еңбек етіп, мақта шаруашылығының өркендеп, дамуына өзінің лайықты үлесін қоса білді.

Бүгінде Сәкең «Мырзакент» корпорациясының Шардара бөлімшесінің бастығы болып еңбек етіп жүр. Іскер басшы, саналы азамат, зиялы жан ретінде Сейсенді ел құрметтейді. Жүзінен әрқашанда имандылықтың нұры төгіліп тұратын ибалы жан оңтүстік өңірінде Бекет Атаның өмірін, көріпкелдік қасиетін, әулиелігін зерттеуде, біліп-тануда тындырымды жұмыстар атқарып жүрген азамат. Сейсеннің демеушілік жасауымен Бекет Ата туралы кітап жарық көрді. Ол сондай-ақ ел бірлігін, ағайындар арасындағы татулықты арттыруға ұйтқы болып, көптеген игі шараларды жүзеге асыруда.

— Адай ағайындар Қазақстанның оңтүстік өңіріне отызыншы жылдары қиын-қыстау кезеңде Маңғыстау облысынан көшіп келіпті. Сол кезде кеңпейіл, бауырмалдық танытқан жергілікті ағайындарға әкелеріміз бен аналарымыз осы күнге дейін шексіз алғысын айтып отырады. Бір кездерде Мақтарал, Шардара аудандарында небәрі 700 адай болса, бүгінде солардың саны 20 мыңнан асып

жығылады. Біз осында тудық, осында ержетіп, өмірден өз орнымызды таптық, үйлі-баранды болдық, – дейді Сейсен Қуантегі өз әңгімесінде.

Бекет Атаның үшінші баласы Тоғайдың ұрпағы Мінкән Оразовпен де Көбен ақсақалдың шаңырағында таныстық. Өмірден түйгені мен көргені көп жан Кеңестер Одағы дүркіреп тұрғанда Ашхабад қаласында ауылшаруашылығы мамандарын даярлайтын жоғарғы оқу орнын бітіріп, шаруашылық басшысы, аудандық ауылшаруашылығы басқармасының бас агрономы қызметтерін атқарады. Кейінірек Қызылорда облысының бір шаруашылығында бас агроном болып жемісті еңбек етіп, ерен ісі, ізденісі үшін «Қазақ ССР-нің еңбек сіңірген агрономы» атағына ие болады. Бүгінде қазақтың Мичурині атанған Мәкең Шардара ауданындағы Ұзын Ата ауылында тұрады. Ол құрметті еңбек демалысына шыққанға дейін шаруашылықта бас агроном болып жемісті еңбек етіп, елдің, жердің гүлденуіне лайықты үлесін қоса білді.

– Менің әкем Бейнеудегі атакты Адай көтерілісіне қатысып, көптеген адай ағайындар сияқты көп қуғын-сүргін көріпті. Ата-бабаларымыздың бір тобы Түркімен асып кетсе, енді бір тобы Өзбекстанға, Қазақстанның Оңтүстік өңіріне қоныс аударыпты.

Жақында Маңғыстауға арнайы барып, Адай көтерілісі кезінде құрбан болған боздақтарға құран бағыштадым. Бейнеудегі Бекет Ата салған мешітте болып, Атаның аруағына сыйындым. Жолдың алыстығына қарамастан, Оғландыдағы Атаның басына барып тағзым еттім, – дейді Мінкән ақсақал.

Биылғы жылы Қуан мен Мәкенді Шардарада жолықтырдым. Олар менімен қатар отырып, «Бекет

Ата жолымен» деректі фильмінің толық нұсқасын көріп, рахметін жаудырып жатты.

— Бекет Ата туралы кітапқа небір жақсылар мен жайсандардың арасында менін де суретімді кіргізіпсін. Сол кітапты кішкентай немерем көріп: «Менің атам Бекет Атаның кітабына шығыпты» деп менен де қатты қуанды. Мені сыйласаң, сені Құдай сыйласын, Бекет Атаң қолдап жүрсін! Шын пейілмен айтылған ақ тілек менің жанымды жадыратып жіберді.

— Рахмет, — дейді Сейсен де қолымды қысып: — Жарайсың, бауырым. Атаңа бір кісідей-ақ қызмет етіп жүрсін.

«Жақсы сөз — жарым ырыс» деп қазақ атам бекер айтпаған ғой. Кәдімгідей қанаттанып қалдым.

Түс қайта Сейсен, Мінкән ақсақал үшеуіміз аудан орталығы Шардара қаласына онша қашық емес, Ұзын Ата ауылына тартып кеттік. Агроном Мінкәннің өзі өсірген алмасынан, қауынынан дәм татпақшымыз.

## АМАН ТӨЛЕЕВ ТУРАЛЫ СӨЗ

Көптеген қазақтар сияқты Аманкелді Төлеев туралы 1991 жылы тұңғыш рет естідім. Мәскеудегі теледидарлардың бірінде Ресей президенттігіне кандидат болған қандасымыздың өмірбаяны жарияланып, жазық мандайлы, толқынды кара шашты жігіттің бейнесі жарқ ете қалғанда бәріміздің жүрегімізді мақтаныш сезімі билеп, Аманкелдінің тілеуін тіледік. Алғашқы сайлауда халық Төлеевке 6 миллион дауыс беріп, абыройы асқақтай түсті. Дүркіреп өткен сол бір президенттік сайлаудан кейін сібірлік туысканымызды еңбектеген баладан, еңкейген шалға

дейін танып, көзайымға айналды десек, артық айтқандық болмас.

1992 жылдың қоңыр күзі әлі есімде. Күздің жазға бергісіз жайма-шуақ күні Алматыда Дүниежүзі қазақтарының құрылтайы өтетін болды. Ол кезде мен Алматы теледидарында Бас редактор болып қызмет атқаратынмын. Маған осы маңызды жиын туралы арнайы хабар жасау жөнінде тапсырма беріліп, кинооператор Талғат Жанбота екеуміз Республика сарайына бет алдық. Біз асыға-аптыға құрал-жабдықтарымызды арқалап, үш жарым мың адам сыйып кететін үлкен залға кіргенімізде, салтанатты жиналыстың басталуына аз уақыт қалған екен.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев бастаған өңшең ығайлар мен сығайлар Төралқадан орын алыпты. Дүниежүзінің қазақтары жиналған осы Құрылтайда жиналған қауымға көңілсіздеу әсер қалдырған бір жай болды. Үлкен бас қосуға Қазақстан Компартиясын ширек ғасырға жуық басқарып, еліміздің гүлденуіне шексіз үлес қосқан ұлтымыздың тұлғалы перзенті Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев та шақырылыпты. Бір өкініштісі, Димекене Төралқадан орын тимей, төртінші қатарда елеусіздеу отырды. Әрине, халық оны хан көтеріп, сый-құрмет көрсетіп, ақжарқын амандасып жатты. Ал, бір кездерде Қонаевтың қолына су құюға жарамайтын үлкенді-кішілі шенеуніктер бір кесірі тиіп жүрмесін дегендей, қашқақтап жүрді. Мен осының бәрін сырттай қарап тұрып, жүрегім сыздап ауырды. Кенет жанымда тұрған үш-төрт журналист: «Аман Төлеев келе жатыр!» – деп шу ете түсті. Жалт қарасам, бүкіл Ресейді аузына қаратқан тұлғалы азамат халықты қақ жарып, жүзінен нұр төгіліп, Димекене сәлем беру үшін жақындап келеді екен.



Қонаев та Төлеевке ерекше әкелік мейіріммен қарап қалған... Жүрек тебіренер осы бір сәт көз алдымда мәңгі қалып қойыпты. Төңіректегі халық Аманның үлкен көрегендігіне риза болып, көңілдері бір маркайып қалды...

Кемерово облысының губернаторы кейінірек берген бір сұхбатында: «Қонаевқа сәлем беру – менің парызым еді. Бұл жөнінде жанымдағы сенімді көмекшіме айтып едім: «Аман Гумерович, Восток, дело тонкое, я вам не советую», – деп ақыл айтпақ болды. Ал, дүние жүзі қазақтарының Құрылтайында осындай тұлғалы азаматты елемегені, сөз бермегені менің жанымға қатты батты. Құрылтайдан соң Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевты арнайы іздеп барып, сәлем бердім. Дімекен мені өте жылы қабылдады. «Мен сені қатты күттім, Аман! Сенің әр қадамыңды қадағалап, әрбір сөзіңді көңіліме тоқып жүрмін», – деп бауырына қысып, ескерткішке суретке түстік. Үлкен тұлғалы аға өз қолымен иығыма шапан жапты. Бұл жүрек тебіренер кездесуді өмір бойы ұмытпаймын, – деп тебірене сөйледі.

2003 жылы Алматыдағы «Үш қиян» баспасынан журналист Жұмабек Мұқановтың «Губернатор Аман Төлеев» деп аталатын көлемді кітабы жарық көрді. Айтулы деректі туындыда бүкіл ресейліктер таныған кандасымыздың өмірі, сан қилы тағдыры, қол жеткен табыстары мен шыққан белестері, үлкен азаматтығы туралы көптеген құнды деректер табуға болады. Аман текті жерден шыққан азамат, нағыз асылдың сынығы, тұлпардың тұяғы болып келеді. Аманкелдінің әкесі Молдағазы Төлеуұлы өткен ғасырдың 30-жылдарында Саратовтағы заң оқу орнын бітірген көзі ашық азаматтардың бірі болатын. Атақты Адай көтерілісінен

кейін көп адай ағайындар сияқты Түркіменстанға асып, бас сауғалауға мәжбүр болды. Қабілетті жас заңгер өзінің қара қылды қас жаратын әділдігімен отыз жасында Красноводск өлкелік сотының төрағасы, Түркіменстан Республикасы әскери трибунасының мүшесі сияқты лауазымды қызмет атқарады. Анасы Мүнира Файызқызы да текті жердің қызы еді. Көре алмаушылық, аяқтан шалушылық қай жерде болмасын кездеседі емес пе? Қолдан істеген жамандық айрандай ұйып отырған Молдағазының жанұясына да кесірін тигізіп, ел таныған азамат сүйікті жарынан, төрт жасар Аман атты ұлынан көз жазып қалып, өмір бойы іздеумен өтеді, бірақ, қатал тағдыр оларды кездестірмеді.

— Жадымда әкем айтқан үш сөз қалыпты: «Қазақ. Адай. Бекет» деген. Қырық жыл бойы өзім мазмұн-мағыналарын түсінбегенмен, санамнан өшпей жүрген бұл сөздердің түп-төркініне кейін қаныққан едім. Ол сөздер менің ұлтымның, шыққан тегім, ру, тайпамның кім екендігін және ата-баба ұранын әйгілейтін терең тамырлы, асқақ рухқа толы сөздер екен, — деп тебірене жазды қазақтан шыққан тұңғыш губернатор өзінің бір естелігінде.

Алыста жүрсе де Аман Төлеев Атырауда өткен Бейбарыс бабасының 775 жылдығына, Маңғыстауда өткен Бекет Атаның 250 жылдығына жеделхаттар жолдауды ұмытқан жоқ.

— Ұлтын, шыққан тегін, ұлағатты ұранын ұмытпаған, жадына сақтаған нағыз азамат — Аманкелді екен! — деп бір шал көзіне жас алды сонда. «Бетінің қаралығын, қадыр-қасиетінің даралығын, аты-жөнінің бөлектігін, ақыл-ойының зеректігін бетіне басып, көзіне шұқыттырып балалық шағы өтті. Арыстандай

айбатын, жолбарыстай қайратын, таудай талабын көре алмайтындар көп болды. Жат жұрттағы ғұмыры қаршадайынан текетірес, тайталастармен ғана жадында сақталып қалған. Жалғыздық жабырқатқан, жетімдік көкірегін тескен күндер көңілінде сайрап жатыр. Мәрттігі басым келді. Ақылы асыл болды. Бабаларының аруағы қолдады. Бәрін де жеңіп келеді.

Намыс үшін, абырой мен ақиқат үшін жиі-жиі болып тұратын қақтығыстардан, әманда үйіне қан жоса болып келуді әдетке айналдырған кішкентай Аманға өгей әкесі, қарт майдангер Иннокентий Власов бірде шынымен жаны ашып:

— «Аман» емес, «Роман» бола сал! «Төлеев» емес «Власов» бол. Сонда саған ешкім тимейді. Тыныш боласың, — депті. Барынша үгіттеп, түсіндіріп бағыпты.

— Жок, жоқ! — деді кара бала. Кара шаштары тікірейіп, кара көздері ұшқын шашып кетті. «Роман да, Власов та болмаймын», «Аман» болып қаламын. «Төлеев» болып кетемін!

Ол осылайша Аман Төлеев болып қалды. Дегеніне жетті, Власов болып кеткенде жер бетінен бір қайраткер қазақ жоғалар еді. Молдағазы марқұмның ошағының оты сөніп қалар еді. Әруақтар қолдаған ғой, Ата-бабалардың қаны жібермеген ғой. Шығарды ғой ақыры жарқыратып. Қырықтың қырқасына жеткенше ел-жұртының, ата-қонысының, туған-туысқандарының қайда, кімдер екенін білмей өсті. Арманда өсті. Жападан-жалғыз мұң кешіп, ой жастанып өсті». Белгілі журналист Жұмабек Мұқановтың туындысындағы:

«Қазақтан шыққан тұңғыш губернатор. Анау-мынау емес, Ресей экономикасының күре тамыры саналатын аймақта. Қара алтынның қойнауы, үш

миллионнан астам халқы бар облыста. Талай құқайды көрді. Бәрінен де намысқа тиетіні жаман екен.

– Сен, қазақ, неге еліңе кетпейсің? – деп көкірегінен талай мәрте итеріп еді-ау кәпірлер.

Жан керек болса қаранды батыр, – деп қокан-лоққы көрсетіп, қақ жүректен дәлдеп екі мәрте ок атты. Екі рет автокөлік апатын ұйымдастырды.

Кемер қаласындағы кәдімгі карапайым халық тұратын көп қабатты үйдегі шағын пәтерінде болып, атқан оқтардың қос бірдей орны қалған бармақтың басындай тесіктерді сипалап көрдім.

– Әулие Бекет Атамыз сақтап қалды, – деп еді сонда Аман ағам. – Есіктен қоңырау соғылғанда әдеттегідей тура бармай, қапталдай барып, оң қолыммен ашыппын ілмешекті. Олар мені тік келеді деп жүрек тұсымды көздеген екен.

Көкірек тұсымнан екі ок зуылдап өте шықты. Үлкен құдіретті бір күш сақтап қалғанын кейін ұқтым. Ешқашан қапталдап барып есік ашып көрмеген едім. Бұл жолы мені құтқару үшін осылай жасаған, мен Бекет Атама сендім. Әрдайым сиынып жүремін. Бір арманым Маңғыстауға барып ата басына түнеу еді. Міндетті түрде барамын. Барамын әлбетте. Бабамыз мені қуаттап жүреді ылғи» – деген жолдарды тебіренбей оқу мүмкін емес.

Соңғы жылдары қазақтардың оған деген көзқарастары да өзгере бастады. Әуелі «Орыстың камалын бұзған арысым» деп құшағын жайса, соңғы кезде жиналып, жабылып «орысшыл» деп кінәлай бастады. «Қарғайын десем жалғызым» деп бір қазақ сенатор мақала жазып даурықты. Елге жақындаса түс-түстан ит қосып айтақтайтындай ахуал қалыптаса бастады қазір.

Аман айтады:

— Маған иісі адамзат баласы жат емес. Рас, Ресей мемлекетінің қайраткері ретінде мені дүние жүзіндегі орыстардың тағдыры аландатады. Ресейде мен аз халықтардың тілі мен дәстүрі, мәдениеті мен ғұрыптары үшін қалқан болып жүремін. Біздің Кемерде шор, төлеуіт деген түркі тілдес тайпалар бар. Оларға бауыр құшағым қашанда әзір тұрады.

Оны айт та, мұны айт, бізге, қазаққа, ұлтына Аман Төлеевтей тұлғалы азамат керек еді. Бірақ, алтынды дер кезінде бағалай алмайтын халықпыз ғой. Осыдан тоғыз жыл бұрын республикалық «Айғақ» газеті бұл туралы:

«Ресей Федерациясы Президенті сайлауының қортындысында белгілі болғандай, Аман Төлеев 12 үміткер арасында төртінші орынды иеленді. Мұның өзі Ресейдің азулы саясаткерлерінің алдыңғы қатарынан орын алған Кемерово губернаторының саяси беделі жоғары екенін айқын көрсетеді. «Жалғыз ұлы бәйгеге шапса, шешесі үйінде отырып тақым қысады» дегендей, Ресейдегі саясаткер қандасымыз президенттіктен үміткер атанғанда, Қазақстан халқы оның тілеуін тілеп, сайлау нәтижесін асыға күткені рас. Осы орайда өзге елде жүрсе де, өзіндік саяси қабілетімен Ресейді мойындата білген Аман Төлеев сынды саясаткерлерді біздің елге де тартар ма еді, деген ойдың қылаң беретіні жасырын емес.

Айталық, Прибалтикада шет елде жоғары қызметте жүрген азаматтарын ел басқаруға шақырып, лауазымды қызметтер ұсынуда. Өйткені, экономикасы дамыған елдерде басшылық қызмет атқарған азаматтарына сенім арту арқылы өз елінің дамитынына олар күмәнданбайды. Мұны аз десеніз, АҚШ-тың

мемлекеттік хатшысы Мадлен Олбрайттың Отанына оралып, 2003 жылы қаңтарда өтетін Чехия президенттігіне түсуге ниет еткендігін алып қараңыз.

Мұнда да Чехияның қазіргі президенті Вацлав Габель өз орнын Олбрайтқа лайық көретіндігінен де көп нәрсені аңғаруға болады. Осы тұрғыдан алып қарағанда, Ресейдің ең ірі облыстарының бірін басқарып отырған Аман Төлеевті неге өзімізге тартпасқа? Біз де көрші елдегі саясаткерімізді Үкімет басқаруға шақырсақ, Қазақстанның дамуына септігін тигізер еді.

Бүгінде жемқорлықпен айналысқан шенеуніктер үлкен лауазым иелері атанып, кейбіреулері басқарушы орындарда отыр. Сондықтан, бізге қазір ең алдымен қалтасын толтырып, кара басының камын күйттегендер емес, халыққа қызмет етіп, өзін сыйлата білетін сарабдал саясаткер керек», – деп батыл жазды.

Бүгінде Аман Төлеев пайғамбар жасынан асты. Әлі де аттан түскен жоқ, қазақтан шыққан тұңғыш губернатор үш миллионнан астам халқы бар Кемерово облысын дүркіретіп басқарып тұр. Ол көп жылдан бері Сібірдегі осы өнеркәсіпті өнірді бірлікке, ынтымаққа бастап, байлық пен дәулетке кенелтіп келеді. Орыстар Аманды сүйеді, сыйлайды, Аман қайда жүрсе де қазақ халқы да оны хан көтеріп, қастерлеп, құрметтейді.

Ол Бекет Атасы қолдаған арыс ұлдардың бірі. Иә, біз Төлеевпен мақтанамыз.

*2009 жыл.*

## ТЕКТИ АҒА

Жаздырхан Сейдалиев ағамен Ақтауға барған сапарымда таныстым. Қозы мен Баяндай ғұмыр

көшкен, Қазақстанның бүкіл батыс өңірінде махаббат дастанына айналған, бір-бірін сүйе тұрып, қосыла алмай кеткен сегіз қырлы, бір сырлы сері Қайып пен тән сұлулығына жан сұлулығы жарасқан атақты Ақбөбек ару туралы деректі фильм түсірмек болып, деректер алу мақсатымен алыстағы Маңғыстауға барғанмын. Облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы, тарих ғылымдарының докторы, академик, өнер мен әдебиеттің үлкен жанашыры Өмірзақ Озғанбаев Қайыптың аталас туысы болып келетін Жаздырханның Ақтау қаласында тұратындығын айтты. Әйтеке би бабамыз туралы кітап жазып жүрген жазушы-журналист Жұмабек Мұқанов екеуміз Жазекенмен телефон арқылы хабарласып, кездесетін болып келістік.

Ақтау қаласының мөлтек аудандарының бірінде тұратын ел ағасы бізді жылы шыраймен қарсы алды. Жасы жетпістен асқан, ер тұлғалы, жылы жүзді жан екен. Бірінші рет кездесіп тұрсақ та, бізді жатырқамай, жылы қабақпен, ашық-жарқын қарсы алды. Шай үстінде Жазекен Маңғыстаудың кешегісі мен бүгінгісі, ата-бабалары, өзі туралы әңгіме қозғады.

— Біздің ата-бабамыздың мекені осы күнгі Бейнеу ауданы, Ақтөбе облысының Байғанин ауданының жерлері екен. Сам, Қаратүлей маңы қыс қыстауы болып, жаз шыға жоғары өрлейтін көрінеді. Адайдың Тобышынан тарайтын Бегей руынан боламыз. Халық аузында айтылып жүрген аңыздарға сүйенсек, Ер Бегейдің есімі қазақ жерін қалмақ, жоңғор шапқыншылығынан қорғаған қара кесек Қабанбай, қанжығалы Бөгенбай, Есет батырлардың есімімен қатар аталады.

Қазақ жерінің тұтастығы үшін арпалысып өткен

батырдың сүйегі ұлан даланың шығыс шептерінің бірінде жатса керек.

Сегіз қырлы өнерімен көпті сүйсінткен Қайып та Бегей руынан тарайды. Менің әкем серімен тұздас-дәмдес, тату туысқан болыпты. Ақбөбекті алғаш рет алып қашып келгенде біздің атамыздың үйіне түсірген екен, — деді Жаздырхан аға шешіле сөйлеп.

Сонау алыстап кеткен, шаш ал десе, бас алатын 1931 жылдың басында жаңа өкіметтің қысымынан қашқан Сейдалы ақсақалдың әулеті үдіре көшіп, көршілес жатқан Түркіменстанның Порсы деген жерінен бір-ақ шығады. Туған жері жырақта қалып, тағдыр тәлкегіне түсіп, азып-тозып, келген адамдардың өзге ұлт арасына сіңісіп кетуі де онай емес. Дегенмен, әкесінің еті тірілігінің арқасында жергілікті түркімендермен тез тіл табысып кетеді.

Түбі бір, тегі бір түркімен жерінде дүниеге келген Жаздырхан өзінің үлкен бақытын осында тапты.

Абайдың «Сүйер ұлын болса сен сүй, сүйсінерге жарар ол» дегендей, түркімен халқы да Жәкенді туған перзентінен кем сүйіп, кем ардақтаған жоқ. Жасөспірім бала соғыстың сол бір қилы кезеңдерінде қабырғасы қатып, бұғанасы бекімесе де ересек азаматтармен қатар еңбек етті. Он екі жасар қаршадай баланың бұл еңбегі «1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысы кезіндегі ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталды. Түркімен жерінде ауыл шаруашылық институтын бітірген соң шаруашылықтың әр салаларында еңбек етті. «Кісі елінде сұлтан болғанша, өз елінде ұлтан бол» дегенмен де, отызыншы жылдары шарасыздан «ұлтандықты» қалаған екі жарым миллиондай қандастарымыздың қайғылы жайы тарихтан белгілі. Жәкеңнің ата-анасына осы



«ұлтандықты» да кимаған тағдыр, олардын ұлын бөтен елге «сұлтан» қылды. Қазақта мұндай «сұлтандар» көп те емес шығар. Бағзы Мысырды билеген атағы айдай мәшһүр Бейбарыс атты батыр бабамыз болғаны тарихтан мәлім. Енді осы заманға келсек, іргедегі Ресейдің Елбасылығынан үміткер болған әйгілі Аманкелді Төлеев, міне, осы қатарға біз Жаздырхан Сейдалыұлын да қосып мақтануымызға әбден болады.

Кезінде түркімен елінің Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің төрінде қызмет етпек түгілі есігінен қараудың өзі, ол күнде екінің бірінің қолынан келмегенін мойындайық. Онда Жәкең облыстық деңгейде, Түркімен КСР-нің Коммунистік Партиясының Орталық Комитетінде басшылық жұмыстарда қызметтер істеді. Сол кездегі Түркімен Республикасының ең жоғарғы наградасы Түркімен КСР Жоғарғы кеңесі төралқасының Құрмет грамотасымен марапатталды.

Құдай сәтін салып, 1973 жылы атамекенге оралудың сәті келді, осы тұстағы құрылып жатқан Маңғыстау облысына, облыстық деңгейдегі басшылардың бірі болып келді: облыстық су шаруашылығы басқармасын басқарып, құрметті еңбек демалысына шыққанша үлкен абыроймен еңбек етті.

Жәкең халық қадірлеген Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевпен бірнеше мәрте кездесіп, өлкенің сан қырлы шешілмеген мәселелерін қозғады. Маңғыстау мұнай өндеу зауытының құрылысына белсене араласты. Қазақстан халықтары Ассамблеясының мүшесі, облыстағы кіші ассамблеяның ұйымдастырушыларының бірі.

Барлық саналы ғұмырын адам игілігіне, халқына арнаған Жәкеннің өмірбаянына көз жіберсек,

Қазақстандағы алғашқы демократиялық қозғалыстың басынан көреміз. Марқұм Сайын Шапағатов мұрындық болған, тек облыста ғана емес Қазақстан көлемінде тұңғыш құрылған «Парасат» қозғалысы елімізге кеңінен әйгілі болды. Жәкен осы үлкен істің басы-қасында болып, ауыртпалығын бөлісіп көтерісті. Қозғалыс төрағасының орынбасары ретінде облыстағы қоғамдық-саяси ахуалдарға өз ықпалын тигізіп отырды. Әсіресе, елдігімізге сын болған 1989 жылғы Жанаөзен оқиғалары кезінде, Жәкен жастар арасында келісімге келу, орынсыз қызбалыққа ұрынбау және тағы басқа да жат қылықтардан сақтандырып, манызды қоғамдық-саяси мәселелерді шешуде шеберліктің үлгісін керсете білді.

— Жақында есімі алты алашқа белгілі азамат, Ресейдегі Кемерово облысының губернаторы Аман Төлеев жайлы жазылған кітаптан қызықты деректер оқыдым. Төрт жасында анасымен бірге қалың орыстың арасына кеткен баланың санасында «Қазақ, Адай және Бекет Ата» деген сөздер мәңгілік қалып қойыпты. Мен де Түркіменстан жерінде туып, сол елде ер жетіп, өмірден өз орнымды тапсам да, қазақ екенімді, оның ішінде адай руынан шыққанымды бір сәтке естен шығарған емеспін. Бала кезімізден Бекет Атаның әулиелігі мен көріпкелдігін, батырлығын, парасаттылығын естіп өстік.

Түркіменстан Компартиясы Орталық Комитетінде қызметте жүргенімде Мары облысы, Байрамалы қаласында тұратын Бекет Атаның екінші баласы Байтелінің ұрпағы Бердіхан Аяпбергенұлының қасиетті шаңырағына бас сұғып, қолыма Бекет Атаның аса таяғын ұстадым. Қазақстанға, ата-бабамның мекені Маңғыстауға қайтып оралғанда, бірінші болып

«Қызыл төбе» ауылында тұратын Бекет Атаның тұңғыш ұлы Жайлаудан тарайтын Құлтөре ақсақалға сәлем бердім. Аман Төлеевті Бекет Атаның аруағы қалай қолдап-қорғап жүрсе, бізді де Бекет Ата дәл солай желеп-жебеп жүрді.

Өмірдің небір белестерінен асқан зиялы жан Қайып пен Ақбөбек туралы талай-талай тың деректер айтып, құнды құжаттарды көрсетті. Әсіресе, Мәскеудегі Ресей Мемлекеттік әскери-тарихи мұрағаттан табылған құжаттың көшірмесі біздің назарымызды өзіне ерекше аударды.

1890 жылдың 15 қаңтарында болып өткен Маңғышлақ уездік соты Қайып Қорабаев пен Райымберді Айнажановтың қызы Ақбөбектің азаматтық ісін шариғат жолымен қарап, қос ғашықты айырып, Ақбөбекті бұрынғы атастырған жігітіне қосу туралы үкім шығарады. Қанша уақыт өтсе де, халық жадында сақталып келе жатқан Қайып пен Ақбөбектің мөлдір махаббаты, бір-біріне деген аяулы сезімі ұрпақтан-ұрпаққа жыр болып, ән болып айтылып келеді. Қос мұнлық қосыла алмай, бірі Тәжікстанда, енді бірі Иран жерінде арманда көз жұмды.

Сері Қайыптың «Ақбөбек» әнін білмейтін қазақ жоқ. Қазақ әндерінің алтын қорына енген бұл ән — махаббат атты киелі сезімнің мұны мен зары болып осы күнге дейін шырқалып келеді. Қазақтың талантты ақын қызы Фариза Оңғарсынова бүкіл елді елең еткізетін «Ақбөбек» атты поэма жазды. Ақын-драматург Сайын Назарбектің «Ақбөбек» атты спектаклі де көптеген театрларда үлкен табыспен өтуде. Ал, скульптор К.Байғазиев Ақбөбектің ескерткішін салды.

Белгілі сазгер, қаламгер Илья Жақанов қос

ғашық туралы жұрт елең ететін бірнеше телехабарлар жасады.

— Қазақ халқы Баян, Енлік, Қызжібек сияқты аруларын өмір бойы қастерлеп, үлгі-өнеге етіп келеді. Ақбөбек те қазақтың аяулы сұлуларының бірі. Меніңше, Қайып пен Ақбөбектің өмірі мен махаббатын, олардың қасіретін көркемсуретті фильм етіп жасауға әбден болар еді. Бірақ, кино өнерінің өкілдері бұл тақырыпқа бара алмай жүр. Даланың нағыз Ромео мен Джулеттасы Қайып пен Ақбөбек қой, — дейді Жаздырхан аға күрсініп.

Жаздырхан ағаның сөзінен соң біз де ойланып қалдық. Иә, «Алтынның қолда барда қадірі жоқ», — деген осы болар. Көп жағдайда тисе — терекке, тимесе — бұтаққа деп шатып-бұтып, қай-қайдағы, жай-жайдағыны киноға түсіріп жатамыз. Небір асыл мен маржанымызға көз жұмып, елей бермейміз, бағалай білмейміз.

...Екі-үш сағаттың ішінде өмірден көргені мен түйгені мол, халқының бүгіні мен ертеңін, тарихы мен өнерін әріден ойлайтын, жүрек жылуы мол осы бір парасатты жанға кәдімгідей бауыр басып қалыппыз. Тұла бойы тектілікке, ізгілік пен жақсылыққа толы Жазекенмен қимастық сезіммен қоштастым.

Бір қуаныштысы — Маңғыстау түбегінен тағы бір жақсы аға тауып қайттым.

## СӨЗ СОҢЫ

Бекет он екі, он үш жастар шамасында кәрі нағашысы Тама Есет батырдың ауылына бата алуға барады. Бұл кез атакты батырдың қартайып, жасы тоқсан бестен асып бара жатқан шағы болса керек. Бір жұмадай қонақ болып, кәрі нағашысының әңгімесін тындап, үлгі-өнеге алған балаң жігіт Есет батырдан ауылына қайтуға рұқсат сұрайды.

Сонда батыр балаларының бірін шақырып алып:

— Бекет жиен жүргелі отыр. Ат қорада тұрған жорға биені құлынымен қосып беріп, мінгізіп жіберіндер, — депті.

— Мен мал алмаймын, — дейді Бекет.

— Е-е, бата аламын деп келген екенсің ғой, жиенжан! Ендеше, қолыңды жай, — деп Есет батыр былай деп бата берген екен:

**Үстіңнен дүбір кетпесін,**

**Құлағыңнан сыбыр кетпесін!**

**Ақ-қараны айыратын боларсың,**

**Жауды кері қайыратын боларсың!**

**Атыңның өзі айтып тұр, дүр боларсың,**

**Еліңе шуақ шашар нұр боларсың,**

**Үш жүзге атың шығар Пір боларсың!**

Есет батыр батасын төгілтіп беріп тұрып «Әттен, екі арада қыр бар-ау» депті. Көне көзді қариялардың айтуы бойынша, Есет ержүрек батыр болумен бірге, болашақты әріден ойлайтын үлкен әулие болыпты. Бекет Атаға бала кезінде берген батасы қабыл болып, есейе келе әруақ қонып, қасиет иесіне айналды,

зайырлы болып, Пір Бекет атанды. Өкінішке орай, кезінде Есет әулие болжап айтқандай «әттең» әлі де әттең күйінде қалуда. Рас, ол кезде әттеген-ай болу себебі кіші жүз жайлаған Маңғыстау түбегі Ұлы жүз бен Орта жүзге қарайтын ағайындардан тым жырақта, алыста болатын, жол қатынасы да қиын еді.

Жарықтық, әулие мүмкін соны еске алған болар. Ал, қазір ше? Әуеде де, жерде де жол сайрап жатыр. Техника да, байланыс та көз ілеспес жылдамдықпен дамыған. Былай қарасан, ешқандай да кедергі жоқ. Сөйте тұра, басқа елдер тұрмақ, өзіміздің қазақ жұртына Бекет Атаны өз деңгейінде таныта алмай келеміз. Басқа халықтар болса Бекет Атаны бүкіл мұсылман еліне, жалпы түркі халқына әлдеқашан биік дәрежеде дәріптер еді.

Мені қаламгер, режиссер ретінде осы жай қинайды. Осы олқылықтарды орнына келтірсем деп шама-шарқымша тырбанып, еңбек етіп жүрген жайым бар. Үш жыл бойы Атырау мен Маңғыстауды аралап жүріп, өткен жылы Пір туралы «Бекет Ата жолымен» атты тарихи-танымдылық деректі фильм түсірдім. Бұл деректі телетуындыны зиялы қауым мен көпшілік жылы қабылдады. 2004 жылы сондай-ақ «Бекет Ата жолымен» деген кітап жазып, жарыққа шығардым.

Биыл сол кітапты толықтырып, қайтадан қалың оқырманға ұсынып отырмын.

Алдағы уақытта жоғарыда аталып өткен дүниелерді орыс, ағылшын және түрік тіліне аудартам деп қам-қарекет жасап жүрмін.

Бекет Атаға қаншалықты тағзым жасасақ та артық етпейді. Пір Бекет осындай құрметке лайық тұлға! Бәрімізді де Бекет Ата қолдап-қорғап, желеп-жебеп жүрсін!

*Автор*

## **МАЗМҰНЫ**

|   |     |
|---|-----|
| <b>ӘУЛИЕЛЕР АЯЛАҒАН ЕЛ</b><br>Бірінші бөлім.....                          | 3   |
| <b>АҢЫЗ ЖЕЛІСІМЕН</b><br><b>ЖАЗЫЛҒАН ЖЕТІ ӘҢГІМЕ</b><br>Екінші бөлім..... | 35  |
| <b>ӘҢГІМЕ АРҚАУЫ –</b><br><b>БЕКЕТ АТА</b><br>Үшінші бөлім .....          | 64  |
| <b>СӨЗ СОҢЫ</b> .....   | 157 |

**Доқтырхан ТҰРЛЫБЕК**

**БЕКЕТ АТА ЖОЛЫМЕН**

**“НҰРЛЫ ӘЛЕМ” баспасы**  
**Президенті – Жарылқасын ДӘУЛЕТ**

*Редакторы – Қасым Әзімхан*

*Корректоры – Зәуре Мұқашева*

*Компьютерде беттеген – Р.Өскенқызы*

*Дизайнер – Дәурен Дәрібаев*

*Кітаптың ішкі мазмұнына баспа жауап бермейді.*

Теруге 15.07.2010 ж. жіберілді. Басуға 18.08.2010 ж. кол койылды. Қалпы 70x108 <sup>1</sup>/<sub>32</sub>. Қағазы №1 офсетке арналған. Қаріп түрі “KazTimes”. Офсеттік басылыс. Баспа табағы 11,5. Таралымы 700 дана.

Тапсырыс №32

*“Нұрлы Әлем” баспасының өз баспаханасында басылды.  
481333, Алматы облысы, Қарасай ауданы,  
Алматыбақ ауылы, Ерлеспесов көшесі 1 үй..*

**“НҰРЛЫ ӘЛЕМ” баспасының телефоны:**  
**Алматы 8 - (727) 276 30 10**





Доктырхан ТҮРЛЫБЕК

# БЕКЕТ АТА ЖОЛЫМЕН

